

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»
атты бесінші халықаралық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ІЛІМІ» атты бесінші халықаралық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл

Алматы – 2024

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

А13

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Қ. Әбдезұлы, Д. Ысқақұлы,
З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жақып, А. Жақсылықов,
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, Л. Мұсалы

А 13 «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты бесінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова, А. Кенжеқожаева, Е. Елдос. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 216 б.

ISBN 978-601-08-4569-5

Абай Құнанбайұлының туған күніне орай өткен «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты бесінші халықаралық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жинақталды. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары, әдебиеттанушылары, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар қатысты. Редакциялық алқаның ұсынуы бойынша, баяндамалар сараланып, электрондық басылым түрінде арнайы жеке жинақ болып жарық көріп отыр. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-08-4569-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024

КІРІСПЕ СӨЗ

Құрметті конференция қатысушылары, қымбатты зиялы қауым!

Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған күніне орай 2021 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде 10 тамыз – Абай күні болып белгіленді. Биылғы жылы данышпан ақын Абай Құнанбайұлы 179 жасқа толып отыр. Осыған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де рухани-мәдени, ғылыми іс-шаралар өткізілуде. Осындай маңызды шараның бірі – ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырып отырған «Абай Құнанбайұлының шығармашылығы және ілімі» атты халықаралық конференция болып отыр. Конференцияға Қазақстан ЖОО-лары мен ғылыми институттардың белгілі ғалымдары, шетелдік, атап айтқанда Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан т.б. ел ғалымдары, сондай-ақ докторанттар мен магистранттар, жас зерттеушілер қатысып отыр.

Абай Құнанбайұлы – қазақ ұлтының данышпаны ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер ұлы тұлға десек артық емес. Осының дәлелі ретінде 2020 жылы Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өткенін білеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз» деген еді. Осы сөздер әрбір қазақты Абай мұрасына үңіле түсуге міндеттейді. Расында да, Абай сөзі, Абай ілімі болашақ жас ұрпақтың санасына сіңіріп, тәрбие ісінде басшылыққа алатын қағидаға айналуы керек. Сонда ғана біз гуманист Абай армандаған рухани бай, «толық адам» тәрбиелей аламыз. Данышпан тұлғаның аса құнды да өзекті мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ұғындыру бәріміздің ортақ парызымыз болып қала береді.

Міне, сондықтан да, Абай ақынның шығармашылығы мен ілімін зерттеу, оны барынша насихаттай беру бүгінгі күні өзекті болып қала береді. Расында да, ұлы ойшылдың ой-пікірлері ХХІ ғасырда да құнды әрі өзекті болып отыр, оның мән-мазмұны терең шығармалары халықтың рухани азығы болып қала бермек. Бүгінгі рухани жиынның мақсаты да осы болмақ. Бүгінгі жиында айтылған ғылыми-теориялық, әдістемелік мәселелер қазақ абайтануы үшін, әсіресе тыңдаушы болып отырған жас ғалымдар үшін пайдалы болмақ деп білеміз.

Конференция жұмысына сәттілік тілей отырып, болашақта да осындай игі шаралардың жалғасатынына сенімдіміз. Конференция ұйымдастырушысы – университетіміздің жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтына, институт директоры, профессор Жанғара Дәдебайұлына алғыс білдіреміз.

Ж. ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

«Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы биылғы жылы бесінші рет өтіп отыр. Бесінші конференция эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуы, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты іс-шаралар жоспары аясында аса маңызды мәнімен ерекшеленеді.

15 жыл ішінде институт түрлі белестерден, асу-асу белдерден асты. 2009-2011 жылдарда институттың штаттық кестесі болмады, кафедра оқытушыларының тандаулы және санаулы тобы институт алдындағы міндеттерді іс жүзіне асыру мақсатында қоғамдық негізде жұмыс жасады. Институт директоры лауазымын қоғамдық негізде атқарушы профессор өзінің кафедра профессоры лауазымындағы оқу пәндері шегіндегі оқу үдерісі аясында институттың ғылыми-ақпараттық ресурстарын жасауға кафедралардың оқытушыларын, студенттерін, магистранттары мен докторанттарын тартты. Тиісті тәртіпте институт туралы Ереже жасалып, белгіленген тәртіпте бекітілді. Абай институтының вебсайты ашылды. Онда Абайдың шығармалары жанрлық сипаттары бойынша орналастырылды. Оқытушылар, студенттер, магистранттар мен докторанттар оқу бағдарламасы аясындағы оқу, оқу-зерттеу ісі арнасында Абайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың өткен кезеңдерде түрлі басылымдарда жарияланған еңбектерін жинап, топтастыруға қатысты. Институт директоры оларға ризалығын, еңбектерінің игілігін көруіне, мұраттарына жетуіне тілектестігін білдіреді.

Көп ұзамай «Абай институтының хабаршысы» ғылыми-ақпараттық журналы ашылды, журнал 2009 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуден өткізіліп, №10586-Ж куәлігі берілді. Журналдың жұмысы да, вебсайттың жұмысы да қоғамдық негізде жүргізілді. Абай институтының вебсайтының ашылуы, «Абай институтының хабаршысы» журналының ашылуы институт қызметінің үлкен жетістігі болды. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы байырғы еңбектер жиналып, жаңа еңбектер жазылып, институттың вебсайтында, «Абай институтының хабаршысы» журналында жариялана бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар қоғамдық негізде үзіліссіз жалғасты. Студенттер, магистранттар, докторанттар институт директоры көрсеткен бағыт-бағдар бойынша қызығушылықпен белсенді ізденіс жұмыстарын жүргізді, оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін институттың журналы мен вебсайтында тұрақты түрде жариялай бастады.

2009-2012 жылдары Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы



АБАЙ ИНСТИТУТЫ

Қаз | рус | **eng**

Тайда ойлама, ар ойла!

Абай

Басты бет | Сайт туралы | Қызметкерлер | Институт хабаршысы | Цифрлық кітапхана | Электронды көрме | Байланыс

Бөлімдер

- Абай институты туралы
- Абайдың шығармашылығы
- Абай туралы таңдамалы еңбектер
- Абай институтының бейнелеңдіялары
- Зерттеу нәтижелері
- Цифрлық кітапхана
- Фототоптама
- Бейнеархив
- Абай жолы (аудио кітап)
- Жарқын жаңалықтар
- Жақсының жақсылығын айт
- Абай өңірінен бейнелерінс
- Электронды көрме
- Ғылыми жоба АР08855683
- Әдеби сын
- ҚазҰУ 90. Тулғалар тағылымы: портреттер
- ҚазҰУ 90. Абай институтының Е-басылымдары
- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 90. презентациялар
- ҚазҰУ 90 ез түлектерінің жүйегінде

Абай институты туралы

30-Апрель, 2023 | 44 рет оқылды

Еңбек Еңлері

Бөлімі: Абай институты туралы

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

9-Апрель, 2019 | 1220 рет оқылды

Абай ғылыми-зерттеу институты

- Абай институтының үш тілді вебсайты (қазақ, орыс, ағылшын) ашылды
- «Абай институтының хабаршысы» журналы ашылды
- Абайдың шығармалары вебсайтқа орналастырылды, «Хабаршыда» жарияланды:

- өлеңдері
- поэмалары
- қарасөздері
- аудармалары
- даналық сөздері [Толығырақ >](#)

Бөлімі: Абай институты туралы

ҚазҰУ 80. Менің университеті

Aside category not selected.

Электронды конференция

- Аса мәртебелі оқырмандардың назарына
- МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - 2020
- АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ - 2020
- АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ-2018
- Абайды білмек парыз - 2016
- МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - 2015
- АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ - 2015

Маман даярлау ісі

- Бакалавриат
- Магистратура

Институттың «Абай институтының хабаршысы» ғылыми журналында, басқа



6

да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, көпшіліктің игілігіне ұсынылды. Абай институтының ғылыми-ақпараттық ресурстар қоры филология факультетінің оқытушы-профессорларының, жас ғалымдарының, магистрант, студенттерінің, докторанттарының қоғамдық негіздегі ерікті де жігерлі шығармашылық еңбегі нәтижесінде қалыптасты.

2011 жылы университет ректоры Абай институтының базалық айлық жалақы қорын жүз мың (100 000) теңге көлемінде бекітті. Осы жалақы қоры шегінде Абай институтының алғашқы штаттық қызметкерлері пайда болды.

2015 жылы Институт ғылыми жобалар конкурсы бойынша гранттық қаржыландыру көзіне қол жеткізді. «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» ғылыми жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді (қаржыландыру сомасы 21 млн. тг.). 2020 жылы екінші бір гранттық қаржыландыру көзі ашылды. «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану» ғылыми жобасы негізінде іргелі зерттеу жұмыстары орындалды (қаржыландыру сомасы 27 млн. тг.). Институттың вебсайтында, «Абай институтының» хабаршысы журналында жарияланып, жинақталған ақпараттар осы қаржылардың есебінен сериялық басылымдар үлгісінде жариялауға дайындалды. 2015 жылы ғылыми жоба қаржысы есебінен «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының алғашқы томдары жарық көрді.



«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы.

Онда абайтану саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің, ілгеріде жасаған ғалымдардың еңбектерімен қоса Абай институты қызметкерлерінің зерттеулері жарияланды.

Ғылыми жобалар аясында Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы мәселелері бойынша іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар жинағы, монография, оқу құралдары, лекциялар курсы форматында жарияланып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, білім беру ісінде пайдалануға ұсынылды.

2020 жылдың екінші жартысында институттың штаттық кестесі университет қаржысы есебінен 5 бірлік болып бекітілді. Институттың қызметкерлері 2020 жылдың екінші жартысынан бастап ел қатарлы жалақы ала бастады. Филология факультеті институтқа шағын бір жұмыс бөлмесінде жұмыс істеуге рұқсат етті.

2021 жылы ғылыми жоба қаржысы есебінен жариялана бастаған «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының 50-ші томы жарық көрді.



Университеттің басшылығы «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» негізінде университеттің интеллектуалдық е-ресурстар базасын жасауға ерекше мән берді. Соған байланысты осы аталған интеллектуалдық ресурстар базасының құрамдастарын толықтыруға назар аударылды. Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен «Абайтану антологиясы» сериялық басылымы 10 том болып «Қазақ университеті» баспасынан басылып шықты.



Абайтану антологиясы. Он томдық басылымы.



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Абайтану антологиясы.

Абай институты басқа да бірнеше көп томдық сериялық басылымдарды жарыққа шығарды. «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының алғашқы 10 томы, «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымының 23 томы ілгеріде аталған сериялық басылымдарды толықтырған соны жетістік болды.

Институттың сериялық басылымдары ұлттық зерттеу университетінің ғылым мен жоғары білім интеграциясы аясындағы баламасы жоқ бағалы рухани байлыққа, интеллектуалдық құндылыққа айналды.



«Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы



АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

2020-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАСТЫ ЕҢБЕКТЕР

Абай институтының еңбектері. Көп томдық. 1-23 кітаптар. – Алматы: Қазақ университеті, 2019-2023.



«Абай институтының еңбектері» көп томдық сериялық басылымы

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (50 томдық) және «Абайтану антологиясы» (10 томдық) сериялық басылымдары негізінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы» ашылып, университет кітапханасының порталына орналастырылды.

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы
<https://elibrary.kaznu.kz/kk/node/7912>



«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы екі сериялық басылымнан тұрады: а) Абайтану. Таңдамалы еңбектер. 1-50-томдар; ә) Абайтану антологиясы. 1-10-томдар.

Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру нәтижесінде жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының 50 томы, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 10 томы, «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымының 23 томы және олардың негізінде ашылған «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы», Абай институтының вебсайтының бай қоры еларалық әдеби және мәдени байланыстардың нығаюына, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының дамуына, елдің зияткерлік әлеуетінің артуына, халықтың рухани әлемінің баюына, қоғамдық санасының өсуіне қызмет етуде.

Абай институтының ғылыми-зерттеу, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде қол жеткен төрт инновациялық өнімді ерекше атап өту орынды. Олардың біріншісі – «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы», екіншісі – «Абай ілімі» оқу пәні, үшіншісі – «Абайдың Кісілік кодексі», төртіншісі – Абай институты вебсайтындағы қасиетті ұлтық руханият құндылықтарының ұлан-ғайыр қазыналы қоры. Бұл төрт өнім білім алушылардың, тұтынушылардың пайдалануына лайықталған, қол жетімді.

«Абайдың Кісілік кодексі» – жұмыс берушінің қызметтік тапсырысын орындау тәртібі бойынша жасалған қызметтік туынды, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің интеллектуалдық меншік құқығының нысаны, авторлық құқық объектісі.

«Абайдың Кісілік кодексі», «Абай ілімі» оқу пәні елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға, қоғамдық сананың жетілуі мен кемелденуіне, жастар мен жасөспірімдердің кісілік келбетінің қалыптасуына


қызмет етеді. Оларда Абай ілімінің ұлттық және жалпыадамзаттық мәні зор қағидалары топтастырылған. Елдің өсер өркені үшін Абайдың ілімі мен Кісілік кодексiнiң әр бабының ғибраты, танымдық тағылымы, өмiрлiк мәнi бар, адамның адамдығының негiзi де осында. Оны бiлудiң, түсiнудiң және қолданудың мәнi мен мәнiсi зор. Абайдың Кiсiлiк кодексiн, Абайдың iлiмiн бiлмей бай, би, ұры-қары болу ғажап емес, бiрақ Абайдың Кiсiлiк кодексiн, Абайдың iлiмiн бiлмей Кiсi болатын жол жоқ.



2023 жылдың он кітабы

2023 жылы Абай институты ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу басылымы форматында отандық баспалардан шығарған 10 (он) кітап – маңызы, танымдық және тағылымдық мәні жағынан бағалы, құнды еңбектер. Олар Институттың басқа басылымдарымен бірге – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы қарсаңындағы көз тоятын, көңіл толатын көрнекі көрсеткіштер.

Абай ғылыми-зерттеу институты кейінгі бес жыл көлемінде Абай ілімі мәселелері бойынша 20-ға жуық бейнелекцияларын жасап, институттың порталында, YouTube арнасында көпшілікке ұсынды. Оларда Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі мәселелеріне арналған ойлар мен толғаныстар, ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар мазмұн байлығымен, теориялық тереңдігімен, таным байытар тағылымымен ерекшеленеді. Биылғы жылы «Ғылым таппай мақтанба» деп аталатын бейнехабарлар сериясын бастады. Онда Фараби кітапханасы мен Абай институтының қорына түскен жаңа ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы кітаптар насихатталады.



1-хабар <https://youtu.be/Sh3BVfVFOpg>

2-хабар <https://www.youtube.com/watch?v=vbmPCFIldks>


Бейнехабарлар институттың өзінің бейнестудиясында түсіріліп, редакциялаудан өтеді, монтаждалады. Әдеби-редакциялық алқаның мақұлдауымен Абай институтының порталына және YouTube арнасына орналастырылады. Қазіргі шақта онда Абай институтының аталған бейнехабарлар сериясының бастапқы екі бейнехабары орналастырылған. Екі хабар да өзектілігімен, ғылыми-көпшілік үшін қолжетімділігімен, ұғымдылығымен маңызды.

2023 жылы «IMEL» ұйымының негізін салушы, Хора «Gracias» негізін салушы, Пусан қаласындағы EXPO 2030 елшісі, теология, философия, педагогика ғылымдарының құрметті докторы Ок Су Пак әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, әл-Фараби кітапханасында университет ұжымының ғылым мен білім саласындағы жетістіктерінің көрмесін тамашалады.



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректор
Ж.Қ. Түймебаев қонақты көрме жетістіктерімен таныстырды
(2023)**

Доктор Ок Су Пак университеттің ғылым мен білім саласындағы жетістіктерімен танысып, көңілі толған қалып білдірді. Қадірлі қонақ әсіресе Абай институтының жетістіктеріне ерекше көңіл бөліп, аса қызығушылықпен қарады.



Доктор Ок Су Пак

2024 жылы Абай ғылыми-зерттеу институтына Университет кітапханасының ғимаратынан арнайы жұмыс орны берілді. Ұлттық университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор институттың жаңа ғимараттағы жұмыс орнына келіп, институт қызметкерлерінің жұмыс жағдайларымен танысты.

Абай ғылыми-зерттеу институты өз тарихының 15 жылында түрлі белестерден өтті, Абайдың шығармашылығын қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында пәнаралық жүйеде зерттейтін зияткерлік әлеуеті қуатты ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Институт өзінің белсенді ғылыми шығармашылық еңбегінің инновациялық мол өнімімен, іргелі зерттеу нәтижелерін жеке оқу пәні форматында оқу процесіне енгізуімен, Абай ілімін ұдайы насихаттауымен ұлттық руханияттың дамуына, ұлттық университеттің зияткерлік әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың жаңғыруына зор үлес қосты.

2024 жылы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректордың нұсқауымен Абай институтының жұмыс орны университеттің әл-Фараби кітапханасына ауыстырылды. Институттың жаңа жұмыс орны жабдықталып, институт қызметкерлерінің жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасалды.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Ж.Қ. Түймебаев Абай институтына келіп, институт қызметкерлерінің жұмыс жағдайымен танысты.

Абай ғылыми-зерттеу институты Қазақстандағы ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы қуатты, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары қалыптасқан, ғылыми-интеллектуалдық әлеуеті зор және ұлттық зерттеу

университеті құрамындағы білім мен ғылым интеграциясы саласында үлкен жетістіктерге жеткен бірден-бір заманауи ғылыми-зерттеу орталығына айналды.

Институт Университеттің 90 жылдығына елеулі жетістіктермен келді. 2024 жылы 9 тамызда өткен «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты бесінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда аталған жетістіктердің бастылары пайымдалып, алдағы міндеттер жайы сараланды.

МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР СІЛТЕМЕСІ

Абай институтының вебсайты:

<https://abainst.kz/>

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Томдар 1-50:

https://abainst.kz/?attachment_id=4433

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы:

<https://elibrary.kaznu.kz/kk/node/7912>

Абай институтының хабаршысы:

https://abainst.kz/?page_id=1039

Абай институтының 2013 жылдың көрсеткіштері:

<https://abainst.kz/?p=5532>

Абай институтының 2021 жылы шыққан еңбектері:

<https://abainst.kz/?p=4731>

Абай институтының нәтижелері, жетістіктері:

<https://abainst.kz/?p=4848>

Электрондық көрме:

<https://abainst.kz/?p=4100>

Абай институтының еңбектері. е-көрме. 2023

<https://abainst.kz/?p=5939>

Абай институтының еңбектерін шетелдік профессор тамашалады

<https://abainst.kz/?p=5922>

Абайдың шығармашылық мұрасы және ілімі IV конференциясы:

<https://abainst.kz/?p=5908>

Абай институтының достық қатынастары:

<https://abainst.kz/?p=5617>

Абай ҒЗИ дайджесті (Абай күніне орай, 2022 ж.):

<https://abainst.kz/?p=5272>

Жарқын жаңалықтар:

<https://abainst.kz/?p=4717>

Абай жылындағы жетістіктер:

https://abainst.kz/?attachment_id=4394

Абай институтының бейнелекциялары:

<https://abainst.kz/?cat=15>

Абай институтының бейнехабарлары:

<https://abainst.kz/?p=6377>

12.08.2024

Д. ЫСҚАҚҰЛЫ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Халықаралық Мақтымқұлы сыйлығының иегері

МАҚТЫМҚҰЛЫ МЕН АБАЙ: ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМ САБАҚТАСТЫҒЫ

Түркілік руханияттың көгінде жарық жұлдыз боп жанып, Шығыстық өркениеттің көрнекті өкілдері санатындағы әдебиет алыптарымен бірге түркімен халқының ұлы перзенті Мақтымқұлының есімі де алтын әріптермен жазылған. Мақтымқұлы бұрындары түркімендер арасында кеңінен танымал болса, уақыттар жылжып, заманалар алға жылжыған сайын ақынның артына қалдырған рухани мұрасы түркі әлемінің, одан қалды әлемдік әдебиеттің тарихынан өзіне лайықты орнын иелене бастады.

Биік таулар, биікпін деп шіренбе,
Сен де бір күн, жермен-жексен боларсың.
Терең мұхит, тереңмін деп түнерме,
Сен де бір күн суалып, шөл боларсың.

Лұқпандай тапсаң, дерттің дауасын,
Рүстемдей жыртсаң, жаудың жағасын,
Ескендірдей алсаң, дүние қаласын,
Сонда-дағы жер қойнына барарсың.

Осы бір өлең жолдарын біздің ұрпақ жастайымыздан құлағымызға құйып өстік. Ауылда өткен түрлі жиын-тойларда, концерттерде, радиодан терме мақамымен айтылатын өлеңнің ырғағы да, ой-мазмұны да жүректерге жол тауып, ойын қозғап, өшпестей із қалдырып жататын. Ол кезде осындай терең ойлы өлеңнің авторы кім екен деген ойымызға кіріп те шықпайтын, қазақтың халық әні, не болмаса, бір ақын-жыраудың жыры шығар деп, ойлайтынбыз. Сөйтсек, кейін барып білдік, алыстағы туысқан түрікмен халқының ұлы ақыны Мақтымқұлының қазақтың кең даласын да жырға, адамдардың сана-сезімін нұрға бөлеген түркілік адами құндылықтармен ізгілендіре түсетін өмір жайлы терең ойлы өміршең өлеңі екен. Ұлының аты қай жерде болмасын, ұлылығын танытпай қоймайтындығына көзіңіз жетеді.

«Сұм өмір абақты ғой саналыға» (Мағжан). Мақтымқұлы өмір сүрген заман да түркімен тарихындағы қайшылықтары барынша шиеленіскен ең бір ауыр кезең болыпты. Басқа түскен бар ауыртпалықты халқымен бірге көтерісе білген ақын өмірдің қалың ортасында жүріп, сабақ алып, шындала түскен; халқының сөзін сөйлеп, мұң-зарын, арман-аңсарын жырлап, тағдырын туған халқының жарқын болашағына арнаған, бақыты үшін күрескен абзал азамат болып қалыптасқан.

Мақтымқұлы, ғарыптардың көз жасы,

Тасты ерітер, тауларды жағар.
Пақырға жәбір еткен залымның ісі,
Таңда Мақшарда сыбағасын алар.
«Күнә біткен көбейіп сарқылды сауап,
Бұ дүние тез болатындай харап.
Кәсіп болды сату арақ пен шарап.
Ақырзаман жақындады ма, білмедім? –

деп, жырлаған ақын қашан да болсын, әділеттілікті іздеп, халықпен бірге жүреді. Адамдардың бойындағы жын-шайтандарды қоздыратын арақ пен шараптың беталысынан шошынып, «Ақырзаман жақындады ма, білмедім» – деп, қауіп қылады. Өмірде болып жатқан келеңсіздіктердің барлығы ақын жанын жаралап, жүрегіне салмақ түсіреді:

Мақтымқұлы жүрегіне қан толды,
Кім жібітер қатып қалған бар тоңды?
Алды азап, болса екен арты оңды,
Құса жанның табар екен кім емін?...

Басқа түсті тақсіреті тағдырдың
Қазір менің парша-парша жүрегім.
Эюб сынды өзегімді жандырдым,
Ішім жара, сыртым бүтін жүремін.
Күн деп, түн деп аһ ұрамын тынымсыз,
Айналаға телміремін тек үнсіз.

Осы жерде Мақтымқұлыдан жүз жылдай кейін қазақ даласында жасап, «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» дейтұғын ұлы Абайдың поэзиясында да отаршылдықтың салдарынан азып-тозып бара жатқан халқының жай-күйін жырлағанда жүрек сөзінің жиі кездесетіндігін айта кеткен жөн. Мақтымқұлы «Ішім – жара, сыртым – бүтін жүремін» десе, «Ішім өлген, сыртым сау» деген Абайдың «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек соғады жай», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім нені сезесің», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», т.б. өлеңдерінде «махаббат ғадауатпен майдандасқан» жүректің адамның адам болып өмір сүруіндегі аса маңызды қызметі барынша ашыла түскен.

Күнде жүз мың ол дүниеге кеткенмен,
Бұл дүниеге келгендер де бар шығар.
Жүз мың ақымақ жөнін білмей өткенмен,
Түзу жолға түскендер де бар шығар.

Араласаң, дүниенің жан-жағын,
Алысып тұр адал, арам, аруақ, жын.
Талай жандар тамақ іздеп жүргенде,
Талай қарық болғандар да бар шығар.

Кедей адам қам жеме,
Бай-патша да өтеді.

Хандар кірген ақ орда,
Жер бетінен көшеді.

Қалса қалар қызыл тіл,
Жан-жауһар да, тән бір күл.
Сайрар берер тек бұлбұл,
Асқақ тау да шөгеді, —

деп жырлаған түркімен ақыны болашаққа үлкен үмітпен, сеніммен көз тігеді.

Өмірдің түрлі қайшылықтары барынша асқынып жатқан заманда тығырықтан шығар жолды іздеп, ақын жүрегі шарқ ұрады; өмірдің тылсым тұстарына телміре қарап, терең ойлардың жетегінде толғана түседі. «...бұл дүниенің бәрі сын» деп білетін ойшыл ақын поэзиясының бүкіл болмысы, идеялық бағыты, дүниетанымы «Дүние» өлеңінде анық байқалады:

Төсіменен толқын жарған кемеңі,
Бір күндерде төңкересің, дүние-ай!
Қасарыссаң, қапелімде пәндені
Баспанасыз қалдырасың, дүние-ай!

Еш білмейсің қашан демің тынарын,
Қабыр өлшер әрбір басқан қадамың,
Дүние қуып ғапыл жүрген адамның
Үстін баса жол саласың, дүние-ай!

Аялың жоқ, қарауың жоқ, тынбайсың,
Күндіз-түні қан ішсең бір қанбайсың.
Қулығыңды ішке бүгіп алдайсың,
Ақыл-ойды шырмайсың кеп, дүние-ай!

Білгізбей кеп, бір сыр бермей кетесің,
Бірде жақсы, бірде жаман өтесің.
Асымызға алдап тұрып, көрсетпей,
Бал орнына у саласың, дүние-ай!

Өтеді қыс, шығады жаз, жетер күз,
Түрленеді теңіз бен тау, жапан түз.
Біз де тастап, бір күн бәрін кетерміз,
Қуаң дала құлазырсың, дүние-ай!

Қанша адамды қойдың жұтып жым-жылас,
Өзге түгіл Мұхамметке қылдың қас.
Арын, Қарун, Сүлейменді қылдың ас,
Бұл жалғанда не қоярсың, дүние-ай!

Мақтымқұлы, дүние сырын айтшы сен,
Бүгінгіні ертең іздеп тапшы сен.
Қанша жұтсаң, қарның тоймас ашсың сен —
Араны үлкен обыр-жеміт, дүние-ай!

Ақынның жырлауынша, өмір керемет сәулетті сарай да, адам – соған кіріп, ішінде жүрген қонақ:

Өтер заман ауыр жүгін көтеріп,
Жақсы әңгіме ер жолында бір серік.
Жайнаған жаз жер бетіне гүл төгіп,
Қонып ұшар о да жылдың қонағы.

Сырлы дүние сарай екен кең іші,
Әсем бақтар көңілдің бір қонысы.
Алпыс алуан, жетпіс қилы жемісі,
О да ағаштың аз күн көрік – қонағы.

Дүние саған аз күн күліп қарайды,
Аңдып жүріп, ақырында тонайды.
Қанша өмір сүр, ешкім тірі қалмайды,
Жанымыз да тәніміздің қонағы.

Жаратылдық адал еңбек етуге,
Тәкаппарды сайтан алмақ еркіне,
Ажал адам қарамайды көркіне,
Ажар-көрік аз күн жүздің қонағы.
...Қанша өмір сүрсе де жер жүзінде,
Адам деген аз күн дүние қонағы.

Ұлылар жалпы, байлауы жоқ, мың құбылған түсініксіз замандарда адамдар қайткенде адам болып қалады деген сауалға тура жолды көрсетіп, олардың бойындағы ізгілікті асыл қасиеттерін әспеттей білуімен, жырлай білуімен ұлы. Мақтымқұлыны да биікке көтеріп тұрған ақын жырларындағы жалпыадамзаттық ұлы идеялардың түркілік дүниетаным тұрғысынан асқақтаған жыр жолдарына айналуында жатса керек.

Ақын поэзиясының тақырыптық аясы өте кең. Сол кездегі түркімен өмірінің ол жырламаған саласы жоқ деуге де болады. «Мақтымқұлы, дүние сырын айтшы сен, Бүгінгіні ертең іздеп тапшы сен» деп, жырлаған ақын «Мақтымқұлы, не көрсең де сабыр ет, Жаратқанның бұйырғанын қабыл ет» – деп, халқын сабырға, жаратқанның бұйырғанына көнуге шақырады.

Сол кездегі Шығыстың шайырлары секілді Мақтымқұлы да халқын «Мұқтажыңды хақтан өзге білмесін», «Құдіреті көп Алла бізді жаратқан, Әр ісіне ақылымыз болар таң», «Шамаң келсе, мұңыңды шақ Аллаға», «Білімдінің көкірегі болар кең, Алла оның ақыл, көркін еткен тең», «Әр адамның келсе неге шамасы, Соны ғана қаламақшы Алласы», «Мақтымқұлы, шүкір деші Аллаға, Өлім бірдей жарлыға да, ханға да, Сабырсыз жан ұшырамақ әр неге, Сабырлы жан түбінде бір шат болар», «Тәубе қылмай, тәңірім кешпес хатасын», «Бұйрық келсе Алладан, Еш нәрсе де қалмаған», «Мақтымқұлы, шүкір деші Аллаға», «Қадір Алла, жібере гөр көктен нұр, Бір сілкінсін шаңтозаңға бөккен нұр» т.б. деп, халқын қиын кездердегі өмір сынақтарында

шыдамдылық танытуға, сабырлы болуға, асып-таспауға, имандылыққа шақырған.

XIX ғасырда жасаған қазақтың ұлы ақыны Абай да ең алдымен, «Алланың сөзі де рас, өзі де рас», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез» деп, отаршылдықтан әбден арып-тозған халқын жер бетіндегі тіршілік атаулының жаратушысы – бір Алланы сүйуге шақырған. Алланы сүйген адам сол Алла жаратқан адамзаттың бәрін сүйгенде ғана бақытты өмір сүре алады деген негізгі ойлар ақын поэзиясының орталық өзегін құрайды.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы деп әділетті, –

деген Абайдың бір шумақ өлеңінің өзінде кезінде Иассауийлер, Мақтымқұлылар жырлап өткен жаратқанды, жалпы адамзат баласын сүйіп, құрметтей білген кезде ғана адамдар бақытты өмір сүре алады деген мәңгілік идеялардың тереңдей түскендігін, тұтастай дүниетанымдық жүйеге айналғандығын байқаймыз. Мақтымқұлы:

Бір жолда – күнә, бір жолда – сауап.
Ғарасатта сенен сұралар жауап.
Адалда – зейнет, арамда – бейнет.
Бұл ақиқат, ұмытпа бұны! –

деп, жырласа, Абай:

... Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз... –

деп, адам болып қалудың негізгі ұстанымдарын, адал еңбекпен табысқа жетудің жолдарын, ол үшін ең алдымен, уақытты босқа өткізбей, ізден, ғылыммен айналысу қажеттіліктерін тайға таңба басқандай айтып отыр. Бұл жерде Мақтымқұлының да, Абайдың да адамды адам қылып сақтайтын адал еңбек ету, ал қулық-сұмдықпен арам өмір сүрудің арты азап екенін жырлауы екі ақынның да гуманистік биік өресін байқатса керек. Мақтымқұлы адам өміріндегі сөзге ерекше мән берген:

О жарандар, жетесі жоқ адамның
Мың айтсаң, бір көкейіне сөз қонбас.

Кәдесі сол қашан болса жаманның
Өлтірсең де өз қанына тең болмас.

Сөз білмесең, білгенінді айтпасаң,
Сөз сөйлетіп, сөз асылын тартпасаң,
Жорық жүріп, тура қарап атпасаң,
Атқан оғың нысанаға дәл бармас.

Мақтымқұлы, сөзің қымбат білгенге,
Білмегенге құр әйтеуір бірдеңе.
Жақсылар бар, қанша иілсе қынжылмас,
Жақсылар бар, жеген асын у қылмас».

Сұрар болсаң, көңіл тояр сөздер бар.
Жарлыда да не бір жарқын жүздер бар...
Аңдамасқа айтайын мен ақыл сөз,
Пайғамбардың хадисіне қылсаң кез.
Қонбаған соң, көкейіне құйсаң сөз,
Айтқаныңды әрі сенің елемес.

Абай да адам жанының айнасы сөздің құдіреті, оның қисыны жайлы
«Өлең – сөздің патшасы сөз сарасын» жазумен бірге бұл тақырыпқа дүркін-
дүркін соғып отырған. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңіндегі:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл...
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ...

Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным;

сондай-ақ, «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» өлеңіндегі

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін –

деген жыр жолдарында қазақтарға қарай айтылған ойлардың Мақтымқұлының түркімендерге айтқан сөзімен сабақтасып жатуынан қатар жатқан екі елдің сөзге деген ұғымындағы сабақтастық анық байқалады.

Өмірдің өтпелілігін он сегізінші ғасырда жасаған түркіменнің ойшыл ақыны:

Тұрлауы жоқ дүние өтіп барады,
Бірге келіп, бірден кетіп барады.
Ескендірдей шалқып өткен жан бар ма,
Олардың да басынан той тарады.
Етті жазмыш, бірін кедей, бірін бай,
Бәрі еркінде – не қылса да бір құдай.
Кей жаранның хасыл болып мұрады,
Бал-шарапты шайқап өтті: күнде ұдай.
Енді біреу қайғы жұтып, күн кешті,
Сайранменен өткізе алмай бір кешті.
Ал біреудің айтқан сөзі әмір боп,
Төңірегі «алдиярлап» тілдесті.
Кейбіреудің бастан кетпей думаны,
Мехнат-азап көрмей өсті туғалы.
Бір жақсыға жаман жолдас кез болып,
Құсаменен өмірі өксіп, улады.
Талай адам таба алмады арманын,
Аузын жұмбай айтып өтті зарлы әнін.
Кейбір жабы шаппай жатып, жүлде алып,
Кейбір жүйрік құр тоздырды табанын.
Дүние үшін қайғыланба, ендеше,
Сабырлық ет берсе-дағы, бермесе.
Ажал келіп алар әлі-ақ жағаңнан,
Бұл дүниенің өтеріне сенгенше... —

деп, бес күн жалғанның сырлы сипатын сөзбен зерлеп, күңіреніп өтіпті. Жырды оқып отырғанда, он сегізінші ғасырдың өзінде де мың құбылған өмірдің өлеңге, өнерге айналған байлауы жоқ сырлары бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың оқырманының да бойын шымырлата билеп, ой тереңіне қарай тарта беретінін байқағандайсың.

Иә, араларына ғасыр салып, түркі әлемінің екі түкпірінде өмір сүрген қос кемеңгердің бір-біріне ұқсастығы екеуінің де түркілік дүниетанымының тереңдігінде, аумалы-төкпелі заманда өмір сүріп жатқан халқының басына төнген қауіп-қатерлерді жүрегімен сезініп, даналығымен түйсініп, кемшіліктерін жеріне жеткізе айтып, одан құтылудың сара жолдарын дұрыс көрсете білуінде, болашағына сенуінде жатса керек. Ұлы ақындарымыз армандап, жырға қосып, осылай болса екен деп, көрсетіп кеткен рухани бағыт ұлы Абайдың поэзиясында тұтастай бір ұлттық, түркілік, жалпыадамзаттық биікке көтеріліп, қоғамдық дамудың бірден-бір дұрыс жолына айналғандығын бүгінгі өміріміз дәлелдеп отыр. Біздің «Абай жолы» деп жүргеніміз – осы жол.

Түркімен халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ойшыл ақыны Мақтымқұлы шығармаларымен қазақ оқырмандары біршама таныс. Ақынның

өлеңдері «Таңдамалы өлеңдер», «Таңдамалы», «Өлеңдер», «Жыр жинағы», т.б. тақырыптармен 1947, 1959, 1968, 1983, 2014 т.б. жылдары қазақ тілінде жарық көрген. Түркі әлеміне әйгілі ақынның жауһар жырларын қазақ тіліне Ғали Орманов, Ғафу Қайырбеков, Дүйсенбек Қанатбаев, Светқали Нұржанов секілді танымал ақындар аударып, қазақ оқырмандарының рухани игілігіне айналдырды.

Ұлы ақынның туылғанына 300 жыл толуына орай, Түркі мәдениетін және өнерін дамыту Халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) 2024 жылды Мақтымқұлы жылы деп жариялады. Күллі түркі әлемі атап өтіп жатқан ақынның 300 жылдық мерейтойы қазақ елінде де кеңінен аталып жатыр.

Қ. ӘБДЕЗҰЛЫ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАР

Қазақтың суреткер қаламгері, Әуезовтың шәкірт-досы, қазақ прозасына құнарлы, сапалы туындыларымен өлшеусіз үлес қосқан жазушы, сыншы, әдебиет зерттеушісі Тәкен Әлімқұлов осыдан жетпіс жыл бұрын Абай шығармашылығын зерттеуге ат басын бұрыпты.

1954 жылдың алғашқы айларында Абай поэзиясының көркемдік құндылықтары, жаңашылдығы, тұтас қазақ поэзиясына, күллі қазақ әдебиетіне, руханиятына жасаған әсер-ықпалы, тарихи миссиясы туралы тұңғыш ой-толғамдарын қағаз бетіне түсіре бастаған. Алдымен алғашқы үзінділерін газет беттерінде жариялап алған соң, осы дүниесін үлкен сүйекті мақалаға, тұтас зерттеу еңбегіне айналдырып 1958 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Жемісті жолда» атты тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағына кіргізіпті.

Осынау елу бетке жуық көлемді, іргелі мақала кейінгі жылдары тағы да тереңдетіліп, ақынның бірнеше бағыттағы, басқа да тақырыптарды кең қамтып толғаған туындыларына да терең талдаулар жасаған ой-толғамдарымен толықтырылып 1978 жылы «Жазушы» баспасынан «Жұмбақ жан» деген атпен жеке зерттеу еңбегі ретінде жарияланды. Бұл кітап жарық көре салысымен әдебиет сыншыларының назарына бірден ілікті.

Басым көпшілігі еңбекті Абайтануға қосылған үлкен үлес, Абай поэзиясын насихаттап, оның көркемдік құндылығын, әдебиет тарихындағы Абай шығармаларының биік тарихи орнын танытудағы биік белес болды деп бағалады. Әсіресе, абайтанушы ғалымдар, әдебиетшілер тарапынан да жақсы бағасын алды.

Сол тұста, өнер адамдарының, яғни әйгілі күйшілер мен арқалы ақындардың, сал-серілердің, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін қазақ прозасында сәтті бейнелеп жүрген, өнер тақырыбындағы талантты туындыларымен танылып үлгерген Тәкен Әлімқұловтың бұл әдеби-зерттеу еңбегі шын мәнінде елуінші жылдар ішінде дүниеге келген Абай туралы кітаптардың қатарында шоқтығы биік, жаңа белес болған жұмыс ретінде әділ бағасын алды деуге болады. Бүгін міне араға жетпіс жыл салып осынау тарихи маңызы бар, керек болса Абайтану тарихында да өз орнын ойып алған біртуар зерттеудің өзіндік құндылығына бір оралып өтсек артық болмайды деп ойлаймын.

Кішкене шегініс жасап, 1954 жылы Тәкен Әлімқұлов өз зерттеуін яғни мақаласының кілтін неден бастаған, нендей тұстарға аса мән бере сөйлеген

екен деп алғашқы бетке назар салып едім, мақала бірден баурап алып кетті. Тап бүгінгі күні, бүгінгі күннің биігінен ой толғайды Тәкен. Оқып көрейікші:

«Халықтың тарихында мәңгілік ұмытылмас ұлы уақиғаларды бастасқан, бүкіл ұлт тағдырына ортақтасқан адамдар, шынында да өлмек емес. Олар халықтың жанына, болмысына, табиғатына сіңіп, өз өмірінің жалғасын келешек ұрпақтардан табады, заман озған сайын жаңарып, ұлылығы өсе, тереңдей түскендей болады: өскен заман тереңдегі қазынаны тезірек таниды, тезірек аршып алады. Жеке адамдардың ұлылығы заман ұлылығына жараса түседі.

Осындай халықтың жүрегінде сақталған ұлы адамдардың бірі Абай еді. Ол өз халқы тарихының Россия тарихымен ұласқан ең бір елеулі кезеңінде туды да, асқан көрегендік жасап туған елін үміті мол тың бағытқа қарай меңзеді. Өз басы соның жолдарын, тәсілдерін, саясат, экономика, мәдениет жағынан кенже қалған сахара жағдайында, ең алдымен, өнерден іздеді. Бұл салада «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» болған шиырға соқпай, омбылай тартып сенімді төте жолға шықты».

Осынау екі абзац сөздің өзінен-ақ Тәкен Әлімқұловтың Абайдың пассионарлық, ренессанстық тұлғасының тарихи мәнін, оның өнер арқылы, яғни поэзия арқылы ұлтын, елін өркениет жолына бастап, тұтас тағдырын халқының болашығына арнағанын дөп басып айтып отыр.

Заманалар көшінде Абай тұлғасы биіктей береді, биіктей береді дейді. Тап бүгінгі жиырма бірінші ғасыр шындығын болжап, біліп айтып отырғандай...

Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі тұста өзінің ұлттық идеологиялық ұстанымының, ұлттық құндылықтарының ең басты өлшемі, ең басты бағыты етіп Абай ілімін, Абай тағылымын, Абай мұрасын таңдап алды. Абай ілімі, Абайдың қадап-қадап айтып кеткен адамдық, кісілік, рухани құндылықтарын бүгінгі күні ұрпақтың баға жетпес байлығына балап отырмыз. Болашақта да осылай жалғаса беретін болады.

Тәкен еңбегінің бұдан басқа да бірнеше бағалы қасиеттерін қысқаша тұжырып, санамалап шығайық. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – деп басталатын Абайдың атақты өлеңінен бір үзіндіні Тәкен «Жұмбақ жан» кітабының эпиграфы ретінде бірінші бетіне шығарыпты.

Өлеңнің қадірін терең сезетін, Абайдың әрбір сөзіне қатысты түбіне бойлап отырып ой тарқататын, пікір түйетін суреткер қаламгер, зерделі сыншы Тәкен әу дегеннен ұлы Абайдың жүрегінің түбінде нендей сыр, нендей шер мен мұң жатыр, міне, осы мәселеден бастаған...

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек? –

деп ақын тағы да жүрегіне жүгінеді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында тағдырдың бар соққысына төтеп беріп, өмірдің барлық ащы-тұщысын қатар тартқан, заманның ырқына көнбеген бар ауыртпалығын арқалаған, достан да дұшпаннан да көңілі қалған қайран ақынның ендігі жүгінері де жалғыз жүрегі екендігін сезінесің...

Қарашада өмір тұр,
Токтатсаң, тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме? –

дейді ақын мұңайған бір сәтінде. Өмірдің мәнін, құнын, басы мен соңын терең фәлсапалық ойлармен астарлап, табиғат құбылыстарымен қатар жарыстыра, қабыстыра бейнелейтін ақындық қолтаңба Абайдың адам өмірі туралы барлық өлеңдерінде арқауы үзілмейді.

Ақын адам өмірінің барлық кезеңдеріне өлең арнаған. Таң қаласың. Және сол сезімдерінің, жан толқындарының барлығын жүрек көзінен өткізеді. Жүрек қалауына салады.

Абай неге жұмбақ адам? Осыны ойлауға шақырады ақын. Ал енді Тәкен өзінің кітабының кіріспесін, кілтін осынау жүректен басталатын екі жол өлеңіне сыйғызған. Осынау аса құнды, құнарлы зерттеу еңбегінде араға жылдар салып қайта оралғанда зерттеушінің сөз орамдарына, ойлау жүйесіне, ғылыми тұжырымдарына, толғамдарына таңғалмасқа әддіңіз қалмайды.

Алғашында ақындықтан бастаған, екі өлең жинағын шығарған Тәкен Абай тақырыбына кездейсоқ келген жоқ. Сыншылық жолының басында да қаламгердің қазақтың екі ұлы ақыны туралы іргелі, сүйекті мақалалары тұрады. Бірі – Абай туралы болса, екіншісі – кезінде әдебиет сынында құбылыс болған мақаласы, қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжоловтың поэзиясы туралы дүниесі болатын. Бүгінгі күнге дейін бұл мақала да Аманжолов шығармасын танудағы үлкен белестің бірі болып есептеледі.

Демек, Тәкен поэзия жанрындағы талантты туындыларды талдауға үлкен дайындықпен келді. «Жұмбақ жан» зерттеуінің барлық беттерінің, тұтас тарауларының мазмұны Абайдың осынау жұмбақ сырын ашуға, зерделеуге бағытталды.

Тәкеннің Абай туралы түйіп-түйіп айтатын пікірлері де кесек-кесек жатады. Бір тұста Тәкен: «Абай сынды айрықша дарынның, сыршыл, шыншыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні, қазақша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді.

Әлеуметтік көзқарас пен суреткерлік шындықтың арасындағы қайшылық – өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, үлгілі ел болуын тілеген

Абай қайсар қайраткердің қатарында нәзік те әсершіл ақын, қиын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтқандай, жатқан жұмбақ. Ол халқын танудан жаза баспаса, өзін тануға келгенде ғажайып қайшылықтарға ұрынады. Бұл өте-мөте ұлы суреткерлерге тән қасиет. Гете мен Омар Һайямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Онорэ де Бальзак пен Лев Толстойдың тәжірибесі осының айғағы», – деп толғанады.

Тәкен осылайша Абайды ұлы тұлғаларға, заманның ұлы ойшылдарына теңейді. Ой-зердесін, білім ауқымын, таным көкжиегін, кісілік, қайраткерлік сипатын зерттеуші бірнеше сөйлеммен-ақ қайтара қорытып, еске алады. Ақынның сан қырлы талантының, дарын күшінің мұхиттай терең ағысын айнытпай танитын қаламгер көп сөзділікке ұрынбайды.

Әрдайым қысқа қайырылатын тұжырымдары арқылы ұлы тұлғаның ұлы қасиеттерін созбаламай, дәмін кетірмей, сығымдап Абайдың қандай деңгейге, қандай парасат биігіне көтерілгенін толғанып, тебірене жеткізеді.

Абайды хакім, кемеңгер, ойшыл әрі данышпан деп танығанда Тәкен жалаң, қызыл сөзге, құрғақ байламдарға құрық бермейді. Абайдың өз шығармаларына арқа сүйейді, әсіресе, өлеңдеріне терең үніледі. Поэмалары мен қара сөздеріне де, аударма туындыларына да мейілінше нақты тоқталады.

Абайдың қаламынан туған барлық туындыларын Тәкен ой елегінен өткізеді. Әлеуметтік талдауларға да бой ұрады. Оның рухани ізденістерінің қазақ поэзиясын жаңа биікке көтергенін, оның классикалық үлгілерін Абай поэзиясынан көреміз дейді.

Абайдың философиясы да өмірдің өзінен, адамзат тарихында ғасырлар бойында жинақталған, іріктелген білім қорынан нәр алатынын айтады. Осынау философиялық, пассионарлық таным Абай дәстүріне де жаңалық алып келді. Мәңгілік құндылық – адамзаттық гуманизм идеясына терең бойлаған поэтикалық талғам, ақындық ұстаным Абай шығармаларының алтын арқауы болғанын дәлелдейді. Шығарма мәтіндері арқылы Тәкен осыларды да аңғарып отырады. Шегелеп жазып отырады.

Шығыстың жауһар поэзиясы, оның Абай дүниетанымына қалайша жақын келгендігі, өз кезегінде шығыс поэзиясын Абайдың да қалайша түрленте, тереңдете қабылдағанын нақты өлеңдерге тоқтала отырып тарқатады.

«Абай шығыс мәдениетін меңгергенде талғампаздықпен сыни қарап меңгерді. Діни уағыздардан қашты. Махаббат бостандығын, әділетшілдікті, әлеуметтік прогрессті жырлайтын сыршыл поэзияға құмартты.

Ол Низамиді, Науайді, Хафизді, Сағдиді, Физулиді, Фирдоусиді қадір тұтты. Бұлардың ішінен Науайдің «Фархад-Шырыны», Фирдаусидің «Шахнамасы», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүні» қазақ даласына кең тараған еді.

Парсының, арабтың кейбір мифологиясының ұзын-ырғасы қарасөзге айналса, «Төрт дәрбіш» (Ағайынды төртеу) тәрізді тәжіктің халық романы ертегіге айналып кеткен еді. Рудаки, Омар Һайям сынды саңлақ ақындар ертеден-ақ әлемге әйгілі болса, шәкірт Абай сыйынған Хафиз ұлы Гетеге

үлкен әсер еткенді», – деп жазады Тәкен шығыстың әлемді аузына қаратқан, таңғалдырған ұлы ақындардың шығармашылығына ой жүгірте отырып.

Шын мәнінде шығыс шайырларына көп үңілген Абайдың шығармашылығында шығыс сарыны, шығыс сюжеті құс жолындай сайрап жатады. Әсіресе Абай поэмалары, ондағы оқиғалық, сюжеттік арналар, баяндау тәсілі, кейіпкерлер шоғыры соның айқын бір дәлелі. Абайдың қартайған шағында жазған:

«Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған, кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай», –

деп келетін өлең жолдарында жабырқаған, шаршаған, көңілін мұң басқан ақынның жан дүниесі бір сәт көрінгенімен, бірақ Абайдың түңілісін, жазмышқа жығылуын немесе бүкіл дүниені тәрк етіп, рухани күйзеліске түскен болмысын байқамаймыз деген түйін жасайды.

Абайдың поэзиясындағы биік рух, биік жігер, отты, өткір келіп отыратын өлең жолдарының ішкі қуаты ұлттық намысымыз бен ұлттық бітім, болмысымыздан нәр алып отыратындығын астын сыза ажыратады. Ұлттық мінезімізді бар қасиетімен айшықтап алдыңғы қатарға шығарған ақындық дарынды биік бағалайды.

Еңбектің ең бір сүбелі беттерін Тәкен Хакім Абайдың өмірбаянын, өскен ортасын, ата тегін, білім алған белестерін әңгімелеуге арнайды. Абайтанудың бірнеше кезеңдерден тұратын ұзақ, жемісті жолын Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына, дәстүріне арқа сүйей отырып, ол зерттеген қыруар дүниелерді, жарыққа шығарған еңбектерін аттап кетпей, оның қаламынан қалған баға жетпес рухани байлыққа үлкен ілтипат көрсете отырып ой толғайды.

Түйіндей айтқанда, Тәкеннің «Жұмбақ жан» атты зерттеу еңбегі – бүгінгі Абайтанудың, қазіргі Абай тұлғасы туралы, Абай феномені туралы, Абай ілімі жайлы көптеп жазылып, айтылып жатқан дүниелеріміздің биік төрінде тұратын зерделі еңбектердің бірі, әрі бірегейі.

Қ. МӘДІБАЕВА,
М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ-дің бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨШІРМЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ: В.А. КУДАШЕВ НҰСҚАСЫ

Абайдың әдеби мұрасын зерттеу бағытында шығарма текстологиясының ғылыми-дерекнамалық негіздері өзектілігін жойған жоқ.

Абай өлеңдерінің сақталу, жиналу, баспа жүзін көру үдерісінде көшірме қолжазбалар мәтіндік тұғыр болды; нақтылы бір мәнде ақынның өз қолымен жазғаны сақталмағандықтан (қилы саяси қысталаңда қасақана жойылу ықтималдығы да бар – Қ.М.), көшірме өлең нұсқалары жазылу мерзіміне, мәтіндік тұрғыдан мейлінше бастапқы қалпында сақталуы (яғни, Абайдың көзі тірісінде хатқа түсуі – Қ.М.) бойынша түпнұсқалық мән басымдылығында қабылданып келеді. Ұзақ жылдар бойы кезінде Абайдың өзі өлеңдерін көшіріп отыруды қалап тапсырған Мүрсейіт Бікіұлының 5 қолжазба дәптерінің Мұхтар Әуезов түпнұсқа ретінде бағалаған 1905, 1906, 1907, 1910 жылғы көшірмелері ғылыми айналымда болды.

Кейінгі кезеңдегі Абай шығармаларының әр жылдағы басылымдарын, Абай өлеңдерінің ақынның өзі қатысып отырып әзірлеуі ықтимал көшірме нұсқаларын саяси қыспақтан арылған уақыттың таным кеңістігіне сай арнайы шығару бағытында ауқымды мәтінтанымдық зерттеулер жүргізіліп, бұл абайтану тарихында кенжелеп келе жатқан текстологиялық зерттеулер бойынша жаңа бағыт түзеуге мүмкіндік берді.

Бұл мәнде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ баспадан шығарған көптомдық толық академиялық шығармалар жинағы мен («Жазушы» баспасы, 2020, 1, 2, 3 том); ҚР MOM ұжымы әзірлеген екі том еңбектің нәтижесін атап айтуға болады.

Көптомдықта Абай өлеңдерінің Мүрсейіт көшірмелерінің 1907 жылғы нұсқасы мен 1909 жылғы тұңғыш жинағы алғаш рет толық нұсқасында қазіргі кирилл жазуына түсіріліп, ақын мұрасының 1933, 1939-40, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылдардағы толық басылымдарымен арнайы салыстырылды; мәтіндік-мағыналық саралаулар жүргізілді.

М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ қолжазба Орталығында сақтаулы Абай өлеңдерінің әр жылдардағы көшірме нұсқаларына (жекелеген көшірме қолжазбалардың фотокөшірмелері де бар – Қ.М.) маман, жазутанушы ғалым, белгілі шығыстанушы Төреәлі Қыдыр ғылыми сипаттама жазды.

«Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі қорынан): Ғылыми-инвентарлық каталог, 1, 2 томдар. – Алматы: Интеллсервис, 2020» атты жинақтарда Мүрсейіт Бікіұлының жылы белгісіз, айналымға түсе қоймаған бір көшірмесі, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Тұрағұл Абайұлының көшірме қолжазбалары берілген.

Ендігі кезекте қолжазба нұсқасында айналымға түсу ықтималдығы ұзақ жылдар бойы тежеліп келген осы нұсқалар текстологиялық зерттеулер айналымына толық тартылуы тиіс. Сонымен бірге бітпейтін дауы көп текстологияның мүддесінде абайтануда айтылғанымен, арнайы мәтіндік салыстыру, саралаулар толық жасалмаған жеке қолжазба нұсқалар, Абайдың өз уақытында жарық көрген басылымдарда шыққан өлең мәтіндері әлі де бар.

Осы тұрғыда М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ шығарған Абай шығармаларының көптомдық толық академиялық басылымын шығаруда назарда болған, бірақ ғылыми түсініктерде қамтыла бермеген, аты-жөнінің өзі титулымен ауысып беріліп келе жатқан князь В.А. Кудашевтің 1897 жылғы көшірме қолжазбасы – хатқа түсу, сақталу, мәтіндік тұғырындағы ықтимал түпнұсқалық мәнде арнайы зерттеуді күтіп келе жатқан, Абай мұрасын игеру, тану тарихындағы назар аударылуы тиіс жәдігердің бірі.

Бұл көшірме қолжазба туралы «Абайдың Ленинградтағы қолжазбасы» атты мақаласында академик Әлкей Марғұлан айтады. Қолжазба қазақ, орыс тілдеріндегі «О положении современных киргиз: Стихотворения А.К.», «А.К. ұғлының қазақ елінің ұшбу замандағы ахуалларына мұнасып (толғау) шығырларындан» деп келген атаумен топталған екен» (Марғұлан Ә. Абайдың Ленинградтағы қолжазбасы // Әдебиет және искусство: – №3, 1957).

«Орыс Географиялық Қоғамы жазбалары» журналында жарық көруі тиіс осы Абай өлеңдері берілген топтама тарихына қатысты арнайы зерттеулер жүргізілмеді.

Бұл қолжазбаны әзірлеген князь В.А. Кудашев сол жылдарда баспаға әзірлеген Сәдуақас Шорманұлы қолжазбасын негіз еткен бе, жоқ әлде өз тарабынан арнайы дайындаған топтамасын баспаға ұсынған ба дейтін мәселенің нақтылайтын тұстары бар.

В.А. Кудашев қолжазбасы Сәдуақас Шорманұлы қолжазбасын қайталау ғана дегендей ауызекі, ұшпа пікірлер айтылып жүреді.

«Владимир Александрович Кудашев Семей жағында да болған екен. Абай өлеңдері 1897 жылы С.Шорманов, В.А. Кудашев әзірлеуінде С.-Петербургтегі «Орыс География Қоғамының жазбалары» журналынан шығаруға ұсынылып, бірқатар беделді, белгілі ғалымдардың оқу-сараптамасынан өтіп, ол адамдардың ұйғарымы болғанның өзінде нендей себептен баспадан шықпағандығы тұрғысында кейінгі кезеңдегі Абай өмірбаянындағы Көкшетаудан келген хатқа қатысты тінтудің жайында басымдау айтыла бастаған беймәлім деректердің осы мәселеге бір қатысы бар деген ұйғарымға келуімізге де болатын сияқты. Абай көзі тірісінде өлеңдер жинағын шығармағандығы туралы әлі де бір жақты тоқтамдарға ден қоямыз. Көзі ашық әрбір тұлға үкімет қарауылында болғандығы, түптеп келгенде, тұтастай мұсылмандық ағартушылықтың мүддесінде туған Абай шығармаларының XIX ғасырдың бел ортасынан мақсатты түрде өрістеген жаһандық азатшылдық мұраттармен өзегі бір тұтастығы ақын өлеңдерінің баспадан шығуын тежеп отырды деп болжаймыз» (Абай өлеңдерінің текстологиясы. Evo Press – 19 бет).

Әлкей Марғұлан В.А. Кудашев қолжазбасының текстологиялық зерттеулерде қажеттілігіне мән беріп, әр жылдардағы басылым, жинақтармен салыстыруда байқалған бірнеше өзгешелігін көрсеткен де еді. Осы бағытта арнайы салыстыру, саралаулар жалғасын таба бермеді.

Сәдуақас Шорманұлы қолжазбасы бойынша да терең зерттеулер жасала қоймаған.

Екі көшірме қолжазбаның да жинаққа ұсынылғандығы; сонымен қатар Абайдың өзі жасап отырған уақытта хатқа түсіп, екеуінің де сонау С.-Петербург шаһарын бет алып дайындалғандығы бұл екі нұсқаны мәтіндік мәнінде арнайы текстологиялық тұрғыдан зерттеуді міндеттейді деп ойлаймыз. Айтылып жүргеніндей, В.А. Кудашев С. Шорманұлы қолжазбасын негіз етті ме?

Сәдуақас Шорманұлының қолжазбасы «Садуақас Мұсаұлы Шорманов құрастырған «Басшы» атты қолжазба жинағы, 1897» аталады. Шорманов қолжазбасындағы Абай өлеңдерінің берілуінде, тақырып атауында кейінгі жинақтардағы қалпынан қайсыбір сөз қолданыс, жалпы көлем, құрылымдық тұрғыда айырма бар.

Мәселен, Абай жинақтарында екі басқа шығарма болып келетін «Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын», «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін» өлеңдері біртұтастықта, мағыналық тұрғыдан жалғасып бір атаумен берілген. «Бойы бұлғаң» С. Шормановта «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңіне кірігіп тұр.

«Жыл фасылы» да Шормановта «Қараша, желді тоқсан сол бір-екі ай», «Жазғытұры» өлеңдерін жалғастыра қамтып берілген. Өлеңдер кейінде бөлек беріліп жүргендіктен бұл тұрғыда нақтылы кесіп айту; бастапқыда бір шығарма болған деп үзілді-кесілді тоқтам жасау қиын. Бәлкім, Абай өлеңдерінің реттеліп, нөмірленіп беріліп жүрген баспа нұсқасына әбден көз үйреніп кеткен тұста оларды құрылымдық жақтан кіріктіріп, сіңістіру, ажыратып бөлудің қажеті де жоқ.

Ал мәтін тұрқын түзіп тұрған жеке сөз, сөз тіркестерінің қолданысы бойынша оңай шаруа болмаса да салыстырулар жүргізілгені жөн. Дауы бітпей келе жатқан Абай текстологиясына дақырттан гөрі нақтылы тілдік-мағыналық фактісінде үңілуге септігі тимесе, зияны болмайтын бейнетті жұмыстан қашпаған жөн.

В.А. Кудашев қолжазбасы қазір «Князь Кудашев. Абай өлеңі (Архив географического общества. Ленинград). 1897 жылы жазылған. 32 бет» деген атаумен айналымға түскен.

Бұл қолжазбада жеке тақырыбына қарамастан барлық өлең бірыңғай сандық ретпен сабақтастықта түзіліп жазылған.

Мысалыға:

1. Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
2. Алдамаған кім қалды тірі жанда?
3. Алыс-жақын қазақдұң бәрін көрдім,
5. Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Осылай жалғасып 209 тармаққа шейін келген, әрі қарай «Бүркітші күн боранда шығады аңға» деп қайтадан 1, 2, 3 болып басталған да, әр өлең жаңадан, тармақ бойынша осы ретпен беріледі де, бір тұстарда жалпы санаумен кетеді. Бұл «тәртіпке» қарап өлеңдердің аражігін ажыратуға келмей тұр.

В.А. Кудашев қолжазбасын мәтіндік салыстыруды С. Шорманов қолжазбасынан бастаудың өз жөні бар дегенді айттық. Салыстыру жеке өлеңдер бойынша жасалды.

В.А. Кудашевта бастапқы өлең «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», Шормановта «Сұхбат» («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»).

Бұл өлең В.А. Кудашевта 9 өлең болып берілген.

1-ш. 2-т.

С.Ш. – Нәрсе ғой **екі түрлі** сыр мен сымбат.

В.К. – Нәрсе ғой екі сыр мен сұхбат.

1-ш. 3-т.

С.Ш. – Арзан, жалған күлмейтін, шын **күлетін**.

В.К. – Арзан, жалған күлмейтін, шын **күлерлік**.

1-ш. 4-т.

С.Ш. – Дос табылса жарайды, **қылса** сұхбат.

В.К. – Дос табылса жарайды, **қылсаң** сұхбат.

Әрі қарай да әр шумақта бірер айырма кездесіп отырады. Абай сөзін тануда бірде «оңғақ бұлша» бірде «оңғақ бұлдай» болып оқылып, бірізді жазылуы жөнге қойылмаған осы өлеңнің 3-ш. 4-т. бір тіркес.

С. Шормановта – «Оңғақ болса былғайды, бір **дым** тисе».

В.А. Кудашевта – «Оңғақ болса болғайды, бір дем тисе».

Осындағы «оңғақ болса» «оңғақ бұлша», «бұлдайдан» гөрі әлдеқайда жатық; сөз ұқсатуда ешкімге дес бермейтін Абай оңғақтың бұлға қатысты, яғни матаға байланысты құбылыс, сапа екенін қарабайыр нақтылап, жапсырып айтпаса керек. «Оңғақ болсада» барлығы тұр. Әрі осы шумақтың 3-тармағында бозбаланы қырмызы, қызыл жібек атап отырған теңеуіне теңеу табылмас Абай.

С. Шормановта да, В.А. Кудашевта да кейінгі жинақтарда, соның ішінде 1995 жылғы толық басылымдағы

Керек іс бозбалаға – талаптылық»,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық,
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық –

деп келген келесі шумақ мәтіні жоқ. В.А. Кудашевта 12-ден кейінгі 13, 14, 15, 16-тармақтар түсіп қалғаны көрсетілмейді, ретімен әрі жалғасып отырады.

В.К. 4-шумақтың 2-тармағы – «**Біріндікі** жетпесе бірің жеткіз».

С.Ш. – «**Бріндікін**».

С.Ш. 5-ш. 2-т. – «**Біріңнің** бірің сөйле сөзің тосып».

В.К. – «**Біріңнен** бірің сөзле сөзін тосып».

С.Ш. – 5-ш. 3-т. – «Бірінді **біреуің** құрмет әйлә».

В.К. – «Бірінді **бірің** құрмет әлә».

С.Ш. – 5-ш. 4-т. – «Бейне қорқып тұрғандай, **денең** шошып.

В.К. – «Бейне қорқып тұрғандай **дінің** шошып.

В.А. Кудашев қолжазбасында өлең 6-шумақ, 25-тармақ болып, «Талды сөз мұнан бұрын көп айтқанмын» деп келген.

Осы 6-ш. 3-т. В.К. – «**Ақылды алды-артын** ойлансын деп».

С.Ш. бұл көп нүктелі бірнеше шумақтан соң берілген. 1995 ж.ж. – бұл «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» деп келетін жаңа өлең болып берілген (негізі, Абайдың шығармалар жинағының барлығында дерлік бұл жеке өлеңнің басы болып келеді – Қ.М.).

С. Шорманов қолжазбасында «Сұхбат» аталған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбаттың» 15 шумағы көп нүктемен белгіленіп, әрі қарай В.А. Кудашев қолжазбасында тұтас келе жатқан өлеңнің 7-шумағымен бір мәтінде жалғасқан. С. Шормановта да, В.А. Кудашевта да сәйкес мәтін жоқ жерде көп нүктені қолжазбаны қараған адамдар 1995 жылғы жинақпен салыстырып отырып қойған сияқты. В.А. Кудашевтағы 7-ш. 4-т. – «Ойланып түзелер деп айтқанмын».

С. Шормановта 16-ш. болып тұрған бұл мәтіннің 4-тармағы – «Ойланып түзелер **ме** деп айтқанмын».

В.А. Кудашевтағы 8-ш. 2-т. – «**Бірінен** бірі шапшаң ұға ма сөзін».

С.Ш. 17-ш. 2-т. – «**Бірінің** бірі шапшаң ұқпас сөзін».

В.К. 9-ш. 1-т. – «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін».

Бұл мәтін С.Ш. – «Шыртимай, шалқақтамай сөзге түсін».

Осындағы «Жұртым-ай» сөзі өз орнында тұрған сөз болып естіледі.

Елдің мінез құбылыстарына қаратып айтылған мін, сын сөз болуы да ықтимал.

Араб қарпінде хатқа түскен Абай сөзінің осылай оқылуда, жазылуда «құбылып» отыратын тұсы бір бұл емес. Мәтін салыстыруда көз сүрінетіндей көп кездесіп отыратын сөз өзгерістер. Осындайда жазутанушылардың әрқайсысы әрбасқа оқып та талай мәтін бұзылды ма деп те ойлайсың. Сол тұстан Абай өзі жазған мәтін сақталып бүгінге жетсе де, осындай-осындай кідірістер болмасына кім кепіл? «Абай болмаған» деп жалпақ жаһанға жар салып жүргендердің бұл машақаттан, оның мың-сан түп себебінен, әрине, түк хабары жоқ!

В.А. Кудашевта «Сұхбат» (Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат) 4 тармақтан келген 13 шумақ өлең.

В.К. 11-ш. 1-т.,

С.Ш. сәйкес шумақтың 1-т. – «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін». Бұл тармақ 1995 жылғы жинақта, Абай өлеңдерінің басқа басылымдарында да жаңа, өз алдына бөлек туындының бастапқы жолы болып келеді – «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».

1995 жылғы кітаптағы, сәйкесінше, Абай жинақтарының барлығындағы «Көгірегі сезімді, тілі орамды / Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деп

келетін 1-ш. 3,4-тармақтар С.Ш., В.К. қолжазбаларында жоқ. Бұл өлең С.Ш. қолжазбасында

Қоймайды тағмд етіп жұрт тыншытпай,
Ең әуелгі сөйлеген сөзімді ұқпай.
Наданға айтқан ақыл сол **мұналы**,
Жауғандай тасқа жаңбыр **қалар** жұқпай, –

деген шумақпен аяқталған.

В.К. – «49. Қоймайды **қағида** айт деп жұрт тыныш таппай.

50. **Оның** әуелгі сөйлеген сөзін ұқпай.

51. Наданға айтқан ақыл **босқа кетті**.

52. Жауғандай тасқа жаңбыр **қалды** жұқпай.

Бұл шумақ – 1995 жылғы жинақта да, сәйкесінше, басқа басылымдарда да жоқ.

Неңдей себептен бұл «Сұхбат» аталған өлең кейінгі Абай жинақтарында С. Шорманов пен В.А. Кудашев қолжазбаларындағы құрылымында берілмеген? Жеке сөздердің жазылуын оқып, хатқа қайта түсіруде қай тұстарда жаңсақ түзетулер бар? Бұл тұрғыда ұшы-қиыры жоқ салыстырулардан гөрі осы аталған С. Шорманов пен В.А. Кудашев көшірмелерінің Абай өз қолымен жазып отырған туындылар бойынша хатқа түсу ықтималдығын ескерген жөн көрінеді.

Бұл соңғы шумақ, кейінде, кездейсоқ «өлең тапқыштардың» қосқан мәтіні емес. Абай барда және С. Шорманов та, В.А. Кудашев та Абай елінде болып хатқа түсірген мәтін.

Бұл соңғы шумақты қалпына келтіріп, Абай сөзі құқында танысақ, ұтылатын дәнеңе жоқ. Сырттан жамау қосу болмас. Сонымен бірге әу баста осы «Сұхбаттың» тұтас мазмұндық құрылымын көтерісіп, түзісіп тұрған, сол қалпында да оғаш, өрескел сезілмейтін «Талай сөз» бен «Мен жазбаймын» туралы да ойласу артықтық етпейді.

Абайдың қайсыбір «Ем таба алмай», «Интернатта оқып жүр», т.б. сынды бірде бір өлең, бірде бөлініп екі туынды есебінде басылым көріп жүрген шығармалары бастан кешкен өзгерту, өзгерістердің «Жігіттер, ойын арзанда» да болғанын С. Шорманов пен В.А. Кудашев көшірме қолжазбаларын өзара, 1995 жылғы жинақ нұсқасымен салыстырып отырып аңладық.

Бұл қолжазбалар туралы В.А. Кудашев көшірмесі С. Шормановтың қолжазба жинағының ізімен әзірленген деген асығыс байлам бар. Осы бағытта өлең түгендеп қарағанда екі нұсқада бір атаумен келген осы «Сұхбат», сонан кейін «Кәсіп», «Бүркітші» («Бүркітші күз болғанда шығады аңға») және жыл мезгілдеріне қатысты өлеңдер болғанын, өлеңдердің орын тәртібінде де, нақтылы туынды ретінде алынуында да айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігіне көз жеткіздік.

«Кәсіп» өлеңі С. Шорманов нұсқасында «ұрлық, сұмдық, қулықпен мал табылмас» болып басталады.

10 шумақ.

В.А. Кудашев қолжазбасында да солай берілген. Осы туынды Абай шығармаларының басқа басылымдарында бұлайша «Кәсіп» болып аталмаған; қолжазбалардағы мәтіндік нұсқаларда басталмайды.

С. Шорманов пен В.А. Кудашевта берілген өлең мәтінінде жеке шығарма есебінде басылым көріп келе жатқан «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» деп жүр. Бастапқыда осы «Кәсіп» аталған шығарма мәтіні осындай қалыпта түзілгендігі туралы ой келеді.

Бұл өлең кейінгі жинақтарда жеке шумақ, тармақтар орны ауыстырылып, басқа атаумен беріліп жүр. Бұл «Кәсіп» өлеңі аталған екі қолжазбада бір өлең болса да сөздің жазылуында, оқылуында кеткен айырмашылықтар кездеседі.

С.Ш. – «Сымпиып».

«Қулықшыл».

«өз үйінен»

«соға бермей»

«Ет, қымыз артық болса»

«дәмді іздер ең».

«өз жолың»

«Ас берер»

В.К. – «Сым киіп».

«Қулықты».

«өз өзінен»

«суға бармай»

«Ет, қымыз, ұйқы болса».

«дәмді іздесең».

«өз пұлың».

«Біерер».

Бұл «бұзылыстардың» оқудан, жазудан кеткен айырма екендігі көрінеді. Әйтпегенде, екі қолжазбадағы да мәтіндік нұсқа біреу.

Дәл осы өзектес сөз өзгерістер аталған қолжазбалардағы бір мәтіндік нұсқамен келген туындылардың барлығында дерлік кездесіп отырады.

В.А. Кудашев қолжазбасында «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» болып басталған өлең С. Шормановта «Жыл фасылы» атауымен жазылған. Ішінара салыстыруларда байқалған қайсыбір айырмашылықтары:

С.Ш. 2-ш. 1-т. – «**Жасыл** шөп» болып басталған.

В.К. – «**Асыл** шөп».

С.Ш. 2-ш. 2-т. – «Жастар ойнап».

В.К. – «Жас ойнап».

С.Ш. 2-ш. 3-т. – «Қайыршы кемпір-шалдай».

В.К. – «Қайыршы кемпір-шалдың».

С.Ш. 2-ш. 4-т. – «Жапырақтан айрылған ағаш, қурай».

В.К. – «Жапырақтан айрылған ағаш ұқсап».

С.Ш. 3-ш. 3-т. – «Иіртіп **шешесіне**»

В.К. – «иесіне».

С.Ш. 4-ш. 2-т. – «Астында **күзді** күнгі»

В.К. – «**шуда** күнгі».

С.Ш. 4-ш. 3-т. – «Қай ауылға **барсам** да».

В.К. – «**барсаң** да».

С.Ш. 4-ш. 4-т. – «бола бермес».

В.К. – «көрінбес».

Бұл өлең С. Шорманов, В.А. Кудашев қолжазбаларында аталуында өзгешелік болмаса рет саны үздіксіз қойылып, Абай шығармалар

жинақтарындағы «Жазғытұры», «Жаз» өлеңдері тұтасып берілген. Сөз айырмаларын арнайы салыстыруда «Қараша, желді тоқсан» «ықтырмалап», «тоңғанынан» (бұл сөз осы өлеңнің жинақтардағы басылымында «тоңған иін» болып, оған сала-құлаш ұғымдық түсінік те беріп жүрміз. «Жалыншақты» (жинақтарда «жалынышты»).

1995 жылғы жинақта сәйкесінше Абай өлеңдерінің баспа жүзін көрген мәтіндік түзілімінде беріліп келе жатқан:

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады.
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Бұл шумақтың нұсқалық, мәтіннамалық негіздері туралы әр қалай түсініктер беріледі. Негізінде, абайтанудың ендігі зерттеу бағыттарында түбіне түсіп айқындауды қажет ететін осындай қоспа мәтіндер назарға алынуы керек. Бұл тақылеттес мәтіндік толықтырулар заманында Абайдың өз қолымен де қосылып жазылу ықтималдығы бар, болды. Осы мәнде Абай өлеңдерінің авторлық редакциясы туралы Амантай Исин сынды зерттеушілер болжамында қисын жоқ емес. Дәл осы шумақ туралы 1933 жылғы Абайдың тұңғыш толық жинағын әзірлеу барысында Мұхтар Әуезов осы жолдардың түсіп қалып басылғанын ескертеді.

В.А. Кудашевтің жеке бас өмір деректері, осы бағыттағы энциклопедиялық басылым, анықтамалықтардағы жаңсақ пікірлер туралы абайтанудағы дерекнамалық негіз мәселесінде шет жағалап айтқан едік. Бұл мақалада С. Шорманов қолжазбасы мен (1897) В.А. Кудашев әзірлеген Абай өлеңдері топтамасының Абай мұрасын мәтіндік-мәтінтанымдық тұрғыдан зерттеуде бастапқы хатқа түсіп, баспаға ұсынылған, оң бағаланғанымен қилы себептен баспадан шықпай, қолжазба қалпында сақталып келген тарихи-дерекнамалық құжат, түпнұсқалық ықтималдығында танылуы тиіс мәтіндік жәдігер маңыздылығы турасында ой қозғалды. Текстологиялық зерттеулерде назарға алынып отыру өзектілігіне мән берілді.

АДАМГЕРШІЛІК МҰРАТТАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЙНАРЫ

Гуманизм мұраттары мен қағидаттары – адамгершілік әлемінен бастау алып, берік қарым-қатнасқа құрылып, құндылықтар қайнарына кең өріс ашады. Мұның шығармашылық үдеріске, тұлға табиғатына да қатысы бар [1, 73].

Алаш руханиятының бір бағыты, кең арнасы – Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасынан да кеңінен көрініс береді [2, 296; 336]. Әсіресе, ондағы елдік мүдде, ұлт мұраты, адалдық пен әділдік, бірлік пен береке, білім мен ғылым, дәстүр мен дін, жастық пен достық, парыз бен қарыз, қанағат пен иман, рахым мен сабыр, сенім мен сезім иірімдері – даму арнасын, жасампаздық жолын, өмір сүру философиясын да айқын аңғартады. Маңыздысы, әділетті қоғам мәнін, ежелгі тарихи һәм мәдени құндылықтардың қыр-сырын тану, ұлттың жаңа сапасын арттыру бағытындағы ойлар мен толғаныстарынан терең танылады. Ал, құндылықтар негізі – адам мен оның еңбегі арқылы көрініп, жарасымды жалғасын табатыны, қоғамдық дамуға әсерінен көрінетіні де жүйелі жеткізіледі. Оның басты белгісі мен негізгі шарты – ел мүддесі мен ұлт мұратына қызмет етуден көрінеді. Оның мәнісі, батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай: «...елім деп езіліп, жұртым деп жұмылып халыққа қызмет ету керек». Таратып айтсақ, Пайғамбардың өзі: «Мен көркем мінезді толықтыру үшін келдім», – десе, Хакім Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсемен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – екенін баса айтады. Мұның бәрі, сайып келгенде қоғам дамуына ден қойып, елдің ұлттық болмысын айқындауға бағытталған саналы әрекеттің ұнамды үлгісі. Абай әлемінде, шығармашылық қазынасында мұның мысал, деректері көп. Өйткені: «...Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді» [3, 18].

Осы орайда, Хакім Абайдың өлең өнері мен «Қара сөздер» мұрасын қатар сөз етіп, елдік мүдде мен ұлт мұратының асыл арналарына, мәдени-рухани һәм танымдық-тағылымдық сипаттарына ден қоюдың маңызы ерекше болып табылады. Ақиқатында, Абай поэзиясының тұтас мазмұнынан қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, заман шындығы, адам өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігі кеңінен көрінеді. Айталық, «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» деген өлеңі көлем жағынан ғана емес, мазмұн жүйесі һәм жеткізу жолдарымен де мәнді әсер етеді. Өлеңнің әрбір бөлігінің бастапқы тұсында - «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» деген қайталаулар негізінде адам өмірі, жастық кезең мәні, ғашықтық сипаты айқын көрінеді. Албырт шақ, асау жүрек, көңіл толқындарының тебіреністі-тербелісті тұстары да терең танылады. «Сабыр түбі – сары алтын» деген халықтық қағидатты берік ұстаным етеді.

«Дүние даяр өтерге, Ажал даяр жетерге» дегенді де негізгі назарда ұстайды. «Бейнет көрмей, дәулет жоқ» екенін жан-жүректің таразысы, темірқазығы етеді. Иман, дәулеттің бәсін биік қояды.

Ал, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңде оқу-білім мәні кең орын алады. Ғылым ісінің маңызы да әр қырынан ашылады. Жастай алған білім-ғылымның мәні мен нәрі, елдік сипаты, рухани байлығы, көркемдік көкжиегі де кең түрде танылады.

Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, –

деген бастапқы мақсатын, ақ адал ісін, түпкі ойын да бүкпесіз жеткізеді. Оқу-білімнің мәні, ғылымның – қуат-күші, адамның өсіп-есеюі мен ел дамуы үрдістеріндегі орны да жан-жақты айқындалады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» атты өлеңде ел өмірі мен тынысы терең көрініс береді. Адам мұраты мен борышы, өмір кезеңдері, кәрілік орны, жастыққа тән сипаттар сараланады. Бұдан басқа, ел ішіндегі келеңсіз көрініс, кереғар жайттар, атқамінерлердің ұр да жық әрекеттері, ақылды мен ақылсыздың өзара қатынас-айырмасы, арзан мадақ пен салмақсыз даңқтың сиқы, еріншек пен өтірік, бос мылжың мен құр қылжақ, арамдық пен жамандық, ұрлық пен қулық-сұмдық сипаттары да мәнді беріледі. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» атты өлеңнен ел іші, атқамінерлер тобы, еңбексіз табыс табу жолының мың сан үлгі-үрдісі көрініс береді. Әсіресе, бай-бағландар сипаты, би-болыс сиқы, жарлы мен дос мәні, сұм-сұрқияның құлық-сұмдықтары ел өмірімен байланыстырылады. «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып», ел үстінен күнелткен «алармандардың сұм-сұрқия» сиқы, арзан мадақ, қулық-сұмдықтары әшкереленеді. Қанағатпен көңіл тоғайтқан қалың жұрттың орын-үлесі де көрсетіледі. Ал, «Көңілім қайтты, достан да, дұшпаннан да» өлеңінен қоғамдық құбылыстар мәні айқындалып, алыс-жақындағы жақсы-жаман көріністер, әдет-дағды, кәсіптегі жат та теріс жағдаяттардың сыр-сипаттары кең орын алады. Бай мен саудагердің пайда, табыс жолындағы ардан аттап, мал қызығына түсіп, ұрлық-қарлыққа «батыл қадам» жасағаны, көп тентектің ел ісінен аулақ жүруі, қылмысқа жазаның сай болмауы да сын-мін ретінде аталады. Бастысы, болыс сайлауы тұсындағы әр қилы келеңсіз-кереғар жайттар, елдің бірлік-берекесін кетірген атқамінерлер әрекеті, ру тартысы, ағайын арасындағы алауыздық мәні мен сиқы, қысқасы қоғам мәні, заман шындығы, уақыт рухы бар қырынан жан-жақты ашылады. Тіпті:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Немесе:

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,

Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық, —

деп елдегі бірлік-береке мәні, ағайын қарым-қатынасынан өзге көз бен көңілге кереғар әсер етер келеңсіз көріністер: атқамінерлер әрекеті, еңбексіз пайда-табыс жолындағы залым-зымияндар, сұм-сұрқия, қулардың көлеңкелі, сұрықсыз сиықтары, бәрі-баршасы мінеліп, сын тезіне алынады.

Ақынның бірқатар өлеңдерінде — «Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ», «Бір дәурен келеді күнге — бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» т.т. өмірден көрген-түйген тәлімді тәжірибелер, ел көріністері, ондағы артық-кем тұстар сын садағына ілінеді. Еңбексіз өмір мәні, адалдық пен әділетті іс, жалқау мен еріншек, сұм-сұрқия, сұғанақ сиқы бар қырынан көрсетіледі. Басында миы, алдында малы, үйінде берекесі жоқ кейбірінің шектен тыс кеуде керіп, кербез күйге еніп, кердең қаққан қуыс кеуделері де көпке күлкілі көрсетіліп, әр қырынан әжуә етіледі. Ақын бастапқы тұста:

Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,
Оларға жөн — арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз, малға бөккен кісімсініп,
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Немесе:

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,
Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ, —

десе, «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық» өлеңінде адамдық борыш, адал еңбек, жастық мәні, еңбек сипаты, ақсақалдық жол, өнер орны, таным көкжиегі, тәрбие арналары кең түрде ашылады:

Жастықта бір күлгенің — бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

Немесе:

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық.
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Ақын мұраты анық: адамдық борыш, адал еңбек, әділ іс, бірлік-береке мәні. Алайда, қоғамдағы кереғар жайттар, адамдар арасындағы келеңсіз көріністер, берекесіз тірлік, тұрмыстағы жүдеу тіршілік, тайыз сана, ұрлық-қарлық, сұм-сұрқия сиқының кері әсері жіті танылады. Елдік мүдде айқындалып, «Ақсақал жолы» мен мәні кең түрде ашылады.

Ақынның «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әр неге» сынды өлеңдері тақырыптық мәні, мазмұн жүйесі, сөз мәні, ой өзегі тұрғысынан өз ара жақын, үндес келеді. Ақын алғашқы тұста:

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы, –

деп көз бен көңіл қуанышын қатар білдірсе, кейінгі кезекте ата-ана орны, шарифат ісі, оның мән-маңызы ашылады. Бос мақтан, даңқ пен дақпырттың кедергі-кесірі, жат-теріс сиқы сыналады. Керісінше, «Талапты ерге нұр жауар», «Адал жүріп, адал тұр» сынды бағыт-бағдар беріліп, ақ жол көрсетіледі. Адамдық борыш, адал еңбек, өмір өрнегі алға шығады. Сондай-ақ, «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» сынды өлеңдерде қоғамдық жағдаят, заман шындығы, уақыт рухына қатысты ортақ мұрат, мәнді сипаттар бар.

Бұдан басқа, «Ішім өлген, сыртым сау», «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Біреуден біреу артылса», «Сәулең болса кеудеңде», «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да», «Асқа, тойға баратұғын», «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» сынды өлеңдерден де ел-жер жайы, адам өмірі мен еңбегі, бақи мен фәни дүние, баянсыз тірлік, тағдыр талқысы, балалық пен жастық шақ, жігіттік пен кәрілік мәні, әдет-дағды, дәстүр, мінез құбылысы, жан-жүрек, көңіл толқындары, дос-дұшпан сипаты, ақыл-парасат, ар-намыс, жалғандық пен надандық, бос мақтан, негізсіз дақпырт, бейқамдық т.т. нақты да нанымды беріледі.

«Сегіз аяқ» – тақырыбы бөлек, жүйе түрі ерек, мағынасы мен мазмұны терең, көлемді де көркем өлеңдердің бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан тұратын туындының ой-сөз жүйесі мәнді, мазмұн-түйіні нәрлі болып келеді. Ақын мұраты айқын: көрген-түйген тәжірибесі негізінде қоғам құбылысын, заман шындығын, адам өмірі мен еңбегінің әр қилы сәттерін жан-жүректен толғап, көңіл толқынында тербеп, осы арқылы қордалы ойлары мен толғаныстарын еркін айтып, мәнді өрістетіп, көркем дамытып, жүйелі жеткізеді. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» мүмкіндігі алыс-жақынға жетіп, жан-жүректі тербеп, бойға жайылады. Көңілді кернеп, ой-сезімді қозғайды. Алыстан тартып, қиядан шалып, бойды билеп, ерікті алып та сөз жүйесі кең өріс алады. «Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмасын» да анық аңғаруға болады. «Көңілсіз құлақ – ойға олақ» екені де терең танылады. Жұрт жадындағы надан жанның: «Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ» еріксіз сиқын, мәнсіз тірлігін «күлкішіл кердең» сипатында береді. Арсыз, ұятсыз кейпі де көрінеді. «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», – дейтіні де содан. «Байлаусыз ақыл», «Күпілдек мақтан» мәні де ашылады. Ақын поэзиясынан аңғарылатын: «Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой» екені терең танылады. «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап»

сынды ойлар мен толғаныстарынан дәуір дидары мен заман шындығы көрініс береді.

Ақын өлеңдерінің бір шоғыры – жастық, достық, махаббат тақырыбын кеңінен қозғап, жан-жүректің жырын, көңіл толқындарының нұрлы, сырлы сәттерін бүкпесіз баяндайды. Жалын жастық пен достық сыры – мөлдір махаббаттың негізін құрайды. Ойға алсақ, «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің тақырыбынан танылатынындай, бойжеткен қыздың бүтін болмысы, ішкі-сыртқы көріністері, тұтас мүсіннің табиғаты мен тағылымы, жарасымы кең түрде суреттеледі. Алғашқы тұстан-ақ жас сұлудың кең маңдайлы келбеті, нұрлы жүзі, қара көзі өзіне тартып, баурап алады. Ақша жүзін айдай қара қасы, алқызыл түске енген ажар-көркі де барынша нұрландыра түскені де анық. Кейінгі кезекте:

Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.
Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды...

Ақын келесі тұста жалпы қыздарға тән кейбір ерекшелік пен оғаш мінездер төңірегінде де сөз етеді. Қайсыбір жігіттердің мақтанға жақын, ұсақ әрекеттері де сын тезіне алынады. Негізінен, аталған өлеңнің мазмұн-құрылымынан іштей үш бөлікті аңғарар едік. Алғашқы тұста – қазақ қызының болмысы мен келбетін көрсек, келесі кезекте – жалпы қыздардың кейбір мінез құбылыстарын, соңғы бөліктен – жігіттер арасында кездесетін арсыздық пен жылпостық, ұсақтық сынды сипаттар сыры ашылады. Айталық, «Білектей арқасында өрген бұрым» атты өлеңнен бойжеткен қыздың бітім-болмысы, қабілеті мен қасиеті, жарасымды қыры бір бүтін болып көз алдыға келеді. Ал, «Жастықтың оты, қайдасың», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Кейде есер көңіл, құрғырың», «Қызарып, сұрланып», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» сынды өлеңдер топтамасынан адам мұраты, өмір мәні, жастық, достық сыры, ғашықтық ғаламаттары мәнді көрінеді.

Ақын өлеңдері арасында жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін кең көлемде көрсететін туындылары да бар («Жаз», «Жазғытұры», «Күз», «Қыс» т.т.). Аталған өлеңдер жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын әр қырынан ашып, мәнді ой қозғап, айнала-әлемнің көркем-суреттерінен сыр шертеді. Әр алуан ізденіс, көрініс-суреттер, өз ара салыстыру-салғастыру тұстарынан қоғамдық құбылыстар, адам әлемі, өмір кезеңдері, еңбек мұраты ақиқат жайттарымен назар аудартады. Образбен ойлау жүйесі, бейнелі құралдар мәні, әр қилы салыстыру сипаттары да нанымды өріс алады. Адам әлемін, өмір тағылымын, табиғат ғажайыптарын, уақыт рухын бейнелі көрініс-суреттер, шынайы шындықтар арқылы жеткізу мұраттары айқын.

«Қара сөздер» мұрасында Хакім Абай ұлт мұраты, елдік мүдде мәселесін – еңбек, білім, ғылым, өнер төңірегінде кеңінен өрбітеді. Алыс-жақын елдердің (мысалы, орыс, ноғай, сарт т.с.с.) өмір-тұрмыс, кәсіп-дағдыларына, дәстүрлеріне ден қояды. Олардың білім-ғылымға, еңбекке, өнерге, саудаға бейімділігі, содан алға озып, ілгерілегені үлгі етіледі.

Ал, надандық пен жалқаулық, еңбексіз бен жылпостық, залымдық пен зұлымдық, ұрлық пен бұзақылық сыры былай беріледі: «...ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ-қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». Бұл тұстардан, сөз жоқ өмір-тұрмыстағы кәсіп-дағды, дәстүрден өзге, еңбек мұраты басым бағыттарға ие болады. Ар ісін, ақиқат ілімін, жан-жүректің нұры мен сәулесін бәрінен жоғары қояды.

«Қара сөздердің» асыл арқауы мен басты бағыттары – Адам әлемін ашуға арналады. Адам мұраты мен адамшылық жолы, ар мен ұяттың маңыз-мәні кең орын алады. Хакім Абай білім-ғылымға, өнерге сергек қарайды. Оны оқып-білу, үйрену керектігіне көп көңіл бөледі. Оған қатысты: «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі» дейді. Одан кейінгі жерде: «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсек қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсек, мінездің беріктігі бұзылады. Одан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды ақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!», – дегенді анық айтады. Ақыл-парасат, ар-намыс, жүрек ісі жоғары қойылады. «Хақтың бір аты – Алла, ғылым – Алланың бір сипаты» дегенді баса көрсетеді. Иман ісін алға шығарады. Білім-білікті, дін-дәстүрді, өмір тағылымын үлгі етеді. Анығында: «...Абай – әлемдік деңгейдегі ойшыл» [4, 32].

Хакім Абайдың поэтикалық өнері мен «Қара сөздер» мұрасында ұлттық мұрат пен жалпыадамдық құндылықтар кең орын алады. Адамзат өркениетіне тән – Ағартушылық құбылыс, ұлт мұратына негізделген ұлылық ұлағаты, рухани тұлғаның болмысы айқын аңғарылады. Ол, әсіресе Тұңғыш Президент – Елбасының «Абай аманаты» (ЕҚ, 8.10.2020), ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» (ЕҚ, 9.01.2020), «Абай – рухани реформатор» (ЕҚ, 10.08.2020) атты бағдарламалық бағыт-мақсаты айқын мақалаларынан кең көлемде көрініс тапты.

Тегінде, даналық қонып, даралық танытқан талант тағылымының мәні мол, әлемі байтақ, өрісі кең. Осы реттен келгенде: «... Абайдың шеберлігі – әр сөздің орнын табуында; ал орнын тапса, ойнамайтын сөз жоқ» [5, 42].

Бұдан байқалатыны, Абайдың шығармашылық қазынасының құндылық қайнарлары қатарынан – гуманизм қағидаттары, яғни адамгершілік әлем арналарының бағыты айқын, деңгей-сапасы жоғары, мазмұны байтақ,

көркемдік кеңістігі кең, мәдени-рухани һәм танымдық-эстетикалық әсер-
ықпалы зор, ғибраттық-ұлағаттық тағылымы мол екені жіті танылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Энциклопедия искусства. Терминологический словарь. – Алматы, 2010. – 73-74 беттер.
- 2 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, Т. 1. – 2004. – 296 бет; Т. 2. – 2004. – 336 бет.
- 3 Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 бет.
- 4 Есім Ғ. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. – Нұр-Сұлтан: «Хас-Сақ-2016», 2019. – 640 бет.
- 5 Қабдолов З. Арна. Зерттеу, сын, эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 бет.

Н. МАМЕДОВ,
доктор филологических наук,
профессор Бакинского славянского университета,
(Азербайджан)

ВЕЧНО ЖИВОЙ ФЕНОМЕН ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ – АБАЙ КУНАНБАЕВ

В нашем материале изучению подвергаются философско-эстетические, воспитательно-психологические, мировоззренческо-культурологические и морально-этические взгляды яркого представителя казахской истории, культуры и литературы Абая Кунанбаева. Вот уже не одно десятилетие изучаются отдельные проблемы творческого наследия поэта, где мы систематически и последовательно рассматриваем точку зрения Абая на историю казахов, воспитательные, педагогические, психологические, философские идеи, источниками которых для нас являются многочисленные стихи, поэмы, «Слова назидания», переводы из русской, немецкой, английской поэзии на казахский язык и т.д. и т.п. Для глубины и полнокровности анализа мы считали необходимым параллельно изучать богатую теоретическую и практическую литературы, посвящённые жизни, творчеству и философским воззрениям писателя. При каждом повторном обращении к сочинениям Абая перед нами открывается чудесные грани таланта этого самобытного мыслителя.

Имя Абая Кунанбаева особняком стоит в истории культуры казахского народа. Вошедший в национальную литературу как поэт, философ, эстет, просветитель, непревзойдённый мыслитель, общественный деятель, композитор, музыкант, основоположник казахской письменной литературы, реализма и реформатор он больше и лучше, чем кто-либо, стремясь развитию родной культуры, наряду с прочими направлениями, многое сделал в деле сближения её с русской и европейской культурой на основе просвещённого либерального ислама.

Формированию его философско-эстетических и мировоззренческо-этических воззрений способствовали гуманистические взгляды как персидско-арабских мыслителей Фирдоуси, Ибн Сины, так и тюркских Низами, Навои, Физули и др. классиков. Помимо сказанного, его внутреннему обогащению в значительной степени также помогли не только собственные оригинальные образцы, но и активная переводческая деятельность, в результате которой, много переложив ярких сочинений русских, немецких, английских поэтов на казахский язык, оставил неизгладимый след в родной поэзии.

Абая исследователи по праву называют новатором в истории казахской поэзии.

В отличие от своих предшественников во многих его сочинениях времена года («Весна» – 1890; «Лето» – 1886; «Осень» – 1889; «Зима» – 1888 и др.) по-своему и по-новому открываются чудесные картины родной природы [11]. Некоторые стихи Абая напоминают нам образный и природный мир таких азербайджанских поэтов, как Мирза Алекпер Сабир, Аббах Саххат и др.

Оригинальные поэмы Абая «Масгуд», «Сказание об Азиме» и «Искандер», будучи посвящёнными отдельным вопросам общественно-политической, морально-нравственной и другим темам, несмотря на свои некоторые подражательные элементы, носят весьма самостоятельный характер. Так, например, в двух поэмах «Сказание об Азиме» и «Искандер» Абая достаточно чувствуется обращение к творческому наследию азербайджанского классика XII века Низами (1141-1209). Несмотря на тематическую и идейную близость, каждая из поэм казахского автора также привлекает внимание творческим решением материала, содержанием, образами, сюжетно-композиционной законченностью, мировоззрением героев и т.д.

Абай звал казахский народ к овладению образцами передовой русской и мировой культуры. Его поэтическое творчество опиралось на глубокие основы философских, общественных и психологических взглядов. Несмотря на то, что именно эта особенность его творчества на протяжении полувека оставалась белым пятном в абаеведении, одним из первых на эту особенность деятельности Абая ещё в 50-е годы XX в. обратил внимание Т.Тажибаев в своей интересной книге «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева» [8].

Прав автор книги в том, что свои философские идеи он высказывал как во многих произведениях, так и в «Гаклии» («Назидании»). Глубокий философско-познавательный характер, гуманизм и просветительство являются основной чертой абаевского литературного творчества... Наряду с выше отмеченными, формированию философских взглядов поэта не могли не оказать влияние взгляды древнегреческих учёных (особенно Сократа и Аристотеля) и западноевропейских философов Спинозы, Спенсера и Миля, а также эволюционное учение Дарвина, которое изучалось Абаем [8, 5].

Новым в «Гаклии» является то, что Абай в ней пытался дать трезвый анализ и научно-обоснованное толкование распространённым в его эпоху в народе пояснениям о природе, морали, духовной жизни человека, сделал попытку связать отдельные философско-эстетические и морально-этические понятия с проблемами практической жизни и проиллюстрировать жизненными примерами основные положения материалистического взгляда на природу. Помимо отмеченного, Абай сделал также попытку дать анализ духовной деятельности человека и определить её качественное своеобразие и отличие от психики животных.

Казахский учёный А. Конратбаев ещё в 40-е г. XX в. в статье «Абайдың философиялық көзқарастары» [5], анализируя воззрения классика, верно считал, что Абай стоял на позиции материалистической философии.

Изучая сочинения великого поэта, Т. Тажибаев, приводя мысли выдающегося поэта, пишет, что Абай верно считал, что в отличие от животных, человеку даны эстетические свойства, он поставлен на две ноги, вертикально вверх головой, чтобы созерцать мир; чтобы как другие животные, не принимать пищу своей головой, даны в прислугу голове две руки, когда руки подают в рот пищу, чтобы он не мог не заметить, что есть и что пьёт, над ртом

расположен нос, воспринимающий запахи, под носом – два глаза, распознающие чистоту пищи; даны веки, предохраняющие глаза от повреждения, даны ресницы, чтобы не образовалось трение век во время их открывания и закрывания; чтобы пот со лба не стекал к глазам, даны отводящие его в стороны брови, человеческому лику дана приятность; функция, не выполнимой ни одним из этих органов, выполняется совместно» [6, 12].

Неслучайно, что Абай воспевал национально-нравственные ценности казахского народа и был одним из великих идеологов просветительского движения в Казахстане. В его творчестве отражены глубокие идеи независимости Казахстана, а в книге «Чёрные слова» мысли обращены к казахскому народу с призывом бороться за своё лучшее будущее [2, 10].

По мнению некоторых казахских учёных Абай является основателем дефицитарной психологии казахов (по Маслоу). И делают они эти умозаключения, ссылаясь на сочинения поэта. Быт казахов прямо зависит от скота, то есть быт и бытие казахов зависят от удовлетворения потребностей, прежде всего телесных. «Пороки эти оттого, что люди озабочены только одним – как можно больше завести скота и стяжать тем самым почёт у окружающих», – писал Абай про психологию казахов...». Именно среда, образ жизни, связанный со скотоводством, формировали психологию его сородичей. Таким образом, Абай получил новые данные о природе, психологии казахов. Его волновали не скот, а положение и духовный мир казахов, обречённого заниматься только приумножением скота. Это положение казахов он называл «пороками», т.е. именно этим он осуждал, что казахи не занимаются другими полезными вещами. Порок имеет у казахов происхождение, связанное с образом жизни, мышлением. Если исходить из теории мотивации, то Абай говорит о трёх видах мотивации казахов – эта дефицитарная мотивация, направленная на восполнение дефицита как потребности иметь больше скота, чтобы удовлетворить телесную потребность в еде, вторая потребность бытийная, т.е. потребность выше праздный образ жизни, за что Абай жестоко критиковал соплеменников. О третьей потребности Абай говорит сам, приводя в пример другие народы, которые в своём развитии далеко ушли от казахов [4, 596-599; 9].

Как мы видим, Абай в каждом конкретном случае свои философские взгляды тесно связывает с просветительскими идеями и выступает как ярчайший идеолог прогрессивной части казахского крестьянства, стремившегося к экономическому и культурному сближению с русским народом и понимавший полезность изучения русской науки и русских знаний, выгоды просвещения. Человеческое сознание Абай рассматривает в тесной связи с трудовой деятельностью человека. В этом отношении заслуживает внимания «Двадцать седьмое слово», где, показывая сущность отличия человека от животного, Абай утверждает, что люди от животных отличаются своей сознательностью, способностью исследовать и познать законы окружающего мира.

Относительно науки Абай пишет, что наука требует от людей упорства, настойчивости, терпеливости, требует к себе горячей любви и беззаветной преданности. Только упорный и продолжительный труд позволяет людям овладеть наукой и знанием.

Просвещение Абай рассматривает как великую силу, помогающую людям познать пороки общественной жизни и находить пути устранения этих пороков [1].

Глубоко ощущавший социальное неравенство казахского общества, Абай искренне сочувствовал бедняку, влачащему жалкое, мучительное существование и подвергал беспощадной критике представителей власти. Его острообличительные стихотворения служили грозным оружием и дали значительный вклад в историю казахской литературы. Неслучайно, что И.Дюсенбаев так писал о нём: «Для нас он ясен, как светило казахской литературы, солнце казахской поэзии» [3, 194].

Абай стихами и песнями смело вторгался в мрачную действительность своего времени, призвал разрушать препятствия, мешающему прогрессивному развитию народа. Все творчество поэта отразило думы и чаяния родного народа о справедливой жизни. Великий просветитель во всём своём творчестве сформировал уникальные мысли о человеке, о его роли в окружающем обществе. При этом он хорошо представлял себе то, что каждая историческая эпоха рождает своё особое видение человека и его роли в обществе.

Читая произведения Абая, мы видим, что он всегда хотел продвигать свою страну вперёд. И всегда шёл за этой идеей. Наука и образование – основа прогресса. Абай всегда заботился о полноценном изучении казахского языка. Он говорил, что народ не будет на высоте, пока не овладеет знаниями [7, 103]. Вопрос о том, что такое человек был наиболее актуальным в философии и социологии и в эпоху Абая. Если Сократ, пытаясь определить сущность человека, проанализировал его индивидуальные качества и добродетели; мудрость, благость, справедливость, умеренность, доблесть, то Абай полагал, что, развивая свои добродетели, человек достигает гармонии души. В таком случае её не может разрушить даже физическое насилие. И гармоническим сочетанием всех добродетелей является справедливость.

Несмотря на то, что мысли высказанные Абаем имеют почти 130-ти летнюю историю, тем не менее они и сегодня актуальны не только для жизни казахского, но и жизни других народов. Именно это и говорит о бессмертии его философско-общественных, социально-психологических взглядов. Вот почему имя Абая для казахов ассоциируется как вечно живой феномен.

Список использованной литературы:

- 1 Бейсембиев К. О философских взглядах Абая Кунанбаева – <https://abai.kaznu.kz>rus>
- 2 Газета «Наука», 2020, 18 декабря, с. 10.
- 3 История казахской литературы. в 3-х т. Т. 2. Под ред. И.Т. Дюсенбаева. Алма-Ата, «Наука», 1979, с. 340.

- 4 Кенжегалиев К.К., Кискбаева А.Б., Накешов Ж.К., Баймуханбетова К.М., Дарибаева М.Д., Асаров М.М. О параллелизме гуманистической психологии Абая Кунанбаева и Абрахама Маслоу // *Фундаментальные исследования*, 2014, № 3 – 3; с. 596-599.
- 5 Конратбаев А. Абайдын философиялык козкарастары. Алма-Ата. Газета «Социалистик Казакстан», 1945, 10 август.
- 6 Кунанбаев А. Шыгармаларынын толык жинагы, с. 375.
- 7 Мамедов Тагисой Н. Полноценный человек в философско-художественном и морально-нравственном понимании Абая Кунанбаева. // *Журнал «Литературный Азербайджан»*, 2021, № 1, с. 102-105.
- 8 Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. Алма-Ата, Казахское государственное издательство, 1957, с. 81.
- 9 [URR://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33722/](http://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33722/)
- 10 <https://adebiportal.kz>>view
- 11 <https://www.anl.az>>dekabr

Б. КАРИМОВ,
Ведущий научный сотрудник института востоковедения
Академии наук Республики Узбекистан,
доктор философских наук, профессор

ПУТЬ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ И ЯЗЫКОВОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХСКОЙ НАЦИИ ПОСРЕДСТВОМ ПРЕВРАЩЕНИЯ ЯЗЫКА АБАЯ В МИРОВОЙ ЯЗЫК

Великий поэт и просветитель Абай Кунанбаев внес неоценимый вклад в формирование и развитие литературного казахского языка. В процессе глобализации, модернизации, интенсификации формирования мировой информационной цивилизации важнейшей задачей становится сохранение и развитие национальной и языковой идентичности наций. Эта задача важна и для казахской нации в условиях многоязычной ситуации в Республике Казахстан.

После достижения независимости Республикой Казахстан и казахской нацией делаются большие усилия для подъема внутригосударственного и международного социального статуса казахского языка. Принята и проводится в жизнь государственная программа по поддержке развития казахского языка как государственного языка страны. Созданы центры по обучению казахскому языку и традициям. Однако в этом направлении есть еще много трудностей и нерешенных проблем. В межнациональной и в международной системе коммуникации казахский язык используется недостаточно активно. В этих функциях в основном используются русский и английский языки. В комплексе эти факторы понижают социальный статус и имидж казахского языка. Для прорывного ускоренного повышения социального статуса казахского языка требуются оригинальные нестандартные решения, так как стандартные решения не дают ожидаемого эффекта в требуемые сроки, несмотря на очень большие выделяемые средства.

Цель данного проекта: Обеспечить научную основу для прорывного инновационного модернизационного повышения внутригосударственного и международного социального статуса казахского языка посредством создания близкородственного среднетюркского языка ортатюрк, имеющего потенциальные возможности для превращения в международный язык признаваемый ООН [1; 2; 3; 4; 5]. Для достижения этой цели требуется решение следующих задач: 1) создать среднетюркский язык ортатюрк; 2) создать координированную и унифицированную систему алфавитов национальных тюркских языков и языка ортатюрк; 3) создать координированную терминологическую систему тюркских языков и языка ортатюрк.

Среднетюркский язык ортатюрк в лексическом аспекте будет близок к языку Абая (1845-1904), одного из последних классиков, писавших на литературном тюркском языке до юридического превращения этого великого языка в мертвый язык в 1924 году. Эта шовинистическая, отрицающая право

наций на самоопределение акция по уничтожению тюркского языка была осуществлена в ходе так называемого «национально-государственного размежевания» произведенного посредством массового террора под руководством Сталина без выявления свободного волеизъявления народа Туркестана.

Реализация данного проекта создания языка ортатюрк и совершенствования системы функционирования тюркских языков и письменностей выступила бы как фактор прорывного, инновационного, модернизационного социального развития государств и наций, входящих в Тюркскую и Центрально-азиатскую цивилизации и, в целом, Мировой цивилизации.

Для социально-экономического развития Казахстана выполнение данного проекта имело бы большое значение, так как позволило бы оперативно, без очень больших затрат собственных ресурсов, коллективными усилиями всех тюркоязычных народов и структур ООН, получать основную мировую информацию и передавать миру свою информацию на близкородственном международном, мировом языке ортатюрк. Это подняло бы социальный статус и имидж казахского языка почти до уровня международных, мировых языков. В свою очередь, это привело бы к повышению и его внутригосударственного социального статуса.

Возможны следующие негативные последствия в случае отказа от данной программы. Будет упущена стратегически важная историческая и геополитическая возможность самосохранения и успешного саморазвития Казахстана, казахской нации и казахского языка на основе опоры на сотрудничество и взаимопомощь родственных тюркских народов. Казахский язык, может быть, будет оттеснен из основных сфер социальной жизни такими международными, мировыми языками как русский, английский и китайский языки или подвергнется их очень сильному деформирующему воздействию. В результате этого языковая, национальная и государственная идентичность населения Казахстана может испытать большие колебания и стать нестабильной в процессе глобализации и мощного воздействия нетюркских геополитических акторов. Это противоречит национальным интересам и национальной безопасности Казахстана и казахской нации.

Существуют следующие основные варианты решения проблемы языка меjtюркского межнационального общения: 1) Признание английского языка как лидирующего мирового языка, который знают многие представители тюркских народов в качестве языка меjtюркского межнационального общения; 2) Признание русского языка как одного из мировых языков, который знают многие тюркские народы в качестве языка меjtюркского межнационального общения; 3) Признание одного из национальных тюркских языков в качестве языка меjtюркского межнационального общения; 4) Возрождение языка «тюрки» в качестве языка меjtюркского межнационального общения; 5) Создание среднетюркского языка «ортатюрк» методом усреднения тюркских языков, признание его в качестве языка

межтюркского межнационального общения, языка информации имеющей общетюркское и мировое значение и достижение признания его в качестве одного из языков ООН [1; 2; 3; 4; 5]. Этот пятый вариант мы предлагаем реализовать, так как он не предоставляет привилегий и не создает ущемления прав и достоинства каждого из тюркских народов, он дает им право использовать свой тюркский язык как государственный язык в своем национальном государстве и развивать его в меру своих возможностей, обеспечивая равноправие и равенство всех тюркских языков между собой.

В международном статусе язык ортатюрк способствовал бы сотрудничеству между тюркскими народами, информационно-коммуникативному, духовно-интеллектуальному развитию личностей и социальных групп Казахстана, Тюркского мира и всей Мировой цивилизации.

Процессы развития языков, особенно проблемы изменения языковой идентичности, целесообразно оценить с точки зрения соотношения прав человека и прав наций и языковых групп личностей. В индивидуалистической концепции личности личность отрывается от сформировавшего её социума и рассматривается как независимое априорно самодостаточное исходное начало для оценки всех процессов происходящих в мире. Права социума, общности, коллектива, который сформировал данного человека, при этом учитываются в недостаточной мере. Целесообразно достичь большей гармонизированности в соотношении прав личности и прав социума. Для этого необходимо учесть социальную сущность человека и нации. В этой связи целесообразно использовать ойкуменическую теорию нации, концепции этносизма, этнолингвопанализма, усредненных и среднемирового языков [1; 2; 3; 4; 5], которые в целом составляют лингвогеополитическую концепцию, ведущую к синтезу языков Востока и Запада, всех языков Человечества.

В контексте ойкуменической теории нации рассмотрим проблемы глобального развития и пути сохранения национальных культур, языков, развития языковой и культурной конвергенции Востока и Запада. В этих вопросах целесообразно достичь оптимального сочетания общечеловеческих и национальных интересов. Для обеспечения единства Человечества и сохранения его многообразия целесообразно создание системы усредненных языков для групп генеалогически родственных языков [1; 2; 3], а в дальнейшем создание среднемирового языка посредством усреднения в многообразии усредненных языков и изолированных языков на основе ностратической (борейской) концепции, концепции языковых универсалий и статистических методов усреднения языковых феноменов [1; 2; 3]. Создаваемый таким путем всемирный вспомогательный язык межкультурного, межнационального общения, накопления мировой информации и глобального обучения способствовал бы решению многих глобальных проблем мировой цивилизации и духовному взаимообогащению всех локальных цивилизаций и народов. Создание среднемирового языка могло бы выступить как путь языковой и культурной конвергенции Востока и Запада в рамках системы

единого Человечества с сохранением национальной и цивилизационной идентичности.

Эти проекты соответствуют тенденциям и перспективам развития межкультурной коммуникации в процессе формирования мировой информационной цивилизации в XXI веке. Они направлены на решение проблем полилингвизма в Казахстане сфере национально-языковых отношений на основе общепризнанных в системе норм международного права принципов равноправия, суверенитета государств, обеспечения прав и свобод человека и коллективных прав социальных групп (национальных, языковых, этнических, расовых, конфессиональных и др.). Создание среднетюркского языка ортатюрк, который в лексическом аспекте будет близок к языку Абая, приведет к возрождению тюркского языка в качестве одного из международных, мировых языков. Это позволит казахскому языку выступать в качестве почти мирового языка в соотношении с такими мировыми языками как русский, китайский и английский.

Список использованной литературы:

- 1 Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Ўртатюрк тили. Тошкент: Мехнат, 1992.
- 2 Karimov B.R., Mutalov Sh. Sh. Averaged languages: an attempt to solve the world language problem. Tashkent: Fan, 1993 (второе изд. в 2008 году, третье издание в 2019 году).
- 3 Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. Ташкент: Фан, 2008. (второе изд. в 2019 году).
- 4 Karimov B. The oikumenic concept of nation and problems of development of languages. Ойкуменическая концепция нации и проблемы развития языков. Qarshi, 2003.
- 5 Каримов Б.Р. Ойкуменическая концепция нации и проблемы развития языков. Якутск, 2004.

И. ЖЕМЕНЕЙ,
ҚазҰУ-дың Тұран және Иран ғылыми-зерттеу
институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АБАЙ МЕКТЕБІ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТАРИХЫ МЕН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ САНА-СЕЗІМ ЖЕТЕКШІЛЕРІ

Абай ойшыл ақын ретінде әл-Фараби философиясы мен шығыс ақындарының таным көкжиегін таныған және қараңғылық пен надандық шырмауынан құтылмай, адам баласының шынайы бақытқа жете алмайтынын өзінің шығармаларында айқын аңғартқан. Адамзат қайырымды қоғам орнатуы үшін надандықтан туындайтын мінез-құлықтағы көптеген теріс те жат әдеттерден арылуды меңзеген. Туған халқының бүгіні мен болашағын уайымдап, тығырықтан шығудың жолын іздеген. Сондықтан барлық ойы, оқыған-білген, естігендерін қазағының мүддесіне арнап жазған. Мәселен, ол 1858 жылы небәрі он үш жасында:

Физули, Шәмси, Сәйқали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд, —

деп жырлаған. Яғни олардан «Мендей шайырдың жанайқайына жәрдем бер» деп сұрайды. Мұның ар жағында жеке басына емес, қазағының бақытына жол табу мұраты жатыр. Ол жас бала, бүкіл жан дүниесінде, табиғатында қазақтың әңгімесі, дастарқаны, той-садақасы, жыр-дастандары, хикаялары, қазақтың аналық-әжелік мейір-шапағаты, қыңыр мінезі, қақпайлап бірін-бір шағып сөйлейтіні, қазақтың өжеттігі орныққан. Сол себепті оның барлық арман-мақсаты да қазағына арналған. Абай балалық шағынан әкесінің жанында, шаңырағына келіп-кетіп жүрген түрлі адамдардан естігендерінен ой түйіп, өз қазағында бір кем дүние бар екенін сезіп жүрген. Дәл сол сезім оның жанына жегі құрттай түсіп, жан дүниесін кеміргендей болғанын байқаймыз. Осындай сана мен түсінік Жаратушының оған берген сыйы-тын. Мұндай қасиеттің кез келген адамға дари бермейтіні хақ. Сондықтан Абай әр ойшылдың ақыл-кеңесін, айтпағын ұға білген. Абай шығыстың ақын-шайырларының шығармасынан нәр алып, олардың ой кеңістігіне бойлай білді. Өйткені ол Тәңірінің берген санасына нағыз лайық адам болып өмір кешу бақытына ие болды. Біз дәл осы болмысты қабылдап, бойымызға сіңіре алсақ, Абайды тереңдеу танып-білуге жақындай түсеміз.

Абайдың ойлау қабілеті оның биік рухының бұлағы тәрізді. Ол бұлақтың көзі ашылмай қалса, көптеген ой құрбандарының қатарында Абайдың да үні шықпай, аты танылмай, бұл дүниеден елеусіз өтуі мүмкін еді. Бірақ тағдыр оның маңдайына елінің озық ойшылы болуды жазды. Содан болар, Құнанбайдай әкенің тәлім-тәрбиесін көрді.

Мұханның «Абай жолын» еске түсірейікші: «Жасынан өз қатарынан озуға, ел аузында даңқы, атағы қаларлық іс етуге құмар Құнанбай әкесіне көп ел, зор жиын жиып ас беруге талаптанып, қасына оншақты ел адамын ертіп сапар шегіп, Тобықтымен көршілес Бошан руының атақты биі Қазыбектің шөбересі Алшынбайға, Әйбике, Нұрбике, Қарашор руларының басшыларына жолаушылап барып қонақтап, оларға көршілес бес мейрам, жеті момын атанатын қалың Арғынның адамдарына жолығады. Келген жұмысын сұрағанда: «Өскенбай менің әкем болса, сіздердің ағаларыңыз еді, жылы толғанда әкеме ас берейін деп едім, сіздер көмектесіңіздер (үш жүзді), түгел қазақ баласын асқа шақырсам деп едім, шығын-жабдығы менен, қонақ күтіп, жиын тарату сіздерден болса», – дейді. Абайдың әкесі қалың қазақ арасында осындай абырой-беделге ие болып, көпшілікпен қарым-қатынас жасау дәстүрін жақсы білді. Әйтпесе көптің бірі болар еді де, ішкен-жегенге, кигенге мәз болып, биіктерде самғағандай күй кешіп, төңіректегі адамдарға пасық нәпсінің төбесінде тұрып, жоғарыдан қарап «мен биіктемін» деп өмір кешуі мүмкін еді. Ал Құнанбай оқу-білімнің қадірін білгендіктен, тек қана өз баласының қамын ойламай, басқалар да оқып-тоқысын, иман не екенін ұқсын деп Ғабитхан татар молданы жалдап, балаларды оқытты. Ескі тамда Құнанбай салған шағын медреседе Абай, Ысқақ, Халиолла т.б. оқып, алғашқы сауаттарын сонда ашты. Абай баршылықпен бірге сәби шағынан мейірімге қанық болып өсті. Оған Зере әжесінің бесігінде:

Әлди-әлди, Абайым,
Атқа тоқым жабайын.
Тыста жүрген апасын,
Қайдан іздеп табайын, –

деп жырмен тербеуі рухани нәр берді. Сонда Ибраһим есімінің қазақтың Абайы болып өзгеруінің өзінде бір керемет сыр жатқан тәрізді. Ибраһим пайғамбардың (ғ.с.) арманы Мұхаммед (с.ғ.с.) елшісімен жалғасын тапқан болса, қазақ халқының ой-арманы Абаймен жалғасты. Абайды әжесі Зере өз мейіріміне бөледі. Әкесі оны Ғабитхан молданың ақылымен Семейге өзі ертіп апарып, «Аһмет Риза» медресесіне оқуға берді. Медреседе дәріс алған кезде зерек Абай өмірінің ең күрделі кезеңін бастан өткізді. Оның екі себебі болды: бірі – Абайдың түр-келбеті. «Абайдың басы үлкен болып, оған қарағанда құлағы кішірек еді, қарашұнақ деп сондықтан айтқан болар», – деп сипатталған түрін келемеждеуі оған психологиялық соққы болып, оқудан азар-безер болып, қашқақтаған сыңайлы. Екінші жағынан, Абайдың өмірі көшпенділік салтынан бастау алғандықтан, оның көзқарасы қаланың отырықшылық психологиясымен үйлеспейтіндей көрінді. Әлеуметтің жайсыз көзқарасы оған кері әсер еткендей болды. Оның өскен ортасы мен тегі еркіндікке үйретіп, баулыған болатын. Осындай себептерге байланысты «Аһмет Риза» медресесінде алғашқы кезде біраз теперіш көрді. Өйткені «Бұрын қалалы жерде болмаған қазақ баласын көрген татардың оқып жүрген шәкірт балалары түйе көрген мәстектей құлағын тігіп үрке қарайды.

Молланың көзі таса болса киімінен жұлып кетіп, іліп-қағып өтіп, «сасық, бит қазақ» деп сөзбен шалып, Абайдың мазасын кетіріп тәлкектейді. Сондықтан Абай бойындағы атадан дарыған қасиет, бастапқы алған діни білімі, ғылымға құштарлығы оның бірінші сатыдағы қоғамдық қайраткер рухының сахнаға шығуына түрткі болды. Абай «одан жасып жабықпай, сайқал мазаққа өздерінен асып түскен, шәкірттік тәртіпті жақсы білетін бала екенін таныған соң тез үйлесіп, сөйлесетін болады. Дін оқуының қырдағы оқудан өзгешелігі аз. Мұнда да оқытатыны: қырдан Құран, қырық хадис, бақырған. Оған қоса Түһфатолмүлік, Мұхтасар сияқты араб тіліндегі кітаптар... Құран аяттарын жаттау, мешітке апарып бес уақыт намаз оқыту. Ал рамазан айларында тарауық айтқызады». Содан Абай қоғамның үлкен сынағынан өтіп, бой көрсете бастайды. Сөйтіп шәкірт бала сол бір жалынды да талапты жылдарда өзінің сыныптастарының күнделікті күншіл мінездерінен өмірдің оңтайлы мәнін түсінгендей сабақ алды. Жақсы мен жаманды көріп ой түйді, ізденді. Сонда жүріп шығыс ойшылдарымен танысты. Олар туралы біраз әңгімені ұстаздарының аузынан естісе, біразының шығармаларын оқып, білді. Осының әсерімен өзі өмір сүріп жатқан заманға көз жүгіртті. «Бұдан үш жыл бұрын Семей қаласында оқып жаттығып қалған он үш жасар шәкірт Абай биыл күз басталмас бұрын қырдан келіп медресеге орналасады да, Құран, таңдаулы діни шағын шығармалар, грамматика, логика пәндерін толық меңгеріп алғандықтан, бос уақытын пайдаланып, күншығыстан шыққан ақын-жазушы, ғалымдардың шығармаларын алып оқып, таныса бастайды. Бұл танысу Абайға дін жолынан басқа да білім-өнер жолы бар екенін, адам өміріне пайдалы сара ғылым барлығын танытады. Онымен қоса ендігі заманғы өнер-білім орыстың тілімен, оқуымен табылатынына көзі жетеді». Елдердің қатарында орыстың тұлпары мәдениеттер тоғысында алда шауып, бәйге туын қолында ұстап, желбіретіп келе жатқанына Абайдың қырағы санасының назары ауды. Осы жайттар өзінің адамдар мен әлеуметтер арасында болып жатқан бәсекелестік, мазақ пен байбалам салумен өз жеңімпазын белгілемейтінін ұға білуіне ықпал жасады. Әр азамат немесе ұлт-ұлыс өмірде қоғамдық-мәдени, саяси-экономикалық бәсекеде жеңіске қол жеткізгісі келсе, ол білім мен ғылымға көбірек көңіл бөлу керектігін ұғынды. Қазақ үшін ол кезде қалалық өмір туралы айтудың өзі артық еді.

Тақыр жерге су төксең, жүруге тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң, тар жерде айғақ болар, – демекші, қазақтың ең басты мәселесі ойға, ойлануға көңіл бөлу керектігінде болды. Өйткені қазақтың ой-өрісі күнделікті күнкөріс пен күншілдіктен аспай, өсек-аянның тар жолында қысылып қалған жағдайды бастан өткізіп жатқан болатын. Сондықтан ерте есейген Абай «Біз қандай жолмен тездетіп білім алып, ой-өрісімізді кеңейте аламыз?» деген сұраққа жауап тапқандай болды. «Дін оқуы о дүниеге басшы болса, орыс оқуы бұл дүниеге басшы болмақ». Орыстың даму жолы білім мен ғылымнан өткенін ұққан Абай орыстың тілін үйрену арқылы замананың озық тұлпарына мініп, өркендеу бәйгесінің жарыс пен бәсекесіне қатыса алатынын сезінді. Сол үшін де Семейде жүргенде араб-парсы тілдерін біршама үйреніп алды. Онысы

кейінгі жылдары жазған шығармаларынан анық байқалады. Бірақ Абай заман талабын түсініп, орыс тілін үйренуге көңіл бөліп, Семейдегі шіркеу жанындағы мектепте әкесіне сездірмей орыс тілінің дәрістеріне қатысып, үйреніп шықты. Талапты жастың орысшаны қалай меңгергендігін орыс ақындарының өлеңдерін қазақша сөйлеткенінен байқауға болады.

Бір жағынан, Абайдың ойшыл ақын болып қалыптасуының бастау негізі шыққан тегінде жатқан болса керек. Бұл әкесі Құнанбайды айтпағанда, атасы Өскенбайдың дүние салғандағы елдің оған деген ықыласы мен құрметінен де көрінеді. «1849 жылдар шамасында 70 жастан асып Құнанбайдың әкесі Өскенбай би қайтыс болып, Тобықты елі «басшымыз еді», «құрметтіміз еді» десіп, жабдығын түгел көтеріп: Керей, Уақ, Бура, Матай елін, Қаракесек, Майқы Бошанның басты адамдарын жаназаға, қырқына шақырып, сый-сияпатпен жөнелтеді». Сондай-ақ Абай өскен орта, табиғат мекенінің атына назар аударсаңыз, қазақтың тілімен аталып, қазақ баласының еншісінде екенін аңғартады. Мәселен, Шыңғыс тауының төңірегіндегі Бөкенші асуы, Қызылжар, Найзатас, Ескітам күзеу қоралары, Тоңаша, Барлыбай, Жыланды, Тай, Байқошқар, Бақанас, Қаз бала, Жәнібек өзендері, Қарабатыр ауылы сынды мекен аттары соған дәлел. Тіпті сол кезде қазақ адамдарының есімдері де қазақы болған. Абайдың анасы Ұлжан, Ұлжанның әкесі Тұрпан, Тұрпанның танымал ділмар қарындастары: Қантай, Тонтай есімдері қазақтың көшпенді болып өмір сүргенінің арқасында ежелгі түркілік тарихының сарқытын аманаттап сол кезге жеткізгені анық. Сондықтан Абай болуының өзі жаратылыстың сыйы болып, қазақ тарихының жаңа белесінің бастауында тұрды. Өйткені Абайдың мөлдір қазақы рухқа айналуына отбасы, ата тегі, қазақы салт-дәстүрі, табиғат атаулары да ықпал етіп, бойына сіңірді. Сондықтан ол араб-парсы және орыс тілдерін үйреніп, білім-ғылымға сусындап, таным кеңістігін кеңейтсе де, оның барлығын қазақтың рухани-мәдени қазынасына қосқан үлесі болды.

Абай Семейден оралған соң әкесінің қалауымен оның қолғанаты болып, қоғамдық барып кел, шауып кел қызметінде жүріп, ел арасындағы көптеген қарым-қатынастың, жұртшылықтың экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақыннан танып-білуге мүмкіндік алды. Сондықтан Семейдегі оқуын жалғастыра алмаса да, өмірден көрген-білген, естіген дүниелері оның қоғамдық-психологиялық таным көкжиегін мейлінше кеңейтті. Соның арқасында қазақтың өмірінің қызығы мен шыжығына араласа жүріп шыңдалды. Қоғамды басқаруға кірісіп, болыс та болды. Алайда рулық феодалдық заманның қауымдасқан тар кезеңнің қоғамдық психологиясы кеңпейіл бола алмайтынын да сезді. Онда ақылға тоқтау салатын бір кем дүние бар. Ол – пиғыл. Ал пиғыл болса нәпсінің құлы болып қалған заманда қазақ әлемі саналы өмірге қадам басуы мүмкін еместігін де кейінгі егде тартқан жылдарында ұқты. Өйткені ол қоғамдық жұмыстармен бірге кітап оқып, өзінің санасында «қазақты қалай бақытты етуге болады?» деген сұраққа жауап іздеумен болған. Абай дәл сондай қиын-қыстау заманда руластарын мешеу танымнан ауқымдырақ қазақ әлемінің кеңістігіне тарту жолын іздеп, қазақтың

ұлттық болмысын қалыптау заман талабы екенін түсінді. Бірақ оны төңірегіндегі кертартпа ұғымдағы кезеңге жеткізудің қиямет-қайым екенін де түсінді. Абайдың өмір жолындағы елдік санаға жету арманының қандай ауыртпалық тудырғаны, болыс болу, болыс сайлау күндерінің ел арасындағы талас-тартысы ақынның мына өлең жолдарында көрініс тапқан:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қикым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ол заман Абай үшін қиын да күрделі заман болды. Өйткені қазақ біртұтас ел болудың орнына шен-шекпенге таласып, орыс отаршылдығының қақпанында күн өткен сайын әрбірі қикымға айналып, көрер көкжиегі өздерінің мұрнының ұшынан аса қойған жоқ. Сондықтан қазаққа бір кем дүние ақыл-парасат, елдік сана жетпей тұрды. Мұндай дертке дауаны Абай шығыс ойшылдарынан іздеп, солардан медет тілеп, жәрдем сұрады. Өйткені ол Физули, Шәмси, Сәйқали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хафиз сынды төрт түркі, үш парсы ақындары жайында ұстаздарының дәрістерінен, кітапханадан шығармаларын оқыған. Сонымен қатар Жалал Дауани сынды үлкен ойшылдың таным дүниесі арқылы әл-Фарабидің философиялық ойларымен танысқан болатын. Абайдың өлеңдері мен әңгімелерінен ислам философиясының негізін қалаған Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімі байқалады. Оған дәлел әл-Фарабидің «Негізгі ой түйіндері» атты трактатында «нәпсі» жайындағы берген түсінік-пайымына зер салғанда оның философиялық тұжырымынан Абай шығармасының негізгі ойларының іргесі қаланғанын зерделі көз аңғаруы қиын емес.

Әл-Фараби «Негізгі ой түйіндері» трактатында нәпсі туралы былай деген: «Нәпсінің үлкен күштері мен бөлшектері жайында: нәпсінің қуаттары мен бөлшектері бес түрге бөлінеді. Олар: 1) нәрлендіру (غاذیه – тағамдарды күшейтетін қуат); 2) түйсіну* (حاسیه – бес сезім мүшесімен болмыстарды түйсіну қуаты); 3) елестету* (تخیل – қияли бейнелерді елестету қуаты); 4) қоздырушы қуат* (نزوعی – нәпсінің сұраныстарын тудыратын қуат); 5) сана* (ناطقیه – жалпы ұғымдарды түсіну, сөзге айналдыру қуаты).

Мәселен, нәрлендіру қуаты сан алуан тағамдарға түрлі ықпал жасап, оның бар түрін өзгертіп түрлендіреді. Тағамдардың үш түрі бар. Олар: алғашқы, ортаншы, соңғы. Алғашқысы – нан, ет сияқты тағамдар. Олар қорытылған соң бастапқы түріне қайта оралмайды. Тағамның соңғы түрінде толық қорытылғаннан кейін өзгерісі соншалық тәннің бір бөлшегі оны өз бойына сіңістіріп, өзіне ұқсатып жібереді. Сондықтан қорытылған тағамды ет бөлшегі өзіне сіңірген болса етке, ал сүйекке сіңісіп кетсе сүйектің бөлшегіне айналады.

Ал ортаншы тағам екі түрлі: бірі – асқазан, ішек-қарында өз терген тағам түрлерінен қан пайда болатын бөлігі, екіншісі – қан. Нәрлендіру қуатының түрлері: қорытушы*(هاضمی), таратушы*(منمیه), тудырушы*(مولده), сіңіруші*(جاذبه), сақтаушы*(ماسكه), ажыратушы*(مميزه) және айдаушы*(دافعه) болып жіктеледі. Қанды тәннің әр бөлшегінде өзгертіп, тәннің сол бөлшегіне айналып кетуіне дайындайтын қуатты «нәрлендіру» қуаты деген дұрыс. Қорытушы қуат алғашқы тағамды асқазан мен ішектерде өзгертіп, қанға айналуға дайындайды. Сонан соң сол қорытылған тағам бауырдың көмегімен қанға айналады. Таратушы қуат – тағамның арқасында өсе алатын тәннің барлық бөлшегіне, өсе алатын мөлшеріне дейін тағамдарды жеткізіп беретін қуат. Тудырушы қуат – соңғы тағамның екінші түрі, қанның өзіндей өзге болмысты тудыруын қамтамасыз етеді. Бұл қуаттың екі түрі бар: бірі – жаңа сәбиге материя беретін аналық қуат болса, екіншісі – оған түр беретін аталық қуат. Осы екеуінен түрі оларға ұқсайтын басқа жан болады. Сіңіруші қуат – тағамды бір жерден басқа бір жерге таратып, нәрленуші затқа жеткізіп, оған сәйкестеніп, сіңісіп кетуін қамтитын қуат. Сақтаушы қуат – асқазанда қорытылып жатқанда тағамның сақталуын қамтитын қуат. Ажыратушы қуат – қорытылған тағамдардың қалдықтары мен тән бөлшектері керек қылған бөлігін бір-бірінен ажыратып отыратын қуат. Айдаушы қуат – тағамның түрлі қалдықтарын бір жерден екінші жерге айдайтын қуат.

Түйсік қуаты баршаға белгілі бес сезім мүшелерінің бірімен сезе алады. Қиял қуаты түйсіктен алған түрлі белгілер мен әсерлерінің сезгендерін сақтап, әрі қарай кейбірін басқа біріне, түрлі түр етіп бір-бірімен араластырады. Кейбірін өзге түрлерінен ажыратады. Араластырып, ажыратып жасалған сезімдердің кейбірі шынайы, кейбірі жалған болып шығады. Қиял қуатының қосу мен ажырату әрекеті ұйқы мен ояу кезде бірдей кейіпте болады. Қиял қуаты мен нәрлендіру қуаты ұйқы мен ояу кездерінде біркелкі істерімен айналысады. Бірақ өзге қуаттар ұйқыда іс атқармайды. Жандылардың талас-тартыстары нәпсінің сұраныс күштеріне бағытталып жатады. Мысалы, нәпсінің тойымсыздығы, оның бір нәрсеге құмарлығы, ұнамды не жиіркенішті, өтіну, қашу, тарту, кешіру, алыстау, ризалық, қорқу, беттеу, қаталдық, мейір, достық, ашу, армандау және басқа нәпсінің сұраныстары жандылардың алуан түрлі нәпсісінің құбылыс-әрекетін тудырады.

Қоздырушы қуат нәпсісінің сұраныстары жандылардың нәпсісінің барлық құбылысын тудырып шығарады. Бұл қуаттың құралдары тән мен тән бөлшектерінің іс-қимылын жасайтын қуаттарының барлығын қамтиды.

Мәселен, қол қуаты шабуыл жасауға, зақым келтіруге, ал екі аяқ жүруге, тағы басқа тәннің бөлшектерін сондай әрекеттер жасауға жетелейді деген сияқты. Қуаты (ойлау мен сөйлеу қуаты) адам осы қуаттың тудырған жалпы түсінігінің арқасында ойшыл болып, түрлі білім мен кәсіптерге қол жеткізеді, әрі жақсы мен жаман істерді бір-бірінен ажырата алады. Бұл қуаттың екі түрі бар. Олар: 1) практикалық сана; 2) теориялық сана. Практикалық сананың екі түрі болады: 1) орындаушы; 2) ойлаушы. Сондықтан адам «теориялық сана» арқылы күнделікті тұрмыста қолдана алмайтын, бір күйден екінші бір күйге ауыстыра алмайтын нәрселерді ұғады. Мәселен, үш – тақ сан, төрт – жұп сан. Біз үш санды өзгертіп, жұп және төрт санды өзгертіп тақ қыла алмаймыз. Осы сияқты біз төрт бұрышты ағашты дөңгелек етіп өзгертсек те, ағаш ағаш болып қала береді.

«Практикалық сана» бір-бірінен ажыратылатын нәрселерді бір түрден екінші бір түрге ауыстырып, өзгертіп пайдалануға болатын жағдайға ықпал етіп, дәнекер бола алады. Сананың орындаушы қуаты көптеген қиындық-кедергілерге қарамастан түрлі кәсіптерге қол жеткізуді көздейді. Мысалы, сауда-саттық, егіншілік, дәрігерлік, кеме жасау, т.б. деген сияқты. Сананың ойлаушы қуаты – бір істі жүзеге асырғысы келгенде, ол істің жүзеге асуы мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе, ал мүмкін болса қалай жүзеге асырған тиімді екенін ойластыра алатын қуат. Әл-Фарабидің ой түйінін қарапайым тілмен айтқанда, адам болмысының жақсы-жаман сұранысы нәпсісінен болады. Нәпсінің сұранысы пиғылға ауысады. Ал пиғыл болса, сұраныстың орындалуына санаға бұйрық береді. Сана әлгі пиғылдың қалауына теориялық және практикалық мүмкіндігін ұсынады. Сонда адамның қалауы бойынша жүзеге асу немесе аспауы көрініс береді. Сонда әр нәрсе адамның ниетіне, яғни пиғылына байланысты деп айтып жүрген іс-қимылдың механизмі осы жүйемен жүзеге асады. Демек, нәпсінің барлық қуатына адам нәпсісінің қалауы немесе қаламауы басты себеп болып саналады. Өйткені нәпсінің қалауы руханият тегі бола ма, әлде материялық тегі бола ма? Сол арасында ортақ шешімге келу үшін нәпсісі ұдайы талас-тартыста арпалысып келеді. Абай қазақтың осындай нәпсілік тартысының арасында даналық шешімге зәру болды. Нәпсіқұмар қазақтың Тәңірі берген ақылға жүгінбей, надан сипатынан айнымай келе жатқаны Абайдың жанына батып, содан шығар жол іздеумен болды. Оны шығармасындағы өлең жолдары мен қара сөздерінде көреміз.

Түйіндеп айтқанда, сананың төрт қабілетке ие болуы: 1) тану; 2) заттарды бір-бірінен ажырату; 3) заттарды бір-бірімен салыстыру; 4) қорытынды жасау мен келешекке жобалау. Ендігі мәселе сананың осындай ауқымды қабілетін қалай пайдалана білуде. Қазақ айтқандай, ең әуелі «төрт көзің түгел болсын» деген даналығы басты себеп болмақ. Ол – жүрек көзі, сана көзі, маңдайдағы екі көз. «Жүректен шыққан сөз жүрекке қонады» дегендей, жүрек бұлағынан мөлдір махаббат шықса, оның мөлдірі маңдайдағы екі көзде жаңғырып, сананың көзі көрген мөлдір сезімге аталған қабілеттерін жұмсайды. Ал жүрек бұлағынан ластанған сезім шығып жатса, маңдайдағы екі көз де көрері ластық, ал сананың қабілеті сол ластыққа қызмет етуден басқа

шарасы қалмайды. Сол себепті әл-Фараби мектебінің пайымдауынша ел басқаруда оның тұрғындарын бақытты ететін басшы қайырымды жан болса, ондай қоғамға «әділет» сөзінің керегі болмай қалады. «Әділет» ұғымы теңсіздік пен зұлымдық орнаған пасық елдің тұрғындарында көбірек қолданылады. Абай адам мен қоғам арасындағы туындаған қайшылықтар жүрекпен сезіліп, санаға салмақ салатынын жыр еткенінде жүректің бақыт пен бақытсыздық, жақсылық пен жамандықты сезе алатын, әрі бере алатын да қайнар екенін білген. Онда:

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.
Өлді кейі, кейі жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі қастық, кімі дау,
Сүйенерге жоқ тірек [1-45].

Абай шумақтарында жүрек – қайғы-қасіреттің бұлағы һәм достық-шаттық қайнары:

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.
Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі [1-59].

Осы мысалдардан Абайдың көзқарасы әл-Фарабидің философиялық танымы және пайымымен ұштасып, сабақтасып жатқанын байқау қиын емес. Адам болмысындағы бір-біріне қарама-қайшы қуаттардың талас-тартыстарының арасында ар мен ұят қуаттарының міндетін де айқын түрде анықтап береді. Ол жүректің пәк күйінде сақталып қалуына ар мен ұят қуаттары да жүрек үшін күзетші, қорғаушы міндетін атқаруда екенін айтады. Абайдың адам болмысындағы қуат элементтерінің болуы әл-Фараби танымымен үндесіп жатады. Демек қазақтың «төрт көзің түгел болсын» дейтіні бекер емес. Себебі төрт көздің бірі кем болса, адам өз болмысын сезуде қиналады. Әсіресе ол кем дүниесі «жүрек» болса, Абай ол жайында былай деген:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Айуанша көңіл күнелтпек [1-22].

Абайды ерте есейген дегенде ол шәкірт шағында шығыс ақындарына тәнті болып, оларды жыр еткендігі жайдан-жай емес. Өйткені аталған жеті ақынның өмірге деген танымының бір бағыты Абайдың таным жиегімен шектесіп жатады. Мәселен, Әбілқасым Фирдауси, Әлішер Науаи мен Абайдың дүниетанымы «елдік» идеяның мәйегінде түйісіп тұр.

Фирдауси арабтың саяси-мәдени шабуылынан Иран елі парсы тілінен айырылып қалу қаупін бастан өткізіп жатқан кезеңде өмірінің барлық саналы жылдарын «Шаһнама» дастанын жырлап, парсылардың ұлттық саяси санасының оянуын қамтамасыз етті. Ақынның шығармасы тек парсыларды емес, бүкіл түркі әлемін тәнті еткізіп, парсы мәдениеті мен тілінің ықпалына тартты. Сондықтан болар, Фирдауси:

Отыз жыл тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,
Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім.
Замананың желі менен бораны да жоя алмас,
Әсем, зәулім сарайды мен сөзбен салып құбылттым, —

деп еңбегінің берер жемісіне толық сеніммен дүниеден өтті.

Сондай-ақ Әлішер Науаи парсылардың тілдік ықпалында түркілердің түркілік саяси және қоғамдық психологиясы әбден езіліп, еңселері түсіп жүрген заманда өзінің асқан дарынымен әдеби шығармаларын түркілік сананың оянып, аяғына нық тұруына жұмсады. Бұл мақсатына досы, құрдасы Үсейін Байқара патша қолғабыс берді. Сөйтіп Науаи барлық саналы ғұмырын саяси-мәдени майданда түркілік саяси психологияның пісіп-жетіліп, қалыптасуына жұмсады. Соның нәтижесінде түркілік сана барлық түркінің қозғаушы күшіне айналды. Орта ғасыр дәуірінде түркілік сананың бастауы түркі тілінің қолданысқа енуі мен түркі тілі атымен Қараханид патшалығы заманын қамтиды. Ол кезең Қашғаридан бастап, Науаи мен Бабыр өмір сүрген XVI ғасырдың бастапқы жартысына дейін созылады. Науаидың күрес жолы парсы әдебиеті арқылы парсылық сана үстемдігін жою үшін барлық шығармасын түркі тілінде жазуымен бірге «Сөздер соты» (محاکمه اللغتين) кітабын арнайы парсы тіліне қарсы жазып, сонда түркі тілінің үстем болғанын айғақтап шығып, түркі тілі парсы тілін жеңіп шықты. Осындай ымырасыз күрестің арқасында түркілік саяси психологияны түркі жұрты арасында қалыптастырды. XI–XVI ғасырлар аралығында барлық ғалым мен ақындар өз тілдерін түркі тілі деп атаған. Ал түркі тіліне қатысты «шағатай» атауы XVI ғасырдан басталады. «Шағатай» атауы түркінің әдеби және тілге қатысты шығармаларында Орталық Азия, яғни Түркістан халқының тіліне өзінің территориясынан тыс өлкелерде қолданыста болған. Әмір Темір династиясының әулеттері шағатай атымен аталған түркі тіліне түркі шағатай, шағатай және шығыс түркісі атауы XVI ғасырдан бастап, XIX ғасырдың орта шеніне дейін зерттеушілер тарапынан қолданылып келді. Түркістан тарихындағы көптеген тақталас, талас-тартыстар XVI ғасырдан бастап, XX ғасырдың бірінші ширегінде Кеңес Одағының құрылуымен түркілік ядро жойылып, түрлі ұлт-ұлыстарға бөлініп, түркіліктен бөлінген шағындау ұлт-

ұлыстардың ядросына айналды. Қазақтың дәл осындай ұлттық саяси санасының күйзелісі 1465 жылы құрылған Қазақ хандығы 1847 жылы соңғы ханы Кенесарының шейіт болуымен қазақ даласында пайда болып, қазақ ядросы өзінің ұлты үшін қозғаушы күші әлсіреп, күйреу шағына таяп қалғанда Абай: «Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос», – деп қазақ санасын оятпақ болды. Осы сияқты Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық саяси әрекетке дейін қазақ жыраулары батырлық, салт-дәстүр, аңыз, діни, ғашықтық, тағы басқа тақырыптарда дастандар жырлап, қазақ тұратын кеңістікке тарауымен барлық жерде қазақ тілі диалектісіз бір тіл болып, қазақтың біртұтас ұлттық құндылығын сақтап қалды. Әйтсе де қазақтың ұлттық болмысының тұтасу тағдырына қауіп төніп тұрды. Дәл сондай қиын-қыстау заманда қазақтың «ойлану» құбылысын Абай жаңғыртты. Абайдың бұл аманатын Алаш күрескерлері қабылдап, қазақтың саяси жаңаша жүйеге қажетсініп отырғанын терең сезіп, 1904 жылдан бастап қазақ саяси әдебиеті мен саяси басқару жүйесінің алғашқы іргетасын қалауға көшті. Алаш қайраткерінің идеолог тұлғалары Абайдың қадірін тани білді. Оның ілімінен нәр алды. Әлиханнан бастап Абайдың ой дүниесін таратып, дәріптеп, қадірлей бастады. Сөздің түйіні, тарихтың түрлі кезеңінде Әбілқасым Фирдауси, Әлішер Науаи, Абай Құнанбайұлы елдіктің биік шыңына қол созып, жаңа бастамаларға жол ашты.

Абайдың ендігі қырын Физули, Шәмси, Сәйқали, Хафиз, Сағди шығармаларының қазынасынан іздеп табу аса қиынға соқпайды. Абай аталған ақындардың шығармасынан ой түйіп, тәлім алып, өз туындыларына арқау етті. Сондай-ақ әйгілі сопы, ақын, ғалым Жалал Дауанидан (1426-1502) үлгі алып, өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жазды:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі*,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі*,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз.
Аят, хадис емес қой,
Күпір* болдың демес қой,
Қанша қарсы келсеңіз.
Көп орында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеңіз.
Мұны жазған кісінің,
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден.
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан*, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сізге айтамын, хаупім – бұл.
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі тұл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әрнәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи* Дауани
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқып және ойла,

Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.

Жалпы Жалал Дауани адамдарды бес топқа жатқызады. Олар: 1) игілік табиғатында, бірақ өзгеге тәуелді; 2) игілік табиғатында, алайда өзгеге тәуелді емес; 3) игілік те, жауыздық та оның табиғатына тән емес; 4) жауыз адам, бірақ өзгеге қатысты емес; 5) табиғатында жауыз, жауыздығы өзгеге тәуелді (258-260 бб.). Бұл бес топта біріншіден бесіншіге дейінгі ең игі адамнан ең жауыз адамдардың көрсеткіші болмақ. Адамның мінез-құлқының барлық ерекшелігі, артықшылық пен кемшіліктері аталған төрт топтан пайда болады. Дауанидің адам құлқына қатысты түрлі сипаттары және оларды топтастырып, жақсы мен жаман қылықтарды көрсетуінің ұшқынын Абай шығармасынан көруге болады.

Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» жазбасында «Бабырнама» кітабынан «Алаш» сөзінің шығу тарихын сөз етеді (2-157). Онда: «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, «жан алушы болды» дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған. Сонан соң хан: «Бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз» деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «алаш-алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен», – дейді. Мұның өзі Абай қазақ халқының тарихына, шығу тегіне де бейжай қарамағандығын көрсетеді.

Біріншіден, «Бабырнама» – түркі тілінің ең үздік үлгісі. Екіншіден, оғыз-қыпшақ, тіпті, түркі диалектісінің ортақ сөздері, әуендеріне құрылған өзінің ғұмырнамалық сипаты мен адами психологиялық ерекшелігіне қоғам алдындағы жауапкершілігін әскери-саяси, әдеби, отбасылық, ағайын, жекжаттық, адами ой-өрісі, таным-пайымын, өзінің соғыстардағы жеңілістерін, қателіктерін, тіпті, жеңістерін де жазған кезде нанымды, риясыз сомдай білген шынайы шығарма. Үшіншіден, XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан тарихын, көрген жерлерінің тұрғындарының мәдениеті, экономикасы, жағрафиялық өзгешеліктері, өсімдік пен жануарлары, әдеп-ғұрыптары, сезім-түсініктерін зерттеушіге тән тәсілмен бейнелеген еңбек. Төртіншіден, Қасым хан жайында айтқан пікірі өте маңызды тарихи пайым мен дерек саналады. Сондай-ақ ол «қазақ» сөзінің және қазақылық терминін анықтауға мүмкіндік береді.

Абай шығармасында аттарын атаған Физули, Шәмси, Сәйқали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хафиз, Дауани және Бабыр сынды ақындардың өмірі мен шығармалары жайында кеңірек мағлұмат беріп, олардың танымы мен пайымы жайлы, сондай-ақ Абай оқыған кітаптар турасында осы еңбекте сөз болады. Сол арқылы, бәлкім, Абайдың көзқарасы мен дүниетанымын, пайымын, тереңірек айқындап танып-біле алармыз деген үміт бар.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Құран
- 2 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
- 3 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен аудармалар. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 296 б.
- 4 Абай Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен аудармалар. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б.
- 5 Абай энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы; Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
- 6 Шейх Аһмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері / ауд: Ислам Жеменей. – Алматы: Таңбалы. – 2013. – 440 б.
- 7 Өзбекстан Ұлттық энциклопедиясы. 12 томдық. Т. 7. Мемлекеттік ғылыми баспасы, 2004. – 435-436 бб.
- 8 Шейіттер бағы. Өзбекстан Республикасы, Әлішер Науаи атындағы Тіл және Әдебиет институты, 2004 жыл, 12 мамыр, Ташкент: Мауароннәһр. – 607 б.
- 9 Шәкәрім энциклопедиясы. – Семей, 2008. – 864 б.
- 10 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
- 11 Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) – тарихшы, қаламгер: монография. – Алматы: Зерде, 2007. – 360 б.
- 12 Жеменей И. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. – Алматы: Сардар, 2019. – 224 б.
- 13 Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабыр диуаны // баспаға дайындаған Біләл Южел. – Анкара, Ата түрік мәдениет орталығы, 1995. – 575 б.
- 14 Кәкітайұлы Ә. Абайдың өмір жолы // abaialemi.kz

С.Н. СҮТЖАНОВ,
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
А.А. САҒИДОЛЛА,
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті

АБАЙ ӘЛЕМІНІҢ ӨРКЕНИЕТ ӨРЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Мақалада Абайдың жан мен тән мәселесіне көзқарастары және «жан құмары, тән құмары», «адам бол» тезистерінен бастап, «толық адам» концепциясына дейін ғылыми талдау жүргізілді. Осы орайда ақынның поэзиясы мен қарасөздері, ғылыми-философиялық ойлары зерттеу нысанына айналған.

Сондай-ақ Абай мұрасынан, әсіресе ойшылдық тұрғысындағы ғақлия сөздерінен әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын көп құндылықтарды айқындау тұрғысында президент Қасым-Жомарт Тоқаевтің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан дәйектеме келтірілді. Және де «қазақтың бас ақынының» рухани әлемі мен дүниетанымын зерттеген ғалымдар еңбектерінен пікірлер келтіріліп, сілтемелер жасалды.

Абайдың жан дүниесіне дүниеауи, діни дүниетанымының үлкен әсер еткендігі ол алғаш рет медреседе оқығанда, кейіннен жасы ұлғайып кемелденген кезде де көп шұғылданғанынан екендігі дәйекті. Ол оқып, тағлым алған діни әдебиеттер ішінде бүкіл адамзатқа тиесілі қасиетті кітаптар, хадистер, діни жыр-дастандар, пайғамбарлар тарихы туралы ғұмырнамалық еңбектер бар.

Демек, Абайдың терең білім болуына өзі оқып, көңілге тоқыған Талмуд, Таурат, Інжіл, Құран тәрізді қасиетті кітаптармен қатар ғибраты мол басқа да еңбектердің ықпалы зор болғандығы анық. Бұны ұлы ақынның:

...Көп кітап келді алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас, [1, 303] –

деп жазғанынан аңғарамыз.

Жалпы, Абай мұрасына зер салып қарасақ, өлеңдері мен дастандарынан, ойшылдық тұрғысындағы ғақлия сөздерінен әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын өте көп құндылықтарды таба аламыз.

Қазіргі кездегі діннің алғашқы мәні бұрмаланып, ұлттық дәстүрдің құлдырау шағында әркімге де бақытты өмір жолынан адастырмайтын тұрақты нысана керек. Біз ол нысананы Абай әлемінен таба аламыз.

Абай қара сөздерінде «толық адам» болудың бірден-бір жолы тәлім-тәрбиенің дұрысы деп біледі. Өзінің жетінші қара сөзінде Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп

тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай - керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге үйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», – деп ой түйеді [2, 21].

Баланың жас шағындағы осы екі мінезі оның бар өмірінің бағыт-бағдарына бастау болады. Адам өмірі – таразы. Бір жағында жан құмары, екінші жағында тән құмары. Бұл екі құмарлыққа бірдей әмірін жүргізіп, таразы басын теңестіру кез-келген адамның қолынан келмейді. Ата-ананың міндеті баласын қандай да болмасын асылыққа, астамшылыққа бойын салмай, таразы басын теңестіре отырып тәрбиелеу.

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді» [2, 119]. Талап та ақыл да күш те екі жақты нәрсе. Талаптың да ақылдың да күштің де неше түрлісі болады. Адамның әр қасиеті сан қырлы. Ол қырлардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін жүрек ажыратпақ. Себебі жүрек алдамайды.

Сондықтан Абайдың он жетінші қара сөзінде орын алған қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысқан айтысында, Абай жүректі қолдайды. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бар қасиетін таразыға салып, жақсылығы мен жамандығын саралайды. Қайраттың орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын пайдасымен қатар қаттылығына орай кейде жамандықты берік ұстап кететін залалын әшкерелейді. Ақылдың не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса білетұғын, ғылымның сөзін ұғатұғын пайдасын ескере отырып, амал мен айланың көзі де ақыл болатұғынын, ақылдың жақсы мен жаманның қызметінде бірдей жүретіндігін де елеусіз қалдырмайды. Сөйтіп, бұл үшеуінің басын қоспақ ғылым екенін, бірақ сонда да билеуші, әмірші ақылдың көп қырына көнбейтін, жақсылыққа құмар, қайратты еркіне жібермейтін жүрек болу керектігін айтады.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті» [2, 40].

«Толық адам» болудың мәні жүрек тазалығында, ал жүрек тазалығы жаныңды жаратқан құдайдан. Жүректі таза сақтап қалудың бірден-бір амалы құдайға сыйыну.

Абай: «Иман деген – Алла тәбарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу Һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, иманмақ» [2, 31], – деп адамдарды имандылыққа шақырады. Бірақ «толық адам» болу үшін құр иманмақтықтың жеткіліксіз екендігін де айтады. «Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады» деп, Аллаға әйтеуір сыйыну керек деп емес, шын ниетіңмен хаққа иман келтіру керектігін түсіндіріп өтеді [2, 82].

Алла деген сөз жеңіл
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес [1, 268].

Отыз бесінші қара сөзінде ғибадат етушілерге айтылар үкім турасында сөз қозғайды. «Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниенің мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниенің харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деп... [2, 75].

Иманның басты көрінісі ниеттің адалдығы. Меккеге қажылыққа барудағы, мешітте дұға оқудағы, садақа берудегі мақсаты Алла разылығына бөленіп сауап алу емес, жұрттың мақтауын, «қажеке», «молдекесін» есту болса, ол адамның амалдары рияға айналып, екіжүзділікке саяды деген сөз. Рия – араб тілінде екіжүзділік деген мағына береді, ал діни сөздіктерде Алланың ризалығы үшін емес, жұртқа көрсету, мақтану, өзінің атақ – абыройын өсіру үшін жасалатын амалдар деп айтылған. Алла разылығы үшін жасалатын амал риядан аулақ болуы керек. Рия туралы қасиетті Құранда көптеген аяттар бар. Алла тағала екіжүзділерді сынаған бір аятында « Әй, мүміндер! Аллаға, ахирет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймандар. Міне,

соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырады. Олардың еңбектері еш болады» – деп, рия үшін жасалған амалды жаңбыр жауғанда еріп кететін тас үстіндегі топыраққа теңеген [2, 32].

Екіжүзділік салдары адамды тозаққа түсіреді. Екіжүзді адамның қылған мінажаты риялы болып саналады. Абай одан құтылудың амалын табу үшін иман келтіргенде Аллалық сипаттарды бойға сіңіру қажеттілігін айтады. Ол: «Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп надандықбірлан ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасы бірлән емес, соның соңында болмақ» дейді [2, 132]. Міне, осы «ұқсастық» жүрек көзінің ашылуына сеп болады. Кез келген ниет адамды бір амалға итермелейді. Ниеттің түзулігі амалдың дұрыстығына бастайды. Әр амалдың ниетке байланысты екендігін Абай отыз сегізінші қара сөзінде «Иннамал ағман бинниат» деген хадиспен берген. Аудармасы «Расында, барлық амалдар ниетке жараса болады» деген сөз [2, 101].

Абайдың тәлім-тәрбиелі ғибратқа толы қара сөздері қырық бесінші сөзбен аяқталады. Қырық бесінші сөзде Абай: «Құдай Табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпыз. Сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі », – дейді [2, 121]. Демек, «толық адам» болу жолымен махаббат жолының торабы бір. Адам Хақты, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю арқылы «толық адам» болу сатысына көтеріледі.

Абай өз шығармаларында рухани жұтандықты, яғни білімсіздік, надандық, тоғышарлық, мақтансүйгіштік сынды кесел қасиеттерден бойды арылтып, ал адал еңбек ету, талаптану, рақымды болу, қанағатшылдық сияқты асыл қасиеттерді бойға жию керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойындағы адамзат баласының ақыл ойында ұштасып келе жатқан діни-пәлсапалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

Абай шығармашылығына арқау болған құндылықтар қай қоғамда үстемдік етіп, салтанат құрса, сол елдер барлық көрсеткіштер бойынша жақсы өмір сүруде. Абай ілімі құндылықтары аяқ асты болып, екіжүзділік, аярлық саясат салтанат құрған қоғамда шырғалаңға қадам басып, іріп-шіру сатысында тұр.

Ақынның жиырма бірінші қара сөзінде айтылған – мақтан деген қасиет бар. Қазақ халқының бойындағы мақтан сезімі туралы ұлы Абайдың айтқандары бүгінгі күні жаңа сатыға көтеріліп, мемлекетіміздің стратегиялық

бетпердесіне айналды. Дана Абайдың – ұлылығы сол жеке адамға қатысты өте нәзік, шетін қасиеттерді талдай отырып, ұлттық мінезден де осы қасиеттердің көрініс алатындығын аңғартады. Қырық төртінші қара сөзінде «адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтыны болмайды. Өрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады» деп адам баласының әлсіз тұсының тамырын дөп басады.

Отыз төртінші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деген хакім Абай өлеңдерінде «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» жырлап, ұлтқа, дінге, нәсілге, әлеуметтік жікке, жынысқа бөлмей баршаға махаббат сезімде болуды үндеуі, қазіргі адамзат қоғамының басты ұранына айналуы тиіс. Мынау бізге жат, мынау бізге теріс, мынау мүлде болмайды, мынау өзге діннен, мынау өзге ұлттан деп адам мен қоғам түрлі шектеу, тыйым, наразылық, жиіркеніш, жеккөрушілікті өршіткенде ешқашан келісім мен татулық болмайды. Адамзат қоғамы Абай сынды ұлылардың парасаты арасында ұлық, билік. Әлем ұлыларының асыл ойлары адам баласын бақытты өмір сүруге шақырып отырады. Адамзат баласының бақыты ол – шектеу мен тыйымдардан ада, жаны мен тәнінің үйлесімі, жан қалауын жүзеге асыра білу мүмкіндігі, адам құқықтарының салтанат құруы [3, 97].

Ақын мұрасынан табатын тағы бір өте терең рухани мағына – ол адам өмірінің түпкі мақсаты. Абай ілімі бойынша адамның негізгі міндеті – Алла тағалаға құлшылық ету екені жөнінде көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мәселен, ақын он жетінші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүректің арасында дау туып, олардың ғылымға қалай жүгінгендері туралы айтатыны бар. Ортақ мақсаттан ауытқыған кезде не болатынын көрсету үшін біз де соның ізімен, мысал ретінде бір әңгімені келтірейік.

Адамның дене мүшелерінің барлығы, оның асқазанын тамақпен қамтамасыз ету үшін қызмет жасайтыны белгілі. Оның құлағы қай жерде тамақ барын естиді, аяғымен сол жерге барады, көзімен жолды көреді, мұрнымен тамақтың иісін сезеді, қолымен аузына салады, тісімен ұнтақтап, өңешімен асқазанға қарай жібереді. Сөйтіп, асқазан қанағат алып, тамақты қорытып, қуатты бүкіл денеге таратып, барлық мүшелерді қанағаттандырып, оларға күш-қуат береді.

Абай бұл өмірдің қысқа және өткінші екенін ескеріп, адамды тура жолға салу үшін былай дейді:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ [1, 292].

Абай білдірген адамның үш болмысы (рухани, нәзік, тұрпайы) туралы ислам классиктері де қолдайды. Жан таза рух болғандықтан, оны адамның сезім мүшелерімен қабылдау және материалдық әдістермен зерттеу мүмкін емес. Жан мәңгі. Жанның мәңгілік екендігін Абай «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, [1, 265] –

деп білдіреді. Бұл өлең жолдары тән мен жанның өзіндік қасиеттерін көрсетеді. Мен – ақыл мен жан, ал тән «менікі», яғни «мен» тән емеспін. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, яғни «мен» жанмын, сондықтан мәңгілікпін. Ал «менікі», яғни тән өлсе өлсін, оған яғни тәннің өлгеніне көп қайғырма. Осылайша данышпан адам болмысын анықтап және олардың әрқайсының қасиеттерін көрсетеді. «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі», яғни тәннің өлгеніне бекіп, көп қайғырма дегенге саяды.

Жанның мәңгілікті қасиетін білмейтіндер және өмірін тән құмарымен өткізетіндер өлуді басқаша түсінеді. Бұл туралы да ақын өз танымын өлең жолдарымен ерекше өрнектей білген. Абай тәнді – «табиғат» деп, ал жанды – «адам» деп атап отыр. Ақынның ойынша, жан мен тәннің айрылғанын өлді деп атау білместік болады. Жанның сапасы Жоғары Жанмен ұқсас, өзгермейтін мәңгілікті. Ал дене – табиғат болғандықтан үнемі өзгерісте болатын уақытша нәрсе. Дененің өзгергіш екенін медицина ғылымы да құптайды. Әр сәт сайын мыңдаған клеткалар өліп, олардың орнына жаңалары туып, адам денесі өзгеріп, жеті-сегіз жылда тән толық өзгеріп, адам жаңа дене алады екен [4].

Шынында, «аят, сүре сөздің басы» дейтін Абай «Құран-Хадиспен» сабақтас ой, тұжырамдамаларын үш имани сүйеге («Алла», «адамзат» және «Хақ жолы – әділет») негіздейді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Абайдың шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге... Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы» [5] – десе, бұл қазақ баласы үшін үлкен мәртебе әрі кемел келешекке апарар даңғыл жол болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
- 2 Абай. Қара сөз. Книга слова. – Алматы: Ел, 1992. – 272 б.
- 3 Абдрахманова А. Абай – дана ақын. – Алматы. // Ұлағат, №6, 2007. – 123 б.
- 4 <https://abai.kz/post/39273>
- 5 Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан, №5, 9 қаңтар, 2020, 1-3 бб.

А. СЫРГАКБАЕВА,
КазНУ им. аль-Фараби,
доктор философских наук, профессор
Б. ДЖААМБАЕВА,
КазНУ им. аль-Фараби,
кандидат философских наук, ассоц. профессор

ЭТИЧЕСКАЯ ФИЛОСОФИЯ АБАЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Под влиянием западной культуры в казахстанском обществе постепенно начала формироваться массовая или псевдокультура, которая дегуманистична по своей природе.

В массовом обществе главными ценностями становятся независимость, карьера, положение в обществе. Создание семьи отодвигается в далекую перспективу, после достижения успешной карьеры. Меняется и коммуникативные ценности. Отношение к близким приобретает все более корыстный, коммерческий характер. Эгоистичный индивидуалистический настрой ставится выше заботы о родине, родителях, детях.

В массовом обществе культ потребления, вещиизм, получение удовольствия, желание «обладания» становятся смыслом жизни. Люди заражаются материальной жизнью, в них преобладает желание обладать элитной недвижимостью, престижными автомобилями, гаджетами и т.д. Внимание уделяется только имиджу, внешности и наличию материальных благ. Люди утрачивают понимание того, каким должен быть человек.

Запутавшись в ценностях, человек оказывается в экзистенциальном вакууме. Это состояние, когда традиционные ценности разрушаются, а новые трудно распознать. В итоге человек испытывает растерянность, непонимание происходящего.

Опасность массовой культуры заключается в том, что подмена ценностей приводит к разрушению исторической социокультурной системы народа, которая складывалась веками. Под угрозой разрушения находится национальное общественное сознание, то, что столетиями создавали талантливые и интеллектуальные представители нации.

В современных условиях становится ясным, что человечество сможет выжить, лишь воссоздав и поставив в центр своего существования систему абсолютных ценностей. Среди великих мыслителей, размышлявших о таких ценностях, особое место принадлежит Абаю.

У современного человека, который ежедневно впитывает из интернета поток далеко не гуманной информации, размышления Абая о разуме, познании, предназначении человека, смысле жизни, добродетелях, счастье могут вызвать удивление и недоумение, настолько он далек от них.

Обратимся к уникальной «Книге Слов» Абая.

Абай – глубоко верующий человек. Вслед за великими философами – Аристотелем, неоплатониками, Августином, аль-Фараби – он считает бога

первопричиной, перводвижателем и источником мироздания, абсолютным благом и добром.

Венцом творения, лучшим произведением бога, Абай считает человека, а потому смысл его жизни и предназначение должны быть не приземленными, не меркантильными, а особенными, возвышенными. Согласно Абаю, бог наделил человека самым дорогим, поистине драгоценным даром – разумом. По сути, человеческий разум есть частица божества в человеке. Разум – единственное, что поможет человеку обрести подлинное счастье. Но человек слаб. Обладая таким удивительным даром, каковым является разум, он тратит жизнь на никчемные цели, псевдо ценности. Может поэтому столько горечи и боли уже в первом Слове «Книги Слов» Абая?

«Хорошо я жил или плохо, а пройдено немало: в судах и спорах, страданиях и тревогах дошел до преклонных лет, выбившись из сил, пресытившись всем обнаружил бренность и бесплодность своих деяний, убедился в униженности своего бытия. Чем же теперь заняться, как прожить оставшуюся жизнь? Озадачивает то, что не нахожу ответа на свой вопрос» [2, 77].

Так чем же заняться? Чему посвятить свою жизнь?

Выбор Абая – интеллектуальный труд, что является глубоко осмысленным и логичным выбором мыслителя: «...бумага и чернила станут отныне моим утешением, буду записывать свои мысли. Если кто найдет в них нужное для себя слово, пусть перепишет или запомнит» [2, 78].

Современному человеку, запутавшемуся в ценностях, ощущающему духовную пустоту, «Книга Слов» дает правильные духовно-нравственные ориентиры, те ценности, следуя которым можно выжить в этом жестоком мире.

С тревогой и болью Абай критикует различные человеческие пороки, причиной которых является невежество. Пороки, укоренившиеся и достигшие космических размеров, являются причиной всех личных и социальных трагедий. Отсюда и горечь в размышлениях Абая. Действительно, как можно прожигать жизнь, тратить ее на низменные цели, когда бог наделил человека разумом?

Небольшой экскурс в историю философии. В истории философии имеются различные решения вопроса о предназначении и смысле жизни человека. Сократ видел смысл жизни человека в следовании законам; Платон – в заботах о душе; Аристотель – в том, чтобы быть добродетельным и ответственным гражданином общества; Эпикур – в достижении личного счастья, покоя и блаженства; стоики – в покорности судьбе; Кант – в следовании принципам нравственного долга.

Смысл жизни, высшее предназначение человека – главные темы творчества Абая. Человек рождается на свет, наследуя два начала, говорит он. Первое начало – физиологические потребности в еде, питье, сне и т.д. Второе – тяга к познаниям. С самого рождения человек пытается познать окружающий мир – это потребность его души, желание все видеть, все слышать, всему

учиться, отмечает Абай. Человек не может стать человеком, не раскрыв тайны вселенной, не найдя объяснения происходящим явлениям и событиям.

Почему же пропадают детская непосредственность и стремление к знаниям во взрослом состоянии? Почему мы не следуем путем тех, кто ищет истину?

Во взрослой жизни человек полностью подчиняет свою душу телесным потребностям, перестает следовать порывам души, не пытается вникнуть в сущность явлений, полагая, что ничего не теряет от своего незнания.

«В детстве мы были лучше. Тогда мы были человеческими детьми – стремились узнать как можно больше. Сейчас мы хуже скота. Животное не знает ничего и не стремится ни к чему» – таков неутешительный вывод Абая [2, 92].

Знаменитый спор разума, воли и сердца, представленный в семнадцатом слове «Книги Слов», является свидетельством знания и понимания Абаем философии Гегеля, Шопенгауэра и Ницше.

Согласно Гегелю, в споре разума и воли первенство принадлежит разуму. В основе мироздания лежит разум, по Гегелю.

По Шопенгауэру, наоборот, в основе мироздания лежит воля, поэтому в нем много неразумного, случайного и необъяснимого. Что представляет собой эта воля, чем является? Воля – это зло, нечто неразумное, нелогичное, неподвластное уму и пониманию, бессознательное, иррациональное, непредсказуемое и непостижимое привычными способами. Воля – это совокупность желаний и инстинктов, страстей и порывов, настроений и чувств – это бессознательные побуждения, безотчетные стремления, ничем и никем не контролируемые действия.

Абай идет дальше этих мыслителей, арбитром в споре разума и воли у него выступает сердце. Сердце является источником доброты и гуманизма. Только оно заставляет людей думать об обездоленных, толкает их на совершение добрых поступков. Из сердца исходит «все доброе – милосердие, скромность, справедливость, отзывчивость». Если сердце держать в чистоте и безупречном состоянии, то не будет между людьми обиды, люди будут отскакивать от зла, как от змей, – говорит Абай.

Согласно Абая, по-настоящему умными считаются те люди, которые перед собой ставят высокие цели и упорно добиваются их достижения. При этом они не увлекаются второстепенными делами, не растрачивают свою энергию на пустые занятия и утех. В достижении благородных целей и совершении добрых дел умные люди получают истинное удовольствие и испытывают подлинное счастье.

Абай рекомендует каждому человеку ставить перед собой благородные цели, не зазнаваться, не почивать на лаврах при достижении успехов, критически относиться к самому себе, к результатам своей деятельности. «Если ты сам хочешь быть в ряду разумных, то раз в день или раз в неделю, или хоть раз в месяц давай сам себе отчет, как ты за это время вел себя в жизни, совершил ли ты поступки, соответствующие благу и разуму, не совершил ли

того, в чем следует раскаиваться? Думай о том, как ты провел свою жизнь и запомнил ли ты, как провел ее».

Завершить статью хотелось бы гениальными суждениями Абая об отказе от высокомерия, превосходства одних людей над другими, одних народов над другими. Абай призывает смотреть на всех без исключения людей, какой бы национальности, религии они не принадлежали, как на равных. Он рекомендовал перенимать у других людей и народов, достигших совершенства в чем-либо, полезные знания и опыт.

Удивительно, но почти два века назад Абай предвосхитил идею инклюзивного общества, столь популярную и актуальную сегодня! Инклюзия в современном мире является индикатором гуманности и цивилизованности общества. Построение инклюзивного общества, в котором каждый человек имеет доступ к благам цивилизации и чувствует себя полноправным членом общества, независимо от пола, возраста, возможностей здоровья, этнической и религиозной принадлежности – главная цель всех современных государств, одна из основных целей Организации Объединенных Наций.

Абай актуален в наше переломное динамичное время, его идеи многому могут научить человека, обдумывающего свою жизнь, ищущего ее смысл и желающего быть по-настоящему счастливым.

Список использованных источников:

- 1 Тоқаев Қ.-Ж. К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан №5, 9 қантар, 2020 ж.
- 2 Кунанбаев Абай: Десятитомный сборник. Т. 6: Книга слов: Стихи и проза. Алматы: RS: Международный клуб Абая. – 2020.

АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫНЫҢ ЗАҢЫ

Мұхтар Омарханұлы Әуезов әйгілі «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай мен Абай қарым-қатынасына үлкен мән беріп, оны қос дәуірдің қайшылығы деңгейінде суреттегені аян. Қалай десек те, оқырман жадында Құнанбай ескінің арты, ал Абай жаңа дәуірдің басшысы ретінде қалады (Абайдың баласы Әбішті жоқтағанда «Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен ескінің арты едім» дегені өзі мен әкесі арасына да түп-тура келеді).

Сөйтіп, Құнанбай мен Абай жолы бір емес. Себебі, Абай тұсында замана төңкеріліп түсті. Қандай жағдайда, неліктен? Төменде осы мәселе төңірегінде азды-көпті ізденіп, оның нақтылы жауабын бермекпін.

Тұрмыстық тұрғыдан әлемнің әміршісі Шыңғысхан мен оның ұрпағы хан Абылайға дейін Ұлы Дала тұрғындары тұрақты өмір сүрді. Сан ғасырлар өзгеріссіз өтті. Қазақ хандығының шаңырағы шайқалуы патшалық Ресейдің 1822 жылғы «Степное положение» атты уставынан басталды. Ол бойынша қазақ даласы округке бөлініп, округ бастығы аға сұлтан, орынбасары орыс шенеунігі болды (халық оны «майыр» дейді). Әйтсе де аға сұлтанды сайлау, яғни тас салу құқығы ел жуандары қолында болды.

Сөйтіп, 1822-1868 жылдары қазақ елі осы уставқа сәйкес басқарылды. Хандық жойылып, орнына аға сұлтандық билік келді. Шыны керек, бұл реформа қарапайым халыққа айта қаларлық өзгеріс әкелген жоқ. Далалық тұрмыс-тіршілік, ішкі өмір бәз-баяғы қалпында қалды. Жері, өзен-суы әзірге қазақтың өз қолында. Күллі дау-дамайлар ескілікті жолменен, ғұрпылық заңдарменен шешіліп жатты. Мысалға Кеңгірбай, Ырғызбай, Өскенбай қолданған Тобықтының жерін кеңейту саясатын осы елдің старшыны болған Құнанбай емін-еркін жалғастырды. Бұл – Қазақ хандығы тұсындағы заңдардың күшінде қалуының фактісі. Тобықты ішіндегі талай ата, ру өз орнын екіншіге беріп, өздері Құнанбай көрсеткен жерлерден жаңа күзеу, жайлау, қыстау алысты. «Тобықты рулары Құнанбай тұсында үлкен аударысқа түскен. Бұл аударысты жасаушы Құнанбай» – деп жазады Мұхаң [1,12]. Сол сияқты поляк Адольф Янушкевичтің естелік кітабынан аян, 1847 жылдары сұлтан Барақ пен би Құнанбай сынды тұлғалар таңның атысы күннің батысына дейін мәжіліс құрып, елдік істерді шешіп жүреді. Соның бірі – Қодар-Қамқа оқиғасы болғанын еске сала отырайық.

Қорыта айтқанда, Құнанбай патшалық Ресейдің «Степное положение» атты уставы тұсында (1822-1868 жж.), отарлау саясатының алғашқы дәуірінде, ел биледі. Бұл жылдары, далалықтардың тұрмыс-тіршілігі, ата заңы мен ғұрпылық әдет-салты өзгеріссіз сақталып қалды. Болды, бітті. Ел бодан ба, әлде бодан емес пе? Мұны анықтайтын басты критерий осы болса керек-ті.

Енді ХХ ғасырдың екінші жартысы – Абай заманына келейік. Мұхаң Абайдың алғашқы өмірбаянында 19 ғасырдағы қазақ халқының тарихи хәліне, Қарқаралы округіне аға сұлтан болғанға дейінгі Күнекең өміріне тәптештей

тоқталған. Абай жастық шақта әкесінің жолын қуып, оның істеген ісін, салынған мінезін қайталағаны жайында: «Сонымен, Абай 70-ші жылдарға шейін бір жағы әкесінің ығында болса, екінші жағынан сол әкесінің басындағы міндеттерді барлық жауларымен, барлық талас-тартыстарымен түгелімен өз басына аударып, өз міндетіне ала бастайды» [1,21] дейді. Бұл енді мүлдем басқа дәуір еді.

Сөйтіп, Абай атқа мінген, ел ісіне кіріскен шақ пен қазақ халқы отарлық қамытын шындап киген кез тұп-тура келді. Мұхаңның «70-ші жылдар Абай ел ісін әкесінің қолынан алды» дегені – 1868 жылғы «Жаңа низам (закон)» деген заң күшіне енген кез. Ол бойынша қазақ даласы округке емес, губернияға бөлінді. Губерния уезге, уез болыстарға бөлшектенді. Кешегі крепостной орыс шаруалары қазақ даласына ағылуға мүмкіндік алды. Өйткені, заңда қазақ жері мемлекеттік меншік деп жарияланды. «Патшалық отарлау саясаты, – деп жазады М. Әуезов, – қазақ халқының жерін алғанда, оның шұрайлысын, сол патшалықтың оң қолы боп саналатын казак-орыстарға, помещиктерге, әр алуан өндіріс орнатқан капиталистерге, чиновниктерге алып берді» [2,6]. Келесі сорақылық, халықтың өмірі тек қана ақ патша заңына бағынып, бәрін орыс ұлығы реттейтін болып бекітілді.

Назар аударайық, аталмыш заң қазақтың мінезін һәм тұрмысын түбегейлі өзгертті. Оның зобалаңы мен сұмдық салдары он жылдай өткенде су бетіне шықты. Абай 1879-1880 жылдары «Жаңа закон» атты ұзақ өлеңін жазып, қазақтың құруға бет алған хәлін жанайғайымен жеткізеді (өкінішке қарай, бұл құнды туынды Абайдікі емес делініп, жинақтардан сырт қалуда). Жаңа заңды әшкерелеу 1884-1886 жж. ақын поэзиясын көктей өтеді. Мысалға:

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
...Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой андып.
Ант ішіп күнде берген жаны құрысын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын!
...Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.
...Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,
...Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Осылар сияқты талай өлең сөздері тек қазақты ғана мінеу емес, бірінші кезекте, отарлық саясатты сынау, ел ішін алатайдай бүлдірген жаңағы заңды әшкерелеу болып табылады. Өзіңіз де ойлаңыз, Кеңгірбай, Құнанбай заманында жүз құбылған уәдесіздік, жалақорлық, бірін-бірі аңду, арамдықты еп көру, қу, пысық атану сияқты мінездер арамшөптей қаулады ма? Әрине, жоқ. Өйткені, ондай мінез-құлықтар оталып отырды. Халық өзі сайлаған билер мен беделді ақсақалдар арқылы тентек тезге, ел мінезі жөнге салынып, тұрмыс-тіршілік дәстүрге байланды. Дәлелдересеңіз, «Абай жолы»

эпопеясында Құнанбай айналасы, ел сенген атқамінер топ (Қаратай, Сүйіндік, Байдалы, Байсал, Бөжей, Байұзақ, Жиренше т.б.) күн ұзақ кеңес құрудан босамай-ақ жүреді. Ал Абай заманында ше? Бұлайша ел жұмысын тындыру көзден бұлбұл ұшты. Өзін өзі басқару құқы жоқ кеңестен, орыс ұлығынсыз өздігінен ештеңе шеше алмаған болыс, билерден не қайыр? Соңғылар тек орындаушы-функционер ғана еді.

Абай «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» өлеңінде бұл күнде жас балалар, бай, би мен болыс, елубасы бәрі де аларман дей келе, қауымға:

Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп? —

деген сауал тастайды. Арамдықты тиятын билер еді, олардың сиқы мынау:

Өсімге қол жайды,
Тай алып серкешке.
Алмаса ол тайды,
Дап-дайын көрмеске.
Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.
Саумаққа ол байды,
Кеңесер би кешке [3,127].

Қарапайым қалың жұрт енді кімге жүгінбек? Әлде әділетке ояз бен сот (судия) жақ па? Бұлар туралы «Жаңа закон» өлеңінде Абай:

Оязной мен судия — ендігі ұлық,
Олардың жалақысы тым-ақ толық.
Еркі жоқ ел, иен мал кез болған соң,
Олар қылмай қала ма астамшылық? [4,24] —

дейді (өзі болыс болған ойшыл астамшылық жайлы білмесе айта ма).

Сөйтіп, өздеріңіз де куәсіздер, бастапқы Абай поэзиясы дәстүрлі ел билеу жүйесінің астан-кестені шыққанының айдай айғағы. Қазақ мінезі қашан, қалай бұзылды? Ғалымдар іздеп таба алмай жүрген осы сауал жауабына «оған мен себепкер» деп «Жаңа низам» заңы сұранып-ақ тұр.

Түйер түйін: халықтың түзелуі я бұзылуы законның дұрыс-бұрысына һәм оның орындалу деңгейіне тікелей байланысты. Егерде мұны ескермесек, бүгінгі таңда да ел күткен өзгерістің болуы неғайбіл!

Абайдың бастапқы поэзиясына қайтып оралайық. Жігіт ағасы шағында ақын жер аударылған, саяси жаламен қудаланған жандармен көп сырласқан. Сондықтан қатаң цензура жәйін, мәселен, «қулық сауған заңы құрсын» деген бір ауыз сөзіне бола, итжеккенге айдалу қаупі барын жақсы білді. Соған қарамастан сыни өлеңдері — отарлық саясатқа қарсылық, оған айтқан астарлы лағынеті. Отарлық жүйе бүкіл жер-жаһанды орап алды. Өзге түгілі, Индия

сияқты алып елдерді де тырп еткізбеді. Әлді әлсізді езіп жаншыды. Осыны көріп-біліп отырған Абай:

Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып, —

деп өзі айтқандай, отарлық жүйені сынап, заманды түзетпек райынан бас тартқан. Өйткені, отарлық құрсаудан құтылудың, халық пен халықты теңестірудің өзге де жолы бар. Ол – ғылым-білім жолы. Абайдың көзі осыған кәміл жетеді. Сондықтан 1890 жылдан былайғы шығармашылығын отаршыл жүйені түзеуге, адамның мінезін сынауға емес, оның жан дүниесіне жарық түсіруге бағыттап, жантану ілімін қалыптауға бар күшін сарқа жұмсайды.

Айта өтері, кейінгі кездерде Абайға «отаршыл билікті жақтаған, орысшыл болған» деген жаланы жабу үдеп барады. Қазақ сияқты сан талай этностың әдет-ғұрпын, салт-санасын, әсіресе, тілі мен мәдениетін құлдыратқан империялық құрсаудың кесапаты. Осыны естен шығармайық!

Мәселен, Мұхаметкәрім Қожырбайұлы деген ақтаулық журналист «Абайдан үлгі алған алаш арыстарының тағдыры» атты мақаласында қазақ оқығандарының орыстан әйел алуы сияқты отарлық жүйенің салдарын да Абайға тірепті. Ол ол ма: «Тәуелсіз ел болғанымызға 32 жыл болса да... еліміздегі 5807 мектептің 1885 мектебі таза орыс тілінде, 2147 мектебі аралас. Аралас деген аты болмаса, кілең орыстілді» деп Абайға тағы бас салады. Бүгінгі орыстілді хәлді, еркі бар ел бола алмаған жағдайды осыдан 120 жыл бұрын дүниеден қайтқан данышпаннан көру әділет пе? Негізі, ұлттың рухани ұстазын тәркі ету – алмаға түскен құрт сияқты. Зардабы орасан. Күллі руханият пен тәрбие ісін іштен кеміріп, солдырады. Сондықтан хакім Абайға тас ату кәсібі сияқтанған шіркіндерді заң алдында қатаң жауапқа тартатын кез келді деген ойдамын.

19-ғасыр ахуалына оралайық. Патшалық Ресейдің әуелгі заңы (уставы) қазақ даласын отарлаудың алғашқы дәуірі дедік. Хандық билік аға сұлтандық билікке ауысты демесеңіз, устав жұмсақ болуы себепті қазақ өмірін теңселткен де, өзгерткен де жоқ. Бірақ Кенесары хан көтерілісі (1837-1847) ақ патшаны қатты шошытты. Сондықтан қулық-сұмдығы мол, қазаққа енді бас көтертпейтін «Жаңа закон (низам)» даярлауға тапсырыс берілді.

Абай болыстық қызметті осы «жаңа закон» тұсында атқарды. Сондықтан бар бәленің басы осы закон екендігін жете танып білді. Оның қазақты тізерлетіп, құлдық сананы сіндіретін астарын алғаш ашты. Бірақ кеңестік цензура кезінде бұл шындыққа құлып салынды. Айтқызбады. Мұхаң да ашып айта алмай: «Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын. Бұлардың қай-қайсысы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған» [1,13] деген емеуірін сөздерімен ғана сездіреді.

Зерттемеден шығар қорытынды: Құнанбай мен Абай екі басқа заңның аясында өмір сүрді. Құнекеңнің ғұмыры еркіндікте, Абайдікі 1868 жылғы қатаң заң қыспағында өтті. Әке мен баланың, Мұхаң айтқандай, «екі түрлі

заманның туындысы» болуы осымен өз түсінігін табады. «Абай жолы» эпопеясынан мәлім Құнанбай мен Абай қарым-қатынасы жайлы әлі күнге бірізділік жоқ. Біріміз олар «қайшылықта болған» десек, енді біріміз «болмаған» дейміз. Біз мақалада әке мен баланың бірлігі, шиеленісі де тамырын заман ахуалынан тартатынын дәлелдеуге талпындық. Ақ пен қараны, оң мен солды сол заманның заңы бойынша жіті тексере отырып танып-білсек дұрыстық. Адастырмас ғылымдық тәсіл де осы болса керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұхтар Әуезов. Абайдың туысы мен өмірі // «Абай» журналы. – 1992. №1.
- 2 Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбайұлы. Монографиялық зерттеу. – Алматы. – 1995.
- 3 Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы. –1961.
- 4 Абай шығармаларының толық жинағы (жаңа үлгідегі басылым). – Семей. – 2023.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАТЫС-ШЫҒЫС СИНТЕЗІ

Мұхтар Әуезов Абайдың дүниетанымы мен өсу кезеңдерін талдай келе: «Өз айтуынша, отыздың ішінен бастап... қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгерді. «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті», – дейді» [1, 289] деп жазады. Сонымен қатар хакім Абайдың «исләмшілдік, схоластикалық тұсаулардан», сопылық көзқарастан ерте арылып, дүниені танып білудің батыстық та, шығыстық та үлгісіне құлап түспей, өзіндік жолын таба алғанын да атап көрсетеді.

Белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абай дүниетанымында ұлттық, шығыстық жағы басым» екенін айта келіп, қазіргі кездегі «қоғамдық ғылымдар саласы евроцентристік, кеңестік, затшылдық модельдің ырқынан шыға алмай» тұйыққа тірелгенін, бұл дағдарыстан шығу үшін түбегейлі түрде ескірген стереотиптік танымдардан бас тартуға үндейді [2, 596]. Оның осындай тұжырымды толғамының үдесінен шығу үшін қазіргі зерттеушілер жауыр болған жалаң идея, жалпылама пікірлерден гөрі жалқы жағдаят пен нақты мәселеге, оқшау ойға ойыса бастағандай.

Осы мақаланың тақырыбына орайлас Гётенің «Қыс пен Темір» өлеңі мен Абайдың «Қыс» деп аталатын өлеңін салыстыра қарап, шағын интерпретациялық талдау жасамақпыз. Ол үшін алдымен екі ақынның батыс-шығыс тақырыбын қалай қаузағаны туралы басқа зерттеушілер не дейді екен, соны да бір шолып көрелік.

Гётетанушы ғалым А.В. Михайлов Гётенің «Батыс-шығыс диуаны» кітабының академиялық басылымына арнайы жазған зерттеу мақалалары мен түсініктемелерінде асыл мұрат, мәңгілік махаббат идеясы жолында отқа түсуден тайынбайтын көбелек образының немесе белгілі бір тарихи тұлғалар бейнесінің дәстүрлі мәдениет тілінде, әсіресе шығыс әдебиетінде жиі кездесетінін мысалға келтіреді. Сондай-ақ ол өзі де аудармашы болғандықтан, Гётенің осы кітабын көптеген орыс ақындарының түрліше аударуы себебін шығарманың аса терең философиялық мағынасынан, күрделі формасынан туындаған, – деп түсіндіреді [3, 728-731, 748].

«Гете мен Абай» атты эссесінде Герольд Бельгер екі ақынның қыс туралы өлеңдерін салыстырып қарамаса да, жалпы түрде Абайдың әрбір өлеңі «бір кітаптың жүгін» арқалап тұратынын айта келіп: «Немесе «Тоты құс түсті көбелекті» еске түсірейікші. Соңғы төрт жолда қаншама мағына, қаншама философиялық ой, түйін жатыр» деп атап көрсетеді, өлеңнің соңғы, үшінші шумағын мысалға келтіреді [4, 175]. Екі ақынның шығармаларында, бәлкім, мұндай ұқсастықтар, ортақ образдар, символдық мағыналар жиі ұшырасатындықтан, оларға жеке-жеке тоқталып жатуды мақсат тұтпаған да болар.

Өзбек ғалымы А. Саидовтың пікірінше, Гёте Германияда туып, өз шығармаларын сонда жазса да, рухани жағынан Шығыс ақыны болып саналады. Оның шығармаларының маңызы мен мәні, ондағы сезім, көңіл-күй ауаны шығыс адамына тән қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Сондай-ақ зерттеушінің пайымдауынша, орта ғасырдағы Шығыс поэзиясындағы сопылық идея («*Өлесің де, қайта пайда боласың!*») Гётенің «Батыс-шығыс жинағын» тұтасымен қамтиды.

Сопылық идеяға байланыстыра отырып, көбелек образы туралы осылайша жалпылама пікір білдіргенімен, оның жазуынша, әлем поэзиясының барлық жеті жұлдызы да – Шығыс ақындары. Шығыс әлемінің осы жеті жұлдызы ішінен Сағди, Хафиз және Навои үшеуін бөлек атап көрсетіп, Гёте өзін олардың тырнағына да татымайды, дейді [5].

Зерттеуші И. Лагутинаның пікірінше, Гете осы кітабының кейінгі толықтырылған басылымында әрбір жекелеген сөз түгілі, тіпті, тыныс белгілеріне, мәселен, тырнақшаға дейін де үлкен мән берген: егер әдетте мәтінде тырнақша «бөгде» сөздің авторын, дәйексөзді беру үшін қолданылса, ал Гете керісінше өз сөздерін, ойларын «өз даусы ретінде» тырнақшамен береді немесе дәйексөз бен өз сөзін мидай араластырып жібереді. Ал көбелек немесе қыс туралы өлеңдерінде өзінің субъективтік (батыстық) танымын қоса бергенімен, онда шығыстық образ менмұндалап айқын көрініп тұр [6, 192].

Жалпы алғанда, осы қысқаша шолудың өзінен-ақ неміс ақыны мен қазақ ақынының символдық образдар немесе белгілі бір тарихи тұлғалар туралы өлеңдерінің жиі аталып, көбірек талқыға түскенін байқаймыз. Әйтсе де, әр ақынның шығармасы негізінен өзінің туған топырағында кеңінен таралып, жеке-дара жеткілікті талданғанымен, олардың нақты бір туындысы, атап айтқанда, қыс туралы өлеңдері бір-бірімен салыстырыла зерттеліп көрмеген екен. Оның басты себептерінің бірі: екі алыптың өмір сүрген дәуірлерінің әрқалай, яғни екеуінің жас айырмашылықтарының шамасы жүз жылдай уақытты алып жатса, екіншіден, қазіргі кездің өзінде де екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың қарқын алып кете алмай жатқандығынан болса керек. Оның үстіне Гёте көзінің тірісінде-ақ әлем әдебиетінен ойып тұрып өз орнын алған болса, Абайдың шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін бес жылдан соң ғана жарық көргені белгілі.

Бұдан басқа да сан алуан объективті себептердің бірі: екі елдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары да феодалдық-патриархалдық бір деңгейде болғанымен, қоғамдық ой-сана дәрежелері бірдей емес-ті. Германияда Гёте тұрған Саксен-Веймар герцогтығы өз алдына ергежейлі мемлекет болса да, онда ой еркіндігі, атап айтқанда, немістің классикалық философиясы өзінің шарықтап даму шегіне жеткен шақта Абай елінде жоғары қоғамдық ой-сананың орнына қауымдық-рулық жікшілдіктің, бақастықтың, «алты бақан алауыздықтың» өршіп тұрған кезеңі болатын. Осындай мезгіл жағынан да, мекен тұрғысынан да алып қарағанда замандары бір-бірімен мүлдем үндеспейтіндей, үйлеспейтіндей көрінетін екі ақынды олардың шығармаларындағы өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктер, символдық ортақ

образдар мен тарихи тұлға тағдырлары табыстыратынына таңғалмасқа шараң жоқ. Әдебиет пен мәдениеттегі мұндай құбылысты «данышпандар диахрониясы» десе керек-ті.

Шынында да Гётенің осы «Жинағына» енген «Хикметнама. Нақыл сөздер кітабындағы» («Hikmet-Nameh. Buch der Sprüche»):

Мойындаңдар! Шығыстың ақындары
Батыстағы бізден зор, ақылды әрі.
Біз теңесер жердің бір ұяттығы:
Жек көруде өзіміз сияқтыны! —

дейтін өлең жолдары оның шығыс ақындарын қаншалықты мойындап, көкке көтере мадақтайтынын көрсетеді [7, 129].

Абайдың да балалық шағында өлең жазуға деген талпыныстарынан шығыстың жеті жұлдызы атанған классик ақындарының:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз бу һәммәси
Мәдәт бер, я, шағири, фәриад! —

деп, аттарын атап, олардың аруағын шақыратыны оқырман қауымға етене таныс [8, 25].

Гётенің он екі кітаптан тұратын «Батыс-шығыс жинағының» тақырыптық тұтас архитектуроникасын тұжырымдап таратып, атап айтар болсақ, ол негізінен былай: Махаббат — «Ғашықнама» кітабында, Шарап — «Сақинама», Зұлымдық — «Ренішнама» және Батырлық — «Темірнама» кітаптарында жырланады. Дей тұрсақ та, осы темірқазық төрт тақырып қалған сегіз кітапты да көктей өтіп, «айналасын теп-тегіс жұмыр келтіріп» (Абай), тұтас жинақты жұтындырып тұр.

Гётенің мүлдем ұйқассыз жазылған (қазақшаға аударғанда ұйқастыруға тура келген) «Қыс пен Темір» өлеңі 32 жолдан тұрады. Әйтсе де, осы туындының авторлық ремарка түрінде берілген бастапқы екі шумағын (8 жолын) есептемегенде Қыстың Темірге¹ айтқан сөзі (монологы) тұп-тура 24 жолды құрайды [7, 143].

Енді интерпретациялық салыстырмалы талдау жасау үшін алдымен екі ақынның аталған өлеңдерінің мәтінімен толық танысалық:

Гёте	Абай
Қыс пен Темір	Қыс
Осылайша оларды енді өзінің Қаһарына алды лезде қыс орап.	Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

¹ Темірлан (1336-1405) — екінші моғол хандығының негізін салушы, ол аяусыз, қатігез жорықтар жасап, Персия, Ресей, Үндістан, Шам және Кіші Азияны жаулап алған. Гёте Наполеонды Темірмен қатар қойған.

Түрлі желдер ызғарымен төзімін
 Сынағандай, тұс-тұсынан қысар-ақ.
 Қыс боранға құдіретті күш берді,
 Ызғар шашты құдды өзі бір құдай боп.
 Төмен Темір қамалына түсті енді,
 Сес көрсете айқайлады былай деп:
 «Ақырын жүр, ей, бақытсыз, о, сорлы!
 Өзгер сен де, жауыздықтың патшасы;
 Пәк жүректер жанбас отқа есерлік,
 Өртенер тек қатігездік бакшасы.
 Құдай атқан перілердің бірісің!
 Сен – кәрі шал! Мен де – соның бірімін!
 Қатырамыз жер бетінің тірісін,
 Һәм жерді де бірі ғой деп тірінің.
 Марс²! Ол – сен!
 Мен – Сатурн³, ең жалғыз,
 Қоғамдағы ең қатігез жұлдыздар!
 Мұз қатырып, кісі өлтірер жалмауыз,
 Менің ауам – ең бір суық түнгі ызғар.
 Менің ауам – суығырақ сенен де,
 Саф самалдай жан сарайын тазартпақ.
 Жабайы әскер қинап жатыр әлемде,
 Құдайына сенгендерді азаптап;
 Мүмкін, егер қалса құдай қош көре,
 Табылады одан-дағы жаман не:
 Құдай куә! Сыйламаймын ештеңе!
 Құдай білер, ұсынамын саған не?
 Құдай куә! Өлердей бұл суықтан
 Пеште жанған оттың шоғы – елес-дүр,
 Желтоқсанның жалыны да жылытқан,
 О, кәрі шал, қорғамайды сені ешкім!»
 [7, 143].

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
 Басқан ізі сықырлап, келіп қалды.
 Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
 Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
 Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
 Аязбенен қызарып ажарланды.
 Бұлттай қасы жауып екі көзін,
 Басын сіліксе, қар жауып, мазанды
 алды.
 Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
 Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
 Әуес көріп жүгірген жас балалар,
 Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
 Шидем мен тон қабаттап киген малшы
 Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
 Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
 Титығы құруына аз-ақ қалды.
 Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
 Малшыларым, қор қылма итке малды.
 Соныға малды жайып, күзетіндер,
 Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз
 қамалды!
 Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
 Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.
 [8, 109].

Абайдың бастан-аяқ бір желілі ұйқаспен жазылған «Қыс» өлеңі де 24 жолдан тұрады.

Абай шығармаларында Темірдің есімі екі-ақ рет аталады: оның бірі – баласы «Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы» деген өлеңінде: «Зекет жиып, егін сап, Тойдырған ғаріп, жатақты. Ескендір, Темір, Шыңғыстай Мұсылманда атақты» делінсе [8, 273-274], екіншісі «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты еңбегінде: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған» деп келеді [9, 138].

Хакім Абай «қыс» деген сөзді өз еңбектерінде жалпы алғанда 12 рет қолданған [10, 353]. Қарастырылып отырған екі өлеңде кілт сөздер ретінде: Winter – қыс, Greis – кәрі (шал, құда) екі ақынның да мәтіндерінде екі реттен қайталаанады. Әйтсе де, мәселе кілт сөздердің қаншалықты жиі қайталануында

² Римдіктердің соғыс құдайы, планета.

³ Римдіктердің құдайы. Бұл жерде: планетаға жамандық әкелетін қасиет беріліп тұр.

ғана емес, бұл – екі өлең ұқсастықтарын салыстырғанда бірден көзге түсетін сыртқы белгілері ғана. Екі туындыға өзек болған кейіпкерлердің мезгілдік және мекендік ортасы әртүрлі болғанымен, оларды байланыстырып тұрған ортақ мәселе біреу-ақ. Екі өлеңнің ішкі жасырын мазмұны мен олардың жазылу тарихына терең бойлап қарағанда ғана мұның «күпиясы» ашыла түседі: Гётенің кейіпкерлерін «Қыс пен Темір» деп есептесек, Абайдың кейіпкерлерін шартты түрде «Қыс пен Халық» деп атауға болар еді.

Йена қаласында 1814 жылдың 11-12 желтоқсанында жазған осы өлеңіне Гёте В. Джонсонның «Азия поэзиясы туралы алты кітапқа түсіндірмелерінде» келтірілген деректерді арқау етіп алғаны белгілі. Онда 1404-1405 жылдары Ақсақ Темірдің теріскей Қытайға жасаған жорығы жайында баяндалған. Гётенің осы өлеңін оқыған Сульпица Буассере өзінің күнделігіне былай деп жазған екен: «Темірдің қысқы жорығы, Наполеонның Мәскеуге жорығымен параллель. Әскери кеңес. Қыс бұл арада дара кейіпкер ретінде Марс құдайға қарсы шығып отыр. Қарғыс па әлде даңқ па; мықты, құдіретті» [3, 748]. Гётенің астарлы өлеңі өз заманымен орайласып тұрғаны айдан анық.

Кейбір гететанушылардың еңбектерінде бір-біріне қарама-қайшы пікірлер де ұшырасып қалып жатады. Мәтінтану теориясы бойынша көп мағыналы сөздерді интерпретациялық талдау тәсілі – қалыпты құбылыс. Әйтсе де мәнмәтін негізінен мәтіннен туындайтыны айдан анық. Ал астарлы ойдың қалыбы – мәнмәтін. Мәселен, «Қыс пен Темір» өлеңінің алғашқы нұсқасында тырнақшаға алынбаған, кейінгі нұсқасында «Ақырын жүр, ей, бақытсыз, о, сорлы!» деген жолдан бастап аяғына дейін тырнақшада берілген сөздерді Гётенің дәйексөз ретінде алғаны белгілі [7, 142-143]. Наполеонның абыройы асқақтап тұрғанда Германияда болған кезінде Гёте оның қабылдауында болғаны, жеңімпаз императордың әйгілі ақынды қызметке шақырғаны мәлім. Гёте ұсынылған қызметтен бас тартқан. Өлеңнің бір күпия сыры осында жатыр.

Осы өлең қазақ оқырманына ұғынықты болу үшін мәтін астына мынадай сілтеме түсіндірмелер берілген:

Екі ақынның өзара салыстырылып отырған өлеңдерінде бас кейіпкерлері Қыс болып көрінгенімен, Гётенің астарлы ойының өзегі – Ақсақ Темір (Наполеон), ал Абайдың айтпағы – қаһарлы қыстың құрсауында қалған қарапайым Халық екенін көзіқарақты оқырманның өзі танып алар. Оның үстіне Бородино шайқасында масқара боп жеңілген Наполеонды Сенаға дейін өкшелей қууға да, жарты жаһанды жаулап алған Ақсақ Темірдің бетін қайтаруға да қаһарлы Қыстың ғана емес, қазақ баласының да қаншалықты қатысы бар екенін Абай жақсы білген.

Қалай десек те, «соқыр, мылқау, танымас тірі жанды», құдайдай «кәрі құда» – Қыстың титықтаған мал түгілі, екі жақты езгіге түсіп отырған жарлы-жақыбай, малшы-жалшхға да жайлы болмай тұрғанын классикалық үлгіде суреттеп берген, батыс пен шығыстың тізгінін тең ұстаған Абайдың жайы қазақ оқырманына етене жақын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. Он екінші том. Мақалалар, зерттеулер. – «Жазушы» баспасы, Алматы – 1969. – 536 б.
- 2 Мырзахметұлы М. Абайдың шығыстық әлемі. – Халықаралық Түркі академиясы, 2020. – 680 б.
- 3 Гёте. Западно-восточный диван. М., «Наука», 1988. С. 896.
- 4 Герольд Бельгер. Мұнар тау (Өңгімелер, эссе, толғаулар, жазбалар) – Алматы, «Өлке», 2006. – 304 б.
- 5 Саидов А. «Шарққа хижрат эрур вожиб...» // «Узбекистон адабиёти ва санъати» газетаси. 2009 йил 31-сони.
- 6 Лагутина И.Н. «Западно-восточный диван» Гёте: опыт интерпретации // Достоевский и мировая культура. 2019. №1(5). С. 189-217. DOI 10.22455/2619-0311-2019-1-189-217.
- 7 Goethe / Гёте. West-oestlicher Divan / Батыс-шығыс жинағы (неміс және қазақ тілдерінде). Неміс тілінен аударған Төре Рахман. – Нұр-Сұлтан, «Фолиант» баспасы, 2019.
- 8 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. Алматы, 2020.
- 9 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. Алматы, 2020.
- 10 Абай тілі сөздігі. – Алматы, «Өнер» баспасы, 2011. – 616 б.

А. МАУЛЕНОВ,
Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер
ғылыми орталығының директоры,
филология ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор

АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ТҮРКІЛІК, ШЫҒЫСТЫҚ ЖАЛҒАСТЫҚ

Абай шығармашылығының қоғамдық, танымдық, көркемдік-эстетикалық мәнін толық түсіну үшін оның әдебиетте орнықтырған бейнелеу әдіс-тәсілдері, дәстүрлері, үлгі өнегесі қалай жалғастық тапқанын арнайы қарастыру керек.

Абайдың уақыт туралы, өзі туралы, ақынның қоғамдағы орны туралы өлеңдерінен бұл қасиет әрдайым терең сезіліп тұрады. Осы тұста ол қай халықтың қандай ұлы ақынымен де үзеңгі жарыстырып, деңгейлесе алады. Оның сондай өлеңдерінің ішіндегі ең кереметтерінің бірі – «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» пен «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма?». Алғашқы өлеңінде ақын табиғатты «Менікі», яғни тән мағынасында, ол адамды «мен», анығырақ айтқанда ақыл-ой, рух бейнесінде жырлайды. Өлеңнің екінші шумағында ақын осылайша философиялық тұрғыда алып, тұспалдап отырған ойын, басқаша айтқанда «менін» ашық айтады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма – ойлаңдаршы –
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? [1, 178]

Осылайша Абай қазақ даласының қам-қаракетінен бастап адам болмысынан көрініс берсе, табиғат пен адам қатынасын тізе келе, адамзат баласының қанағатсыз өмір кешуін өлеңнің соңғы екі жолында үлкен проблемаға айналдырады.

Жалпы әдебиет тарихында ойып орын алатын есімдер өзінің дүниетанымдық негізін ерекше қалап кеткен талант иелерімен бағалы. Бір ғана әдебиет емес, қазақ халқының ой-санасы мен мәдениетінің «кетігін» түгендеп, жөндеуге тырысқан ақын Абайдың орны ерекше екені сөзсіз.

Негізінде «дүниетаным» ұғымына саятын сана, рух, ойлау, болмыс сияқты тағы да басқа философиялық категориялар элементтері Абай шығармашылығының өн бойына өзек болып жатқандығын басты назарға алуымыз қажет. Олай дейтін себебіміз, ақынның қайсыбір тақырыпқа жазылған өлеңдерін алсаңыз, жоғарыда айтып кеткен дүниетанымдық ұғымдар өзара астасып жатқандығын байқауға болады.

Атап айтқанда, табиғат (болмыс), адам (сана), адамгершілік (ар-ұждан) категорияларымен астасып кеткен. Бұл жерде табиғат мифтік ұғымын жылдың төрт мезгілі ғана емес, болмыс, әлем, жер, Жаратушы деген ірі ассоциациялық ұғымдар ретінде мифтік метафора және мифтік құбылтушылық ретінде қараған жөн. Дж. Фрайзер алғашқы қауымдағы отты тану үш кезеңнен тұрады: 1) от туралы түсінік; 2) отты өмірде қолдана білу; 3) отты жаға білу дейді. Сол сияқты түркілер темір туралы түсінігі жоқ халықтарға темірді өмірде қолдана білуге үйретті. Дін әкелуші халық – түркілер; дін қабылдаушы халықтар: қытай, үнді, иран және мысырлықтар болды. Дамудың төменгі сатысында тұрған аталған халықтар түркілердің діни-мифологиялық кейіптеуінің үш қырын: 1) антропопатизм; 2) антропоморфизм; 3) зооморфизмді өздеріне қабылдады. Түркінің табиғатты заттандыру мен жандандыруының негізінде ең алғаш өздері бастан өткерген: 1) адамға зияны тимейтін табиғат құбылысын кейіптендірмеу, яғни, символдық код бермеу; 2) зияны тиетіндер: от ана, су баба т.т. кейіптеніп, оларға табынды. Осының негізінде Құдай кәрі, Тәңірі қаһары мифтік ұғымдары бастау алды. Антропоморфтанған кейіптеуге ұшырайтындар: 1) аспан (табиғат) құбылыстары; 2) жер ландшафты; 3) заттық мәдениет; 4) рухани мәдениет; 5) шаруашылық түрі; 6) тұрмыс-тіршілік; 7) психо-физиологиялық құбылыс; 8) саясат; 9) қоғамдық құрылыс болды. Осы мифологиялық образдар халықтың мәдени-рухани өміріне дендеп енді. Бұл халықтардың бұрынғы бұлдыр түсініктегі этиологиялық мифтері жаңа сатыға көтеріліп байыды.

Адамның іс-әрекеті, оның жақсылыққа ұмтылысы адамгершілік қасиеттерімен өлшенеді. Сондай-ақ мұның ішінде ақын арқау еткен ең құнды феномен – Адам феномені.

Фольклорды тар ауқымда ауызша шығармашылық деп қарау ТМД мен Ресей ғылымында кең орын алса, фольклорды кең ауқымда қамту әлем фольклористикасында ертеден орныққан. Біз тек соңғы концепцияны құптаймыз. Фольклордағы синкретизм діннің, өнердің, білімнің тұтастығы негізінде қарастылуы керек. Қазір хазақ мифтік сарындағы фольклордың байырғы өкілдері есебінде: бақсы, сал-сері, өлеңші т.б. ғана қарастырылып, халық фольклорының басқа өкілдері: есепші, тоғызшы, арестант хикаятшы, діни уағызшы, толғақшы т.б. онша назарға алынып арнайы зерттеу объектісіне айналмай келеді.

Фольклордағы оның бүкіл шынайы табиғатын айқындайтын басты да, негізгі фактор – оның қоғамдық қызметі, өмірлік нысаны. Біз мифтік фольклорды өмірді практикалық-идеологиялық жағынан рухани-материалдық игеру тұрғысынан көркем де, заттық таңбалық тану амалы деп білеміз. Өйткені ежелгі мифтік фольклор қай жағынан алғанда да, өмірді этникалық, ұлттық идеялық пайымдау екені, әуелі, рулық, кейін келе, өз кезегімен тайпалық, халықтық көп сатылы, көп қатпарлы дүниетаным ауқымында алаш жұртының әр кезеңдегі өзін қоршаған ортаны, табиғатты, шындықты, материалды-рухани игіліктерді жеке этникалық топ, этнос тұрғысынан өз дәуіріне сай сол кезең перзенті ретінде тап басып түстей білуін, ұлт фольклоры өзінің әр дәуірдегі

сілемінен сездіріп отырады. Әңгіме осыны ғылыми зерделілікпен түсіне білу, қоғам тарихының қай дәуірінде фольклоры үшін басты мақсат, басты нысана не болғандығын ғылыми тұрғыдан объективті түрде айқындап алу. Фольклор саласында қай функцияның (сейілдік, танымдық, идеологиялық, тәрбиелік, эстетикалық т.т.) маңызды болғанын дәуіріне сай айырып алу – ең бір өзекті де, толғақты мәселе. Жалпы, көп функциялық – мифтік сарындағы фольклорға тән қас сипат.

Көрнекті ғалым Ғ. Есім Абай дүниетанымын былайша түсіндіреді: «Абай өз заманындағы Аристотель сияқты дүниенің басталуының бас себебін зерттеуші ойшыл. Дүниенің мүмкіндіктен шындыққа айналуының басты себебін Абай «махаббат» ұғымы арқылы түсіндірген... Абай өзін махаббатпен жаратқан жаратушысын (Алласын) сүю, оны мойындау, соның құдіретіне сай қызмет етуді әрбір адамның парызы деп санаған» [2, 14].

Шындығында да дүниенің кілтін махаббатқа ұстатады. Дүние бітімі жаратушы адамзатты махаббатпен жаратқан соң айқындала бастаған. Жаратушы сұлу табиғатты қара жерге махаббатпен жаратты деген ұстанымды негіздейді.

Мәселен, Абай философиясындағы «сүю» деген сөз үлкен мәнге ие болады. Ол – адамзаттың өзін махаббатпен жаратқан. Алланың сүюі, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю және соңғысы хақ жолы деп әділеттілікті сүю. Ғалым Ғ. Есім бұларды парыз философиясы, бауырмалдық философиясы, әділеттілік философиясы деп атап көрсетеді.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және сүй хақ жолы деп әділетті. [1]

Академик Ғ. Есім «ғашықтық» категориясына мынадай анықтама береді: «Ғашықтық – адамның бір-біріне сезім, рух... ішкі мазмұнына айналмақ... Ислам дінінде... ғашықтық пенденің өзінің жаратушысына шексіз ғашықтығын білдіретін ұғым. Жаратушыға ғашықтық оның жаратқан дүниесіне ғашық болу деген түсінік» – дейді. [3, 107]

Абайша адамның жаратылу себебі – махаббат. Ал жаратушы – Тәңір. Тәңір – ежелгі түркі мифологиясының ең басты абсолютты ұстанымы. Жалпы әлемнің жаралысы Тәңірден бастау алады. Жалпы түркі филологиясында әлі күнге өз мифтерімізге құрметпен қарауды бір ізді ғылыми жүйеге еш түсіре алмай келеміз. Осы енжарлығымызды әлем ғалымдары сәтімен пайдаланып жүр. Басқалар әлі күнге ежелгі арийлерді түркі дүниесінен емес, өзге жақтан іздеп, өздері де әлекке түсіп, мұраның шын иегері біздерді де шатыстырып, жалған долбарға құрылған ғылыми болжамдардың небір ақылға сыймайтын түрлерін ғылыми қолданысқа енгізіп, осы өтіріктеріне ғылыми әлемді имандай ұйытуда.

Осындай, қате тұжырымдардың бар екенін үнемі есте ұстай отырып, түркі мифтерін тұтастықта олар араласқан халықтармен бірлікте алып

зерттемесек, ғылыми ақиқатқа ешқашан жете алмаймыз. Қазір тілдік тұтастық болғанымен, түрік ұлыстары мен ұлттары арасында діни тұтастық жоқ. Біздер үш дінді: тәңірлік, христиан және исламды ұстанудамыз. Баба дінін ұстанушыларды біздің мифтеріміздің діни негізін керек етпесе, біз өз кезегімізде өткенімізді тәрк етіп, пұтқа табынушылар деп оларға төбеден қараймыз.

Түркі әлемінде жұрттың бәрі мойынсұнатын ғылыми филологиялық мектептер қалыптаспаған. Оның себебі өзбек қазақты, қазақ болса, өзбекті жоққа шығарумен келеді. Бірін-бірі жазу арқылы ғана түсінісетін қытайлар субэтнос болып отырса, біз бір-бірімізге әлі күнге дұрдараздықпен қарап, ортақ тарихымызды бөлшектеумен әлекпіз. Әлем танып, мойындау үшін түркі өркениетіне істелінген, істеліп жатқан гуманитарлық ғылым салаларындағы экспанцияға жұдырықтай жұмылып, бірлесе күреспесек барымызды басқаға таратып беріп қарап отырамыз.

Мифологияда қасиетті кітаптардың мәнін ашатын «Патриарх» термині бар. Жөйіттің (еврей) Агадиялық аңыздарында Адамнан Аврамға дейін атадан балаға беріліп келген, әлем жаратушысы туралы сакральды білім, этика бастауы және әлемді жаратуға септігі тиген қасиетті тіл-жөйіт тілі емес, басқа патриарх тіл; мұсылман аңыздарында патриархтар ең алғашқы таза дінді ұстанушылар кейін келе оларға түскен дін бұзылып, былғанған делінеді. Ол араб тілі емес, басқа тіл; Осы басқа тіл: Мысырда – Тат, Үндіде – Прушта, Иранда – Гайомарт; Қытайда – Пан-Гу сияқты жасампаз қаһармандармен (термин академик С.А. Қасқабасовтікі) ере келгені баян етіледі. Ерекше тілдің болғаны онымен құдайлар, шаман-ұзұндар сөйлегенін грек, иран мифологиясы кеңінен сөз қылады. Үнділер «поэтикалық тіл», «құдайлар тіліндегі» мәтінді шығарушы аңызға айналған брахман-әншілер тайпасы болғандығын ауызға алады. Түркілерде ондай аңыз жоқ. Бәрін жаратушы, халықтың көзін ашушы – Тәңірі ғана бар. Дүниедегінің бәрі соның әмірімен болады, әрі жүзеге асады. Тәңірі өз бұйрығын түркі тілінде ғана береді.

Түркі машайықтарының (миссионерлерінің) ілкі қаһарманға (термин академик Р. Бердібайдікі) айналуы заңды құбылыс. Олар өздерімен бірге құдай сөзі мен темірді ала келді. Дж. Фрайзер алғашқы қауымдағы отты тану үш кезеңнен тұрады: 1) от туралы түсінік; 2) отты өмірде қолдана білу; 3) отты жаға білу дейді. Сол сияқты түркілер темір туралы түсінігі жоқ халықтарға темірді өмірде қолдана білуге үйретті. Дін әкелуші халық-түркілер; дін қабылдаушы халықтар: қытай, үнді, иран және мысырлықтар болды. Дамудың басқа сатысында тұрған аталған халықтар түркілердің діни-мифологиялық кейіптеуінің үш қырын: 1) антропопатизм; 2) антропоморфизм; 3) зооморфизмді өздеріне қабылдады. Түркінің табиғатты заттандыру мен жандандыруының негізінде ең алғаш өздері бастан өткерген: 1) адамға зияны тимейтін табиғат құбылысын кейіптендірмеу, яғни, символдық код бермеу; 2) зияны тиетіндер: от ана, су баба т.т. кейіптеніп, оларға табынды. Осының негізінде Құдай кәрі, Тәңірі қаһары мифтік ұғымдары бастау алды. Антропоморфтанған кейіптеуге ұшырайтындар: 1) аспан (табиғат)

құбылыстары; 2) жер ландшафты; 3) заттық мәдениет; 4) рухани мәдениет; 5) шаруашылық түрі; 6) тұрмыс-тіршілік; 7) психо-физиологиялық құбылыс; 8) саясат; 9) қоғамдық құрылыс болды. Осы мифологиялық образдар аталған елдердің мәдени-рухани өміріне дендеп енді. Бұл халықтардың бұрынғы бұлдыр түсініктегі этиологиялық мифтері жаңа сатыға көтеріліп байыды.

Неміс этнографы А. Йенсен этиологиялық мифтерді «ақиқат», «нағыз» мифтерге қарсы қояды. Ақиқат мифтер құдай жіберген кітаптарда көрініс табады. Ақиқат мифтер қасиетті, ал этиологиялық мифтер мұндай сипаттан ада. Сондықтан ондағы аңыздар ертедегі қоғамдық-әлеуметтік өмірді аша алмайды, өз зерттеушісін қателікке ұрындырады деп дұрыс қорытынды жасайды.

Құран Кәрімде Аллаһтың адамдарға 313 расул, 124 мың нәби жібергені айтылған. 313 кітап түскен, 124 мың құран сөзін ауызша таратушылар әлемді шарлаған. Сол нәбилердің біреуінің ғана түркі даласында жерленгені мәлім. Қабірі Қарақалпақстан жеріндегі – Шамун нәби. Басқа түркі нәбилері өз отанынан жырақта жат жерде көз жұмды. Басқа халықтар мифологиясында жасампаз қаһарман бейнесінде айшықталды. Түркілер әлемді қылышпен бағындырған деген бір жақты түсініктен арылуымыз керек. Біз әуелі біліммен әлемнің көзін ашқан, басқалардың жүрегіне «Құдай» сөзін ұялатқан ұлы да, ұлағатты ұлтпыз. Ислам мифологиялық діни танымы да қазаққа сіңісті болғанын жасыра алмаймыз. Абай исламды түсініп қана қоймай, түсіндіріп дамытушы да бола білді.

Абайдың Алла, Тәңірі секілді мистикалық түсініктерінде ойшылдың көзқарасындағы халық ұғымымен үндестікте тұрғанын көреміз.

Мінәжат қылды міскін Қожа Ахмет,
Я, Алла, бар пендеңе рақымет, —

деген Қожа Ахмет Яссауи мистік ақындардың — бірі. Мистік ақындардың негізгі ұғымдары Алла мен адам, кейінгісінің алғашқыға таусылмас махаббаты.

Нұр дидарың ғашықтарға уәде қылды,
Ғашық жолына жанын қиып жүрдім міне, —

деген Иасауи — нағыз ғашық жан. Оның жыры ғашықтық туралы. Ғашық болған субъектісі — Алла. Ал, мұндай ғашықтар дүниені тәрк етіп тақуалық жолға түспек. Демек тақуалар — өз жүрегімен Алланы танып, оған ғашық болғандар. Адам өзін жаратқан Алласын тануға ерікті. Сопылықтың жолы — Алланы тану, Аллаға жақындау арқылы адам өзін-өзі таниды. Иассауи «Хикметінде» аллаға ғашықтық «дүние кірінен» тазару үшін қажет дейді. Аллаға ғашықтық — адамшылдыққа ғашықтық. Міне, сопылық әлемнің негізгі тұтқасы — осы. Ал дін заманында «Растың аты — хақ, Хақтың аты бір Алла» [4], — деген Абай Иассауи көз жұмғаннан соң 679 жыл өткен соң дүниеге келді. Жоғарыда айтылғандай, Абай заманынан бірнеше ғасыр бұрын өмір кешкен

сопылық әлемнің Абай шығармаларында қандай көрініс бергенін сөз ете кетсек, Абайда суфизммен келісетін де, келіспейтін де жерлері көп. Абайдың сопылыққа көзқарасы сопылық жаңа заманды жаңғыртады. Кемеңгер ақын:

Алланың өзі-де рас, сөзінде рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас, –

деп Алла болмысының шындығына шүбә келтірмесе, Ислам парызының бірі Мұхаммет пайғамбардың Алланың елшісі екенін де тілге тиек етеді. Жалпы, «Алла» мистикалық ұғымы Абай шығармаларында үш мағынада қолданылады. Алғашқысы – шындық, ақиқат. Екіншісі – космологиялық мифтік мәнде Алла – әлемді жаратушы құдірет. Үшіншісі, ислам дініндегі Алланы тану ақыл, білім арқылы болмақ.

Ал ислам дінінде адамның бірден құдаймен қарым-қатынасы түгіл, пайғамбарлардың өзі де Алласымен періштелер арқылы ғана байланысады. Абай бұл тұрғыда:

Алла деген сөз жеңіл
Аллаға ауыз жол емес,
Ынтылы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес, –

деген даналық ой айтады. Абай мұнда Алланы көзбен емес, жүрекпен көр, көңілмен таны дегенге меңзейді. Абай бұл туралы 38 қара сөзінде: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды», – деп Алланы тану, білудің оңай жол емес екендігін ескертеді.

Ақылға сыймас ол Алла
Тағрипқа тілім қысқа аһ.
Барлығына шүбәсіз
Неге мәужіт ол қуа.

Бірақ, ол тәңірін танудағы шығармаларында шарифатта тиым салынған шартқа аялдамай, тәңіріне ақылға салып, ойға қондырмай тоқтамайтынын «Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын» деген пікірде Алланы танудағы ойының рухани-космологиялық әлемінен жол жалғастығын көрсетеді.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сенде сүй ол алланы жаннан тәтті
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті, –

деп Алла мен адам арасындағы махаббат мәселесінен сыр шертеді.

Денеңнің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты

Махаббат қылса тәңір үшін, —

деп, Алланың растығын ойшыл шын сезімнің көрінісі — махаббат арқылы дәлелдеуге талпыныс жасаған. Абайдың сопылық бағытпен қайшы келетін жері — Алланы сүюге шақыру жолында сопылық философиясындағыдай мистикаға ұрынбай гуманистік бағыт ұстанған. Абай сопылар сияқты Аллаға құлшылық жолында дүние қызығын тәрк қылуға қарсы.

Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмін болсаң
Ойла айттым, адамдық атын жойма! —

дейді Абай. Алланы абсолют — шындық ретінде ұсына отырып, пенделікті оған қарсы қоя сөйлейді. Сол сияқты:

Замана, шаруа мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді, —

дегеннен адам — тіршілік иесі, ал тіршілік иесі дүниеден өзгеріп, жаңарып, өсіп отырады дегенді айтады.

Сонымен Абайдың адам мен Алла туралы ой-толғаныстарында сопылықтың мистикалық әсері анық байқалады. Абай адамды Алламен бірге атап қана қоймай, «дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады?» — деп адамның ойлау өрісін Алла ұғымынан да биіктетіп әкетеді. Мекемтас Мырзахметовтың айтуынша «үңіле зерттей қараса; Абай исламияттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл сынына салып, оны өзіндік таным тұрғысынан адамгершілік дініне айналдырады. Өзіндік гуманистік ойларын көбінесе діни ұғымдармен жанастыра отырып таратады. Исламияттық ұғым, діни сөздер молырақ қолданған шығармаларының өзінде де Абай адамшылық жайлы асыл мұратты ойларына тыңдаушы назарын үнемі бұрып отырады» [5, 42]. Абай дін ширегінде қаралатын «жол» мен «тән» ұғымдарын:

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес, —

дей келіп гуманистік тұрғыдан талқылайды. Абай: «Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі», — деп «ақыл» сөзін «жан» сөзінің баламасы, синонимі ретінде алады. Ал жан қуаты арқылы қорланудан пайда болған «ақылды» білім, ғылым, адамгершілік, ізгілік жатыр емес пе. Міне, «Абай діні — ақылдың, адамгершіліктің діні» деген анықтама осыдан туындап отыр.

Абайдың «иманигүл» (үш сүю), «жуанмәртілік» (рақым, әділет, ақыл) сияқты күрделі ойлары тәңірге деген көзқарасын адамгершілік, ізгілік сияқты үлкен тақырыптарға қарай дамыта жалғайды.

Абай осы он жетінші сөзінде қайрат, ақыл, жүрек және ғылым туралы ойларын таратқан. Өз қасиеттерін бұлдаған ақыл, қайрат, жүрек өздерінің кім екенін айтады. Осыдан кейін ғылым оларға төрелік береді. Бұл төрт қасиет Абайда объективтік идея формасында баяндалған. Абай өз өмірінде осы қасиеттерге орнықты анықтама береді.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, —

дей келіп:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек, —

деп қорытады. Бұл туралы Ғ. Есімов «Қайрат, ақыл, жүрек және ғылымды жеке-жеке субстанция ретінде қалыптастыру Шығыс философиясында қалыптасқан дәстүр. Бұл ислам философиясындағы гносеологиялық ізденістердің көрінісі» [3, 56], — деп бұл мәселенің шығу төркінін шығыс мистикасынан іздеген.

Қазақ мифологиясында Құдайға үлкен мән беріледі, себебі аңды да, адамдарды да жаратушы ие құдай. Кеңес дәуіріндегі зерттеушілер мұндай сенімнің ислам дінімен бірге келгендігін атап өтеді. Сөйте тұра қазақ халқының мифологиясындағы құдайлар исламға дейін де болғаны белгілі. Құдай барлығының және барлық істің басында тұрады.

Мәселен, классикалық ертегілерде трикстер кейіпкерлерге көп көңіл бөлінген және солар арқылы ертегілерге юморлық үн қосылған. Халық ауыз әдебиетінде трикстерлік кейіпкерлердің сомдалуы мен мифтік аңыздар мен архаикалық ертегілер туған. Абайда мифтік сарындар нақты өмірлік ұстанымдармен біте қайнасып, Құдай ұғымы абсолют шындық ретінде қолданылады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абай ежелгі мифтерден бастау алған ұлттық танымы ретіндегі «Тәңір» сөзін, бергі ислам діні арқылы келген «Алла» сөзін, парсы өркениеті арқылы орныққан «Құдай» мифологиялық түсініктерінің барлығын қолданып, ұлттық рухани таным-түсінікке сай «Жаратушы» мәнінде қазаққа сіңістіріп жібереді.

Біз тарихи мифологиялық ақтаңдағының кейбір тұстарына ғана тоқталып өттік. Айтылған топшылаулардың бәрі дұрыс деген ойдан аулақпыз.

Бұл мақалада ежелгі түркілік мифтік сарынның ислам мифологиялық өркениетімен қосылып Абай дүниетанымына қатысты кейбір жайттарға тоқтала отырып, талдаулар жасауға ұмтылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
- 2 Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы, 2001. – 133 б.
- 3 Есім Ғ. Ғашықтық // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 б.
- 4 Ахметов З. Дәстүр // Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы: Атамұра, 1995. – 720 б.
- 5 Яссауи тағылымы // ғылыми мақалалар және жаңа деректер жинағы. – Түркістан, 1996. – 156 б.
- 6 Мырзахметов М. Суфизм және Абай // кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 274 б.

Л. МҰСАЛЫ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

АБАЙДЫҢ «КІСІЛІК КОДЕКСІ»: МАЗМҰНЫ МЕН ЗАМАНАУИ МАҢЫЗЫ

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген Абай Құнанбайұлының «Кісілік кодексі» қазіргі қазақ қоғамының әрбір саналы мүшесіне арнап айтылған тағылымды сөздердің жиынтығы десе де болады. Қазақ халқының данышпан ақыны бүкіл ғұмырында «қалың елі, қазағына» дұрыс жол сілтеп, надандық шырмауынан алып шығуға әрекет еткені белгілі. Осы ұлы мақсатынан ешқашан таймаған ақын Абай әр шығармасында, әр сөзінде ел-жұртына ақылын айтып, тәрбие беруден еш жалыққан емес. Ең бастысы, туған халқын жан-жүрегімен сүйген ойшыл ғұламаның тағылымды сөздері қазіргі заманда да өзектілігін еш жоғалтқан емес. «Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөздері осыған дәлел болады.

Қазіргі уақытта қоғамның алдында, ұстаздардың алдында Абайдай ғұламаның ұлттық құндылықтарға негізделген мән-маңызы зор шығармаларының нәрін өскелең ұрпақтың санасына барынша сіңіре түсу үшін, Абай сөздерін біліп, түсініп қана қоймай, қолдану аясын кеңейте түсу міндеті тұр. Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абай ілімін білудің, түсінудің, қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» атты ғылыми жоба орындалды. Аталған жоба аясында ақынның сөздерінен «Кісілік кодексі» құрастырылды. Жалпы, кодекс дегеніміз белгілі бір қауымдастық, қоғам мүшелері арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттейтін белгілі бір ережелер мен нормалар жүйесі болып табылады. Абайдың «Кісілік кодексін» де бар қазақ қоғамына, оның әр мүшесіне, қатардағы қарапайым азаматтан лауазымды тұлғаға дейін қажет болатын өмірлік ережелер ретінде қабылдаған жөн.

Кодекс Абайдай кемеңгер тұлғаның өз халқын адамшылық пен ізгілік жолынан айнымауға шақырып, әр қазақтың бойына кісіліктің, адамшылықтың қағидаларын сіңіруді мақсат еткен мәні терең, ұлағаты зор ой-тұжырымдарынан іріктеліп дайындалған. Абайдың «Кісілік кодексіне» ойшыл данышпанның кісілікке жетудің нақты жолдарын нұсқайтын 19 сөзі

енген. «Құдайдан қорық, пендеден ұял» деп басталатын Кодекстің әр тармағы қарапайым ғана адами қасиеттерді, әділет пен адалдықты насихаттап, тыңдаған жанның ой-санасын қозғайды. Абай Құнанбайұлының даналық сөздерінен, өлең жолдарынан таңдалып алынған тұжырымды да тәлімді қағидалардың әрқайсысы қазіргі таңда да маңызды әрі өзекті болып отыр.

1. *«Құдайдан қорық, пендеден ұял»*. «Кісілік кодексінің» бірінші тармағы Абайдың жиырма бесінші қара сөзінен алынған. «Құдайдан қорық, пендеден ұял» деген сөздер әр қазақтың жанына жақын әрі түсінікті болып естіледі. Қазақта «құдайдан қорықпайды екенсің» деген сөзді жай реніш емес, ауыр айыптау формасы ретінде айтылады. Демек, «құдайдан қорқу» қазақ ұғымында адамшылықтан, ар-ұяттан, әділдіктен аттамаудың алғышартындай маңызды. Осыдан келіп, қарапайым қазақ адамдар жөніндегі дұрыс-бұрыс пікірін «құдайдан қорқып, пендеден ұялумен» байланыстырып, «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген тұжырымға келеді.

2. *«Адал жүріп, адал тұр»*. Кодекстің екінші тармағы Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңінен алынған. Нақты әрі кесімді түрде айтылған бұл сөзде күнделікті тіршілікте жүріс-тұрыста, адамдармен қарым-қатынаста ешкімге қараулық жасамай, адалдықпен дос болуға бұйырады, әрі шақырады.

3. *Досыңа достық – қарыз іс*. «Кісілік кодексінің» үшінші тармағы Абайдың «Жастықтың оты жалындап» өлеңінен алынған. Адам өміріндегі дос пен достықтың жай ғана нәрсе емес, қарыз іс екендігі, бұл ұғымдардың өмірдегі маңыздылығы нақты атап көрсетіледі.

4. *Дұшпаныңа әділ бол*. Кодекстің төртінші тармағы Абайдың «Жастықтың оты жалындап» өлеңінен алынған. Нағыз әділ, адал адам әділдік принципін досқа ғана емес, тіпті дұшпанға да қатысты қолдану қажеттігін баса айтып өтеді.

5. *Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең*. Кодекстің бесінші тармағы Абайдың «Ескендір» поэмасынан алынған. Поэма сюжетіне сүйене отырып, адам бойындағы нәпсіқұмарлықты тұсай біліп, керек кезінде оны жеңіп, бас тарта білудің өмірде қаншалықты маңызды екенін жеткізеді.

6. *Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста*. Кодекстің алтыншы тармағы Абайдың «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінен алынған. Осы өлең соңында түйінделетін «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі» бірдей ұстағанда ғана толық адамның қасиеттері түгенделетінін ұқтыру үшін Абай ақын өз оқырманына осылайша бұйырып айтады.

7. *Ақырын жүріп, анық бас*. Кодекстің жетінші тармағы Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінен алынған. Ұстаздық еңбекке байланысты айтылған тәрізді көрінгенімен, өмірдің барлық саласы мен кезеңдерінде әр қадамын ақырын, ойлана басқан, іс-әрекетін нақты атқарған жанның еңбегі ешқашан да далаға кетпейтіні туралы Абай ақынның тұжырымы қарапайым айтылғандай көрінгенмен, соншалық мәнді де терең.

8. *Пайда ойлама, ар ойла*. Кодекстің сегізінші тармағы Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңінен алынған. Абай ақынның адал еңбекті, ар

тазалығын насихаттаған, оқырманына кең тараған осы бір сөзі Кодекстің өте маңызды тармағы болып отыр.

9. *Әсемпаз болма әрнеге.* Кодекстің тоғызыншы тармағы Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінен алынған. *-паз* жұрнағымен келетін ақын тіліне тән, ерекше қолданыстар болып табылатын сөздер қатарындағы *әсемпаз* сөзі арқылы адам бойындағы көрсеқызарлық, тұрақсыздық тәрізді жағымсыз қасиеттерді дәл сипаттай білген және тыңдармандарын бұндай қасиеттен аулақ болуға шақырады.

10. *Ғылым таппай мақтанба.* Кодекстің оныншы тармағы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен алынған. Қазақ оқырмандарының құлағына әбден таныс бұл тіркес білім мен ғылым жолына түскен әрбір талапты жасты ынталандыра түседі, әрі құр мақтаннан сақтандырады. Бұл мәнді де салмақты сөздің жаңа заман жастары үшін де өзекті екені даусыз.

11. *Кісіге біліміне қарай болыстық қыл.* Кодекстің он бірінші тармағы Абайдың отыз жетінші қара сөзінен алынған. Кісімен қарым-қатынас кезінде білімі мен білігіне қарай сөз тауып, жол тауып, табыса білу, ортаны меңгере білудің маңыздылығын білдіреді. Кейінгі жолдарында «татымсызға қылған болыстық адамды бұзатындығын» да атап өтеді.

12. *Жан аямай кәсіп қыл.* Кодекстің он екінші тармағы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен алынған. Барлық шығармаларында еңбексүйгіштікті насихаттайтын ақынның қандай кәсіпті де терең меңгеріп, «жан аямай» беріліп, кіріскен жанның еңбегі еш болмайтынын айтқан бұл ақылы кім-кімге де пайдалы. Бұл тұрғыда Президент Қ-Ж. Тоқаевтың «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «*Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте* » деген сөздері Абай айтқан ақылмен үндесіп жатыр.

13. *Ісім өнсін десең, ретін тап.* Кодекстің он үшінші тармағы Абайдың отыз жетінші қара сөзінен алынған. Кез келген істің «ретін таба білу» де, жөніне қарай жалғастыру да ақылды да еңбекқор жанның «ісінің өніп», алға басуына себеп болмақ. Ақылын серік еткен әр жан жаңа шаруасын бастар алдында жан-жақты ойланып, тәртібі мен ретін анықтап алмақшы.

14. *Бес нәрсеге асық бол: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.* Кодекстің он төртінші тармағы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен алынған. Көзіміз үйреніп, көңілімізде сақталған Абайдың «бес асыл ісі» және келесі тармақтағы «бес дұшпаны» заманауи қазақ үшін де қажетті әрі маңызды болып отырғанын қазіргі өміріміздің шындығы күн сайын дәлелдеп отыр.

15. *Бес нәрседен қашық бол: өтірік; өсек; мақтанишақ; еріншек; бекер мал шашпақ.* Кодекстің он бесінші тармағы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен алынған. Данышпан ақын санамалап айтып берген, бала кезімізден құлаққа сіңген «бес дұшпанға» қарсы күресу қазіргі заман адамының да міндеті болып отыр, сондықтан да бұл жолдар Кісілік кодексіне енгізуге лайықты деп санадық. Президент Қ-Ж. Тоқаевтың «Абай – рухани реформатор» атты мақаласындағы: «*Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда әлі де кездеседі. Өкінішке қарай*

Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз. Азаматтарымыздың арасында жалқаулық пен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша тойқұмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, әрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де отырады» деген жолдар да «Кісілік кодексінің» бұл тармағының заманауи мән-маңызы зор екенін тағы да бір рет танытады.

16. *Жүрегіңнің түбіне терең бойла.* Кодекстің он алтыншы тармағы Абайдың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінен алынған. Жалпы, Абайдың ілімінде жүрек ұғымының концептуалды сипаты басым, мән-маңызы терең екені белгілі. Осы бір филолсофиялық өлеңінде Абай өзінің сүйікті «жүрек» концептісін пайдалана отырып, оқырманына да «жүрегіңнің түбіне терең бойла» деп ақыл береді. Біраз уақыт «жүрегімнің» болып жазылып, текстологиялық жақтан түзетулер жасалған жинақтан (1977) кейін «жүрегіңнің» болып нақтыланған бұл сөзде терең мән бар. «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде» атты жолмен үндес келетін осы бір тармақ адам өміріндегі жүрекпен сезудің, жүрекпен танудың қаншалықты маңызды әрі шынайы екенін тағы бір рет дәлелдеп береді.

17. *«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп».* Абайдың кісілік кодексінің он жетінші тармағы «Махаббатпен жаратқан адамзатты» өлеңінен алынған. Гуманист ақын Абайдың адамзаттық деңгейде ойлана алатын кемеңгерлігі мен тереңдігі осы тармақтан айқын көрінеді.

18. *Өзіңді өзің күзет.* Кодекстің он сегізінші тармағы Абайдың «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» өлеңінен алынған. Бұл контексте «өзіңді және өзің» сөздері жеке тұлғаның бүкіл болмысы мен әрекетін жинақтағандай салмақты болып тұр. Өзін, бойын, мінезін, іс-қимылын бақылауда ұстап, өз болмысының күзетшісі өзі бола білген, ең алдымен өз ар-ұятының алдында таза болған жан жамандыққа бара алмайды және ол өзгелерге де әділ бола біледі.

19. *Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау.* Кодекстің он тоғызыншы тармағы Абайдың төртінші қара сөзінен алынған. Құдайдан қорқып, одан медет күте отырып, әрекет бастаған иманды жан өз қайратына ғана сүйенбекші, өз еңбегімен ғана табысқа жетпекші екенін Абай осындай сөздермен әрі кеңес әрі тілек ретінде атап айтады. «Еңбек сауу» Абайдың өз тарапынан енгізген авторлық неологизмі десе болады, «еңбектене беру, еңбек арқылы даму» деген мағынаны береді.

Абайдың «Кісілік кодексіндегі» қадап айтылған әр қағида әрбір қазақ баласының, әр саналы кісінің ой жүйесінде орнығып, көңіліне беки түссе және оны әр қазақ күнделікті тіршілігінде ұстанса, біздің қоғамымыздың рухани ой-өрісі мен деңгейі арта түсетіні даусыз. Қазақ қоғамының ұлттық құндылықтарға негізделген рухани әлеуетін өсіру үшін кісілік қағидаларына негізделген бұл тұжырымдардың ролі зор және осы бір тағылымды, түйінді ойлардың жалпыхалықтық сипат алып, қоғам мүшелерінің санасына орныға беруі аса қажет деп санаймыз. Болашақта ол ережелер – Жаңа Қазақстан азаматтарының өмірлік қағидасына айналуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Абайдың кісілік кодексі / құраст., жалпы ред.басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 8 б.
- 2 Тоқаев Қ.-Ж. Абай – рухани реформатор. Егемен Қазақстан. 10 тамыз, 2020 жыл.

Н. АЛДАБЕК,
Абай ғылыми-зерттеу институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Г. ЫБЫРАЙҚЫЗЫ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
аға оқытушысы

«АБАЙ ІЛІМІ» ПӘНІНДЕГІ ЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРС ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒДАРЫ

Абай Құнанбайұлы шығармалары – ұлттық философияны, моральдық және этикалық нормаларды, сондай-ақ XIX ғасырдағы Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістерді түсінудің аса құнды көзі.

Абай ілімін және оның идеяларын жан-жақты зерттеу қазіргі таңда қолға алынған кезде, күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – белгілі бір жүйелі негізді және сындарлы әдістемелік бағдарламаны басшылыққа алу.

Абай XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі ақын ғана емес, сонымен қатар оның қара сөздері мен өлең толғаулары өмір шындығын бейнелеуге арналған ірі тұлға ретінде тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Осы тұста «Абай ілімі» пәні Абай шығармаларын талдаумен қатар, оның мәдениетке, қоғамдық идеяларға және қазақ жазба әдебиетінің дамуына тигізген әсерін де қарастырады. Абайдың философиялық идеялары, әдеби мұрасы, шығармаларындағы этика, мораль, әлеуметтік мәселелер және т.б. «Абай ілімі» пәнінің негізгі аспектілері болып саналады.

Абай Құнанбайұлы өз еңбектерінде адамгершілікке, әділдікке, адам табиғатына және адамның қоғамдағы рөліне қатысты маңызды философиялық мәселелерді қозғады. Оның білім, ақыл-ойдың дамуы және рухани өзін-өзі жетілдіру туралы көзқарастары бүгінгі күні де аса өзекті. Ұлы ойшылдың өмірдің мәні, адамгершілік құндылықтар және адамның қоғамдағы рөлі сияқты іргелі мәселелерге қатысты еңбектерін зерделеу, түсіну, білу, есте сақтау, қолдану өте маңызды. Абай іліміне терең үнілу XIX ғасырдың философиялық идеясын жақсы түсінуге және Абай идеяларының әлемдік философиялық дәстүрлермен қалай үндескенін көруге мүмкіндік береді.

«Абай ілімі» пәніндегі басты тақырыптардың бірі – жақсылық пен жамандықтың не екендігі және дұрыс әрекет ету үшін адам өзін қалай ұстау керектігі туралы этика ілімінің мәселелері. Сонымен қатар Абайдың қоғамдағы жемқорлық, надандық сияқты әлеуметтік мәселелерге қатысты ой-көзқарастары оның өз заманында ғана емес, бүгінгі таңда да өзектілігін сақтап отыр.

Ұлы ойшыл Абай көтерген идеялар, тұжырымдар, әсіресе оның этикалық пайымдары моральдық мінез-құлық пен әлеуметтік жауапкершілік үшін маңызды бағдарларды қалыптастырады. Оның ізгілік, әділеттілік және адамгершілік туралы ойлары қазіргі қоғамның моральдық негіздерін қалыптастыруға және нығайтуға көмектеседі.

Осы тұрғыдан алғанда, Абай идеяларының бүгінгі қоғамдағы өзектілігін, қазіргі сын-қатерлерге қарсы тұра алатын құндылықтар жүйесін зерделеу және заманауи үдерістердегі оң үрдістерге әсерін тұрақты түрде зерттеу маңызды деп санаймыз.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірнеше факультетінде оқу процесіне енгізілген «Абай ілімі» пәні Абай мұрасын терең түсіну және интерпретациялау үшін жаңа тәсілдер мен әдістерді қажет етеді.


Ақпараттық технологиялар ғасырында заманауи білім беру технологиялары «Абай ілімі» пәнін меңгеруге, зерделеуге жеткілікті мүмкіндіктер береді. Абай мұрасы, шығармашылығы туралы электрондық кітаптар, <https://abainst.kz/> сайтындағы ресурстар Абай еңбектерінің мәтіндеріне, Абай шығармашылығы туралы түрлі материалдарға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Интернет көздеріндегі бейнедәрістер, интерактивті презентациялар сияқты мультимедиялық ресурстарды пайдалану Абай шығармаларын зерттеуді көрнекі әрі қызықты етуге көмектеседі. Интерактивті тақталар мен ақыл-ой карталарын (1-сурет) құруға арналған әдістер мен қосымшалар мәтіндерді талдаудың және философиялық тұжырымдамаларды талқылаудың тиімді құралы бола алады.



1-сурет. «Ақыл-ой» картасы.

«Абай ілімі» пәні бойынша қолдануға болатын «ақыл-ой картасы» әдісі тақырып бойынша қарастырылатын негізгі компоненттерді және олардың өзара байланысын визуализациялауға көмектеседі:



Жоғарыда аталғандай, «Абай ілімі» пәнін тиімді оқыту әдістемелік ерекшеліктерді мұқият қарауды талап етеді. Бұл пән Абай идеяларының тарихи мәнмәтінін және қазіргі қолданысын түсіну үшін маңызды философиялық, этикалық және әдеби аспектілерді қамтиды.

Пәнді оқытудағы алғашқы маңызды қадам – курстың мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтап алу. Студенттерді Абайдың философиялық және этикалық идеяларымен таныстыра отырып, Абайдың шығармашылық мұрасының мәдени, рухани және басқа маңыздылығына жан-жақты талдау жасалуы тиіс. Тағы бір маңызды мақсаттың бірі – Абай шығармаларын зерттеп, зерделеу арқылы студенттердің сыни ойлау дағдысын дамытуға басымдық беру.

Осы мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

- Абайдың адам, қоғам және әлеуметтік мәселелерді қозғайтын шығармаларына (мысалы, «Ескендір» поэмасы мен қара сөздеріне) талдау жасау;
- Абай идеяларының қазақ мәдениеті мен әдебиетіне әсерін зерттеу;
- Абайдың философиялық және этикалық идеяларын (мысалы, «Абайдың кісілік кодексі») қазіргі заманда қолдану тәсілдемесі.

«Абай ілімі» пәнін тиімді оқыту үшін оқытудың әртүрлі әдісі мен формаларын қолдануға болады. Семинар сабақтарында студенттерді шағын топтарға бөліп, семинар тақырыбы бойынша берілген тапсырмаларды белсенді орындауға, Абай шығармаларындағы мәтіндерді түсінуге, білуге, есте сақтауға, интерпретациялауға, талқылауға және талдауға басымдық берілуі керек. Мақсат-міндеттері айқын және жүйелі ұйымдастырылған семинар сабақтары студенттердің шығармаларды талқылау мен түсіндіруге белсенді қатысуын ынталандырады. Бұл контексте мәтінмен жұмыс Абай шығармаларымен танысудың негізгі әдісі ретінде қарастырылуы тиіс.

«Абай ілімі» пәні бойынша силлабуста ұсынылған тақырыптар білім алушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуіне, ізденуіне және ғылыми жұмыстар жазуға ынталануына ықпал етеді.

Мұндай оқыту түрі сыни тұрғыдан ойлау және өзін-өзі талдау дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

Пікірталастар мен топтық жобалар (презентация қорғау) сияқты белсенді оқыту әдістері оқу материалдарын тереңірек түсінуге негіз қалайды. Ең бастысы, студенттер Абай шығармаларын талқылау барысында өз ойлары мен пікірлерін анық, дәйекті түрде білдіре алады, сондай-ақ пікірталас, талқылау барысында сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін әртүрлі көзқарастарды тыңдай алады.



Толық адамның үш қасиеті

«Абай ілімі» пәнін оқыту процесіне рөлдік ойындарды енгізу білім алушыларға шығармалар мен олардың тарихи-мәдени контекстін тереңірек және жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді. Студенттер Абай өлеңдерінен немесе қара сөздерінен (мысалы, 17 қара сөз) сахналық қойылымдар қоя алады. Мысалы, кейіпкерлер арасындағы диалогтарды бейнелеп көрсетуге немесе оның мәтіндерінде көтерілген философиялық мәселелерді талқылауға болады. Рөлдік ойындар Абай дәуіріндегі негізгі тарихи тұлғалар мен әлеуметтік жағдайларды бейнелеп көрсетуді қамтиды. Студенттер Абай заманындағы, айналасындағы адамдардың өмір салты мен көзқарастарын бейнелей алады, бұл оның шығармаларын уақыт контекстінде байыптауға

тұғыр болады. Сондай-ақ студенттерге шығармалардың эмоциялық және әлеуметтік атмосферасына тереңірек енуге көмектеседі.

Тиімді талқылау үшін «Сократ шеңбері» әдісін қолдану ұсынылады. Екі шеңбер, бірі екіншісінің ішінде орналасқан. «Ішкі шеңбердегі» білім алушылар тақырыпқа қатысты мәселені сұрақтар мен жауаптар түрінде талқылайды. Ал «сыртқы шеңбердегі» білім алушылар оларды тыңдайды, дәптерлеріне жазып алады және талқылаудың соңында өз пікірлерін айтады. Оқытушы олардың жұмысын бақылап, бағыттап отырады, бағытталған сұрақтар арқылы дискуссияны қажетті арнаға түсіреді. Белгіленген уақыттан кейін «шеңбердегі» білім алушылар рөлдерін ауыса алады.

Тиімді талқылау үшін «Сократ шеңбері» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдіс екі шеңберді қамтиды: бірі екіншісінің ішінде орналасқан. «Ішкі шеңбердегі» білім алушылар тақырыпқа қатысты мәселелерді сұрақтар мен жауаптар түрінде талқылайды, ал «сыртқы шеңбердегі» білім алушылар олардың пікірлерін тыңдап, дәптерлеріне жазып алады. Талқылаудың соңында сыртқы шеңбердің қатысушылары өз пікірлерін білдіреді. Оқытушы бұл процесті бақылап, бағыттап, қажетті жағдайда бағытталған сұрақтар арқылы дискуссияны басқаруға көмектеседі. Белгіленген уақыт өткен соң, «шеңбердегі» білім алушылар рөлдерін ауыса алады.

«Абай ілімі» пәніндегі этикалық дискурс қалыптастырудың әдістемелік бағдарлары қазіргі білім беру реалийлерін ескеруді және инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді. Цифрлық технологияларды, белсенді оқыту әдістерін және пәнаралық тәсілді енгізу – материалды терең және тиімді меңгерудегі маңызды сатылардың бірі. Ал дәстүрлі әдістерді жаңа жағдайлар мен трендтерге бейімдеу білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз етіп, студенттерді философиялық және мәдени мұраны терең түсінуге даярлайды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Абайтану антологиясы. Он томдық. I-X томдар / Бас редакторы Ж. Түймебаев. Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 2 Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері: мақалалар жинағы. Екінші кітап. – Алматы: Абай институты, 2022.
- 3 Ибраимова Г. «Методы преподавания литературных произведений в казахской школе». – Бишкек: Академия образования, 2018.
- 4 Мамбетова Д. Современные подходы к преподаванию философских текстов. – Астана: Научный центр, 2020.

А. АСҚАРОВА,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты,
гуманитарлық ғылымдарды зерттеу бөлімінің басшысы,
филология ғылымдарының кандидаты

АБАЙДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Адамзат тарихында «ағартушылық» ұғымы орта ғасырда Еуропада бастау алған Қайта өрлеу дәуірімен тығыз байланысты. Батыс интеллектуалдық қозғалысының белді тұлғалары мен олардың ізін қуушы өкілдері ағартушылықтың өзегіне *рационализм* мен *еркін ойды* негіз етіп алды. Олар қоғам өмірінің бар саласын шырмаған шіркеу ықпалынан шығуға әрекеттеніп, адам құқығын алға шығарды. Ағартушылық философиясының негізінде өз кезеңінің дәстүрлі институттарын, ескілікті жол-жоралар мен әдеп қағидаттарын сынау, әжуалау жатты. Қазіргі заманғы еуропалық философиялық және саяси ой, либерализм идеялары да осы Ағарту дәуірінен тамыр тартады. Бұған, әсіресе, әйгілі неміс философы И. Кант айрықша назар аударып, анықтамасын беруге тырысқан. Ол мұны дербес еркін ойлау жүйесі ретінде қарастырады. Батыстық әлемде өркен жайып отырған демократиялық құндылықтардың да түп негізі осы Ағартушылық-Қайта өрлеу кезеңінде жатыр.

Кейіннен *ағартушылық* термині ғылымды насихаттау, ілім тарату ісімен байланысты қызметті атайтын ұғымға айналды. Қазіргі кезде ғылыми-танымдық әдебиеттер авторларын да *ағартушы* деп атау орныққан.

Сонымен батыстық түсініктегі ағартушылық бағыты өкілдерінің ортақ тұстарының болуымен бірге, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар. Оларды ортақтастырып тұрған басты дүние – ескіні сынау, жаңаға үндеу. Бұл ретте олардың көзқарастары, әдіс-тәсілдері, ұстанған қағидаттары мен бағыттары әр алуан болып, тіпті бір-бірімен қайшыласып та жататын кездері жоқ емес.

Отандық зерттеушілер арасында ағартушылық ұғымына қатысты жоғарыдағы түсінікке сай қазақтың ұлы ойшылы Абайды да ағартушы ретінде танып білу тиянақ тапқан. Ағартушылықтың батыс ғылымы мойындаған талаптары тұрғысынан қарағанда, Абайдың оған сәйкес келетін жақтарының болуымен бірге, оның аясына сыймайтын тұстары да жоқ емес. Осы шағын мақалада біз Абай ағартушылығының осы қырына баса мән беруді мақсат тұттық.

Абайдың сүйікті ұлы Әбішінен айрылып, жаны жаралы, көңілі қаралы болғанда көкірегі қарс айрыла аза тұтып, көмейінен өксікті жалын ата жазған «Әбдірахман өліміне» атты жоқтау жырында айтатын «Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен ескінің арты едім»[1,152] деген ойын ақынның өзіне қарасты да қолдануға болады. Расында, Абайдың алдыңғы толқын дәстүрлі қазақ ақын жырауларынан ойы да, өрнегі де өзге. Сөз саптауы да бөлек. Бұған

ататек, қазақы қанын былай қойғанда, өскен орта, алған тәлім-тәрбие, игерген білімнің де әсер етіп, ақын санасына өз таңбасын қалдырғаны сөзсіз. Ол ескінің соңы, жаңаның басы болды деуге толық негіз бар.

Бұл орайда бір жайттың басы ашық. Абай алдына ел түзеуді, жұртқа жөн-жоба көрсетуді түбегейлі мақсат тұтқан жан емес. Жүрек қалауы, азаматтық болмысы, нұрлы жаны мен сәулелі көкірек көзі осы жолға түсірген. Мұны өзі:

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ [1,61] –

деп әйгілесе, бірінші қарасөзінде: *«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын. Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»* [1,204], – деп түйіндейді.

Көріп отырғанымыздай, Абай – жасанды жанкештілік пен мақсұтшыл қайраткерліктен ада табиғи болмыс, біртуар жаратылыс.

Сонымен Абай ағартушылығының өзегі мен ерекшелігін қалай танып білген жөн? Әдетте, Абай мұрасын зерттеуші ғалымдар көбіне ғұламаның кемел тұлға ретінде қалыптасуын оның рухани нәр алған үш бұлағымен байланыстырады. Оның әуелгісі – қазақ халқының телегей-теңіз рухани мұрасы, екіншісі – мұсылман-исламдық дүниетаным және үшіншісі – орысша оқу арқылы қол жеткізген батыс жұртшылығының ілім-білімі. Сөз жоқ, аталған рухани қайнарлардың кемеңгер ақыл-ойының толысуына, таным көкжиегінің кеңеюіне тигізген әсер-ықпалы зор. Алайда Абай және оның рухани мұрасы – осы үш қайнардың ғана жемісі деу қаншалықты ақиқатқа жақын болмақ? Бұл тек алғышарттар ғана емес пе?! Әріге бармай-ақ, осы үш қайнар бүгінде кез келген қазақ баласына қолжетімді болып отырған жоқ па?! Олай болса, бүгінгі бұл талапты өрендер Абайдың деңгейі демей-ақ қояйық, өз заманының ойы озық, ақылы асқан бірегей жасампаз тұлғасына неге айналмай отыр? Демек, пенденің тұлға болып қалыптасуын қоршаған ортасымен, алған тәлім-тәрбиесімен, игерген ғылым-білімімен ғана байланыстыра қарастыру белгілі бір дәрежеде географиялық, рухани, мәдени, лингвоғылыми, гендік детерминизмге ұрындырмай қоймайды. Ол бірқатар шындықтардың сырына бойлатқанымен, тұтас ақиқатты танып білуде жеткіліксіз болмақ.

Абай дүниетанымының кілтін белгілі ғұлама ғалым, фарабитанушы Ақжан Машани ұсынған. Сол секілді философ Досым Омаровтың да пайымдаулары көкейге қонымды тұжырымдар ұсынуымен құнды.

Жалпы, Абай – өзінің дара рух иесі екенін тани білген жан. Өзінің рухын тани алған адам ғана өз болмысымен бетпе-бет келіп, ақиқатқа жақындай алады. Дүниенің көмескі және көрнекі сырларын, жаратылыстың хикметтерін

сезіп білуге қабілетті болады. Санасы нұрланып, көкірегіне сәуле құйылған жан ғана пендеуі дүние, күйкі тіршіліктен жоғары тұрып, биік идеалдар, ұлы мақсаттар жайлы ой толғауға қабілетті болмақ.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан! [1,15] –

деуінің астарында да жаратылыстың сыры мен түпкі мақсатын көкірек көзімен сезе білген аңғарлы жанның емеуріні қылаң береді. Бұл – санасы шұғыла шашқан, көкірек көзі ашылған адамның аузынан шығатын лебіз. Өзінің Ұлы Абсолюттен тамыр тартып, аманат арқалаған жан екенін терең сезінуден туған лепес.

Сол секілді «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңіндегі:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі, –

деуі осыған меңзейді. Абай адамзат баласына ортақ ақиқатты қазақы мазмұнға орап бере білген.

Сонымен Абай ағартушылығының ерекшелігі сан ғасырлардан бері Ұлы Далада қалыптасқан шалқар дүниетанымның алуан түрлі мәдени жүйелермен тоғыса келе толғатып туған рухани синтезінде, көкірек көзінің ашылып, тылсымға жалғана білуінде жатыр. Бұған Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі сыр сөздер куә.

Ағартушылық арналары. Ойшыл шығармашылығын тұтас күйінде қарастыру, Абайдың ағартушылық көзқарастары мынадай төрт бағытта өрбитінін көрсетіп отыр.

Бірінші, надандықтан арылу, оқу-білімге үндеу.

Екінші, жасампаздық қабілетті күшейту, жаңашылдыққа үйір болу, өнер үйреніп, кәсіп ашу.

Үшінші, сапалы қазақ болудың шарттары.

Төртінші, «толық адам» болу, рухани-адамгершілік қағидаларын негіздеу.

Абайдың бүкіл шығармашылығында аталған төрт бағыт желі тартып, айтайын деген басты ойына өзек болған.

1. Оқу-білім құндылығы.

Абайдың ойынша, бүкіл жамандық атаулының бастауы – надандықта. Одан арылтатын, адамның өресін өсіріп, өрісін кеңейтетін, көзін ашатын – оқу-білім. Сондықтан да ол, барша жастарға қарата:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге, —

деп үн қатады. Адам болудың нақты шартын былайша нұсқайды:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс көнсеңіз [1,4] —

деп тұжырымдайды. Оқудың мақсаты — пайда табу емес, арлы адам болу екенін қайталап айтудан танбайды.

Баламды медіресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [1,11] —

дейді.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге [1,13] —

деп, адамшылық арды әрдайым алда ұстаудың маңызына тоқталады. Кемеңгердің бұл ойы әл-Фарабидың «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген ойымен үндес. Себебі, пайда көздеп алған білімнен көпшілікке пайда жоқ. Еліміздегі ұлттық білім жүйесінің жаңа моделін қалыптастыруда Абайдың «пайда ойлама, ар ойла» қағидасын басшылыққа алу керек-ақ.

2. Жасампаздық құндылығы.

Абайдың ағартушылығының тағы бір арнасы адам баласын жасампаздыққа шақыруында жатыр. Жасампаздықтың бастауы — адал еңбекте. Адам өмірінің мәні де жасампаздықпен тікелей байланысты. Жасампаздық арқылы ғана адам тек тұрмыстық қажеттілігін өтеп қана қоймайды, сонымен қатар рухани өсіп, кемелденуге бет алады. Абайдың айтуынша:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған [1,17].

Жасампаздықтың шарты ретінде, ұстанар қағидаты ретінде

Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде [1,82] –

дейді кемеңгер. Бұл ой ақынның бүкіл шығармаларында желі тартып жатыр.

3. Қазақ болу құндылығы.

Абай тоғызыншы қара сөзінде «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем – сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөңдеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді» [1,216] деп жазады. Әлбетте, адам өзі немқұрайлы қарай алмайтын, жанына жақын тұтқан, үміт еткен, сенім артқан, жақсы көретін жанға ғана ренжиді, кемшін тұсын көрсе, сынайды. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», – деген, осы.

Кемеңгер жалаң сынап қана қоймай, оның түп себебіне де үңіледі. Одан арылу жолдарын да ұсынады. Мысалы,

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? [1,7] –

дегенде, қазақтың өз болмысынан, ұлттық қасиетінен айрылып, ойсыз тобырға айналып бара жатқанын сынай отырып, қатты қынжылады.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсө қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан ала ауыз, –

деп, адамдық қалыптан кетіп, итырғылжыңмен өмірі өтіп жатқанына өкінеді. «Өз қолынан өз ырқы кетіп, өздері түзеле алмайтын» кепке ұшыраған қазағына жаны күйзеледі. Дәрменсіздігі мен шарасыздығына налиды. Торықса да, біржола түңілмейді, налыса да, үмітсіздікке салынбайды.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты тұрлаулы,

ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын» [1,269], – дейді. Отыз тоғызыншы сөзінде қазақтың бұрынғы екі артық мінезін бөліп көрсетеді. Оның біріншісі – елбасы, топ басы деген кісілерінің дегеніне көніп, ынтымақшыл, ұйымшыл болуы. Ал екіншісі – намысқойлығы. «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәрі бос», – деп тұжырады.

Абайдың пайымдауынша, «қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?». Осынау сөздер қазіргі күні де өзекті. Қазақ арасын дендеген арызқойлық пен жағымпаздық секілді екі дерттің де түбінде жұмыссыздық жатыр. Яғни кәсіппен айналысқан адамның біріншіден, бос сөзге уақыты болмайды, екіншіден, жағдайы тәуір болады, үшіншіден, өзіне өзі сенімді болады. Өз қолы өз аузына жеткен, бүкіл жасампаздық қабілетін іске асыра алған, өзіне сенімді адам қолында билігі бар адамға жағынып не болмаса, оның үстінен арызданып қайтсін?

Абай ұғымында қазақ болу – ата-баба жолы мен аманатына адал болу, адам баласын қор қылатын кесірлі әдеттен бойын аулақ ұстау, әділет пен бірлікті ту етіп, білім ғылымға ынтызар, еңбекқор, өнерлі, жасампаз тұлға болу, сол арқылы Жаратушысына жақын «толық адамға» айналу.

4. «Толық адам» сипаттары.

«Толық адам» ілімі – Абай ой-танымының квинтэссенциясы. Мұнда адамның бұл дүниедегі өмір сүруінің мәні, адамдық қалыпты сақтауы, рухани кемелденуі, Жаратқан мен жаратылыстың сыры, дүниенің көзге көрінетін және көмескі жақтары, жаратылған әрбір заттың, құбылыстың хикметі сана сүзгісінен өткізіліп, өте тереңдікпен, сұңғыла даналықпен пайымдалған. Абай бұл тұрғыда – әрі прагматик, әрі иррационалист.

Бұл реттегі ойлары «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол», «Әсемпаз болма әрнеге», – деген өлең шумақтарынан тартып, қырық бес қара сөзінде тұнып тұр. Абай хакімнің:

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі [1,269] –

дегендегі «*жүректегі айнаны*» рационалистік таныммен түсіндіру мүмкін емес. Сол секілді «Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек», «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім» [1,24], – дегенде сөз болып отырған, үңілген «*екі жағы*» қай жақ. Абайда мұндай сыр сөздер қатары қалың. Олардың тағы бір қатарын тізіп өтелік.

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі [1,85].
Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.

*Ынталы жүрек, шын көңіл,
 Өзгесі хаққа жол емес [1,147].*
 Махаббатпен жаратқан адамзатты,
 Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
 Және хақ жолы осы деп әділетті.
 Осы үш сүю болады *имани гүл*,
 Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл [1,175].
 Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
 Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
 Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
 Не қызық бар өмірде онан басқа?! [1,192].
 Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
 Сонда толық боларсың елдек ерек [1,200].
 Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1,86].

Абайдың пайымдауынша, «толық адам» болу – адам өмірінің мәні мен мақсаты. Бұған «ақыл, қайрат, жүректі бірдей» ұстау арқылы қол жетпек. Адам баласы әуелден тән, жан және рухтан тұрады. Оны өзге өсімдіктер, мақлұқаттар әлемінен айырып тұрған да осы рухани қасиеті. Оны Абсолютпен тікелей жалғастырып тұрған да рухы. Тек жан мен тәннің жетегінде кету, яғни ақыл мен қайратқа ғана ден қою біржақтылыққа ұшыратады. Мұны қазіргі адамзат өркениетінен көріп отырмыз. Сол секілді тек рухтың қажетін өтеумен ғана шұғылдану да сыңаржақтыққа соқтырады. Мәселен, бірқатар Шығыс елдерінің тұрмыс-тіршілігі, өркениеттік даму тұрғысында мешеу қалуы осыған дәлел. Жоғарыда аталған үштіктің бірлігі мен балансын ұстау ғана адамды мұратына жеткізіп, кемелдендірмек. Абай ойының түпкі ойы да, ағартушылығының түйіні де, осы.

Тұжырымдар: Ұлы Абайдың ағартушылық көзқарастарын қарастыру барысында келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Абайдың ағартушылық көзқарастарының арқауы төрт арнада тоғысады. Олар: надандықтан арылу, оқу-білімге үндеу; жасампаздық; сапалы қазақ болу; «толық адам» ілімі.

2. Абай – рухани реформатор. Абайдың кемеңгерлік ойлары – қазақтың сан ғасырлық дүниетанымдық көзқарасының жемісі.

2. Абай – көкірек көзі ашылған кемеңгер. Ол өркениеттен шеттеу аймақта өмір сүріп-ақ ғажайып рухани идеялар тудырды. Осы арқылы «Толық адам» ілімін тұжырымдап шықты.

3. Абайдың ағартушылық арналары төлтумалық сипатқа ие. Ол қазақтың болмысын бүкіл адамзатқа тән қасиеттермен салыстырып, қазақтың мінін түзеу жолын ұсынып, оны өркениет өріне шығаруды мақсат тұтты.

4. Абай ілімі – қазақтану мен адамтануды қамтып, кемел адам қалыптастырудың жолын нұсқай білген рухани жүйе.

5. Ағартушылықтың бастауы адамның жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, адамдықтың ақ жолымен жүруін көздеуден басталады.

6. Абай – адамзаттың ақыл-ой алыптары Конфуций, Лао-Цзы, Гете, Будда секілді ғұламалармен иық тірестіріп, ой өргізіп, пікір таластарған кемеңгер.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
- 2 Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
- 3 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 4 Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр», қоғамдық қоры, 2014. – 136 б.

А. КЕНЖЕҚОЖАЕВА,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
кіші ғылыми қызметкері
Б. ДАУТОВА,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
аға оқытушысы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҰСТАНЫМДАР

Әдебиеттанудың ең күрделі мәселелерінің бірі – дәстүр мен жанашылдық проблемаларының бастауы. Бұл жерде қазақ халқының көркемдік практикасындағы ұлттық және шетелдік ұлттардың арақатынасының маңызды проблемасы жатыр, сонымен қатар бұл проблема ұлттық әдебиет пен мәдениеттің рөлі мен мағынасын жалпылау деңгейіне дейін өседі, бұл ұлттық поэтиканың іргелі теориясы негізінде ғана мүмкін болады. Осы мәселелердің барлығы қазақ әдебиеттануының жергілікті нысаны – ұлттық лирика тарихына бағытталып отыр.

Лирика, лирикалық поэзия – бұл субъективті жеке сезімді (бір нәрсеге деген көзқарас) немесе автордың көңіл-күйін бейнелейтін әдебиеттің бір түрі. Ожеговтың [2] сөздігіне сәйкес, лиризм тәжірибедегі, көңіл-күйдегі сезімталдықты, эмоционалды бастаманың жұмсақтығы мен нәзіктігін білдіреді; Ефремованың сөздігі оны сипаттайтын эмоционалдылықты, поэтикалық толқуды, жанды білдіреді [3].

«Лирикалық баяндау тәсілі» эмоционалды тәжірибеге негізделген көркемдік бейнені құрудың түрін қамтиды. Егер эпос пен драмада бейненің негізі адамның оның қызметіндегі көпжақты бейнесі болса, өмір процесінде адамдармен күрделі қарым-қатынаста болса, лирикалық образ – бұл тәжірибе бейнесі. Бірақ тәжірибе әлеуметтік маңызды, онда ақынның жеке рухани әлемі өзінің өмірбаянын жоғалтпай, жалпыланған өрнек алады, осылайша оның жеке басының шеңберінен шығады. Лирикалық образ – бұл эстетикалық тұрғыдан маңызды тәжірибе, ондағы өмірбаяндық бастама түсірілген түрінде болады, және біз үшін ақынның бұл тәжірибені бастан өткергені және бұл жағдайда оны жалпы бастан өткеруі өте маңызды. Егер біз лирикалық тәжірибенің өмірбаяндық емес екенін білсек, ол әлі де өзінің көркемдік мағынасын сақтайды, өйткені ол сыналуы мүмкін. Лириканы ақынның жеке ішкі өміріне назар аударуы ретінде қарастыру дәстүрі бар. Осылайша, лирика «конфессиялық шығармашылық», «өзін-өзі көрсету» және «өзін-өзі ашу» деп түсіндіріледі.

Лирикалық өлең-адамның ішкі өмірінің сәті. Біз ақын қамтитын және тұтас болып табылатын тәжірибенің эпицентрінде боламыз. Эпос пен драмдан айырмашылығы, лирикада шындық құбылыстарын кең сипаттау мүмкіндігі жоқ, лирикалық шығармадағы негізгі құрал – бұл оның ұйымынан өз өрнегін табатын тәжірибеге сәйкес келетін сөз. Лирикалық шығармада сөз өзінің тығыздығымен, әр дыбыстық, интонациялық, ырғақты элементтің

маңыздылығымен, көңілдің, ойдың, кідірістің көлеңкесімен ерекшеленеді. Сөйлеудің әр элементі, әр сәті мен реңкі байқалады.

Лириканың өшпейтін өміршең жанр екеніне алдыңғы ғасыр поэзия өкілдерінің туындылары дәлел бола алады. Ғалым әрі шығармашыл ақын Әбділдә Тәжібаев: «Лирика негізі халық өлеңдерінде, әсіресе, сал-сері атанған: Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр» [4, 265], – деп нақты сипаттама береді. Біздің ұлттық лирикамыз халық поэзиясынан жігі ажырамаған, халық туындыларында көркем лирикалық сарын күйлерінен дүниеге келіп, дамып отырған. Әдебиет зерттеушісі Бақыт Кәрібаева Әбділдә Тәжібаевтың ойымен келісе келе: «...бұлар халықтық тіл қазынасының шынайы жалғастырушылары халықтың рухани байлығының шын мұрагерлері еді. Біржан, Ақандар халықтың бай тілдік мүмкіндігін, образдық жүйесі мен ойлау арсеналын тың күшпен молықтырған да тұлғалар» [5, 6], – деп бағалайды. Демек, қазақ лирикасы қазақ халқымен қатар жасап, қатар тіршілік етіп келе жатқан сырды, таза өміршең жанр болып табылады. Лирикалық шығармаларда ұлт, халық өмірінің барлық жағы жүйелей, қатар қамтылып отырады. «Халықтық рух деп біз ән мен жырдағы табиғи және тарихи бояулар мен (яғни көріністермен) дыбыстарды (мелодиялық үндерді) айтамыз. Аспанымыз бен жеріміздің арасын лық толтырған күн жарығы, оған шағылысқан өзен, көлдеріміз, басына бұлт оралған тауларымыз, шөлейт даламыз, сыңсыған орманымыз – түп-түгел біздің жан-күйіміздің ұялары. Осы табиғи орта өз құшағындағы тірліктің бәрін адам тілімен ұлы эпостағы, ән-жыр деп аталатын ғажайып өнерге айналдырған: жетім бота, жесір аққу, қанаты қайырылған қыран, жылаған жел, күркіреген көк, атылған найзағай, тасыған сел, үйірілген құйын, қашқан қаңбақ, жеткізбес сағым, ұстатпас елес, атқан таң, батқан күндерімен... барлығы да халық лирикасының сарқылмас мотивтері» [6, 53]. Бұл суреттердің бәрі де адамның жүрек қылын тербеп, сезімін әсемдеп, әсерлендіріп, сөзбен суреттей келе, ақынның өз эмоциясын, өз сезімін, өз идеясын, ішкі түйсігін табиғат жігіне байлап, байланыстыра отырып жеткізуін білдіреді. Лирикалық поэзия туындыларында адамның ішкі сезімінен бастау алып, үлкен әлеуметтік-саяси оқиғалар, халық басына келген түрлі сын сәттердің барлығы ақынның шығармашылық шеберлігінің тәсілімен нәзік иірімдерге түсе отырып сипатталады.

Ақындар арасындағы дәстүр – шығармашылық, эстетикалық және тарихи категория. Дәстүр мен жаңашылдық мәселесі барлық халықтардың әдебиеті мен өнеріне тән мәңгілік процесс. Абай дәстүрі қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр болып табылады. «Абай дәстүрі» ұғымы көп қырлы, күрделі екені баршаға мәлім. Абайдың мұрасы шеберлік тұрғысынан да, тақырыбы мен мазмұны жағынан да, поэтикалық өнері жағынан да үлкен. Қазіргі кезде кеңінен дамып келе жатқан әдеби үдерістің дамуы барысында «Абай дәстүрі» ұғымының қалыптасуы үлкен маңызға ие. Бұл Абай дәстүрінің тақырыбы ауқымды және өзекті ғылыми сала болып табылатындығымен түсіндіріледі. Ғалым Б. Әбдіғазиев Шәкәрім шығармашылығындағы Абай дәстүрлерінің жалғасуын зерттеп, былай деп жазады: «Абай дәстүрлері қазақ әдебиетінің

даму тарихында заңды жалғасын тапқан жан-жақты байытылған және құнды бағыт болып табылды» [7, 16].

В.Г. Белинский «Поэзия өнердің асыл тегі» [8, 25], – деп өлең өнерін ерекше бағалаған. Қазақ өлеңінің даму тарихы ықылым заманнан бері жалғасып келеді. Еліміздің сан алуан басынан өткерген кезеңдерінде поэзия өнерінің кенде қалмай, ұлттық әдебиет пен мәдениетте маңызды рөл алғандығы белгілі. Ұлтымыздың білімі мен шығармашылық ілімін дамыту үшін, лирикалық сезімдерін ескеріп, рухани дамуы үшін әр кезең ақындары өздігінше қызмет қылды.

Абай Құнанбайұлы лирикасы күллі қазақ даласына, халқына берілген биік шың болып табылады. Хакімнен кейін поэзия тұрағында қалам тербеген өкілдер ақын поэзиясынан, салған дәстүрінен үлгі алып, Абай дәстүрімен жырлаған. Қазақ поэзиясында ерекше шоғыры бар Ш. Құдайбердіұлы, бертін келе Ә. Тәжібаев, А. Тоқмағамбетов, Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Ғ. Орманов, Ә. Сәрсенбаев, Ж. Сайн, Д. Әбілев, Қ. Бекхожин секілді атақты ақындарымыз да ең алдымен Абай поэзиясымен сусындап, лирикасынан нәр алып, одан кейін барып өзіндік жеке соқпақ жолдарын салған. Әр кезең өзінің ақындарын, өз лириктерін тудырды дегенімізбен бүгінгі күні де біраз ақындар поэзия теңізінде дара сипатымен танылған жаңашыл тұлғалар. Атақты ғалым Мүсілім Базарбаев: «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы, қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс» [9, 6], – деген. Шындығында, қазақ лирикасы – сан ғасырлар соқпағынан жоғалмай, үзілмей жалғасып келе жатқан тарихи үдеріс. Дамып келе жатқан қазақ поэзиясын 1960-1970 жылдары дара сипатымен бірнеше ақындар қатар толықтырды. Олардың ішінде, әрине, ерекше орын алатыны – Мұқағали Мақатаев. Атап өткен ақындар поэзиясында Абаймен салыстырыла зерттелеген, айтылған және жазылған пікірлер, зерттеу жұмыстары болғанымен, Мұқағали поэзиясы, оның лирикасындағы Абайдан келген дәстүр сипатын ашып зерттей қойғандар жоқтың қасы. Қатар алғанда екі заман өкілдері, екі түрлі поэзиялық соқпақта болған қос ақынның лирикалары өзгеше секілді болып көрінеді. Дегенмен үңіле зерттесек, Мұқағали поэзиясында Абай салған дәстүрдің жаңашылданған үлгісін, жалғасын, иірімдерін анық аңғара аламыз.

Қазақ поэзиясында Абай Құнанбайұлы мен бертін келе Мұқағали Мақатаевтың өзіндік қолтаңбасы айшықталып, жыр соқпағы салынды. Сезім жырын шертетін толғаныстары мен ойтолғамдары бүгінге дейін қарапайым халықтың жүрегінде ұмытылмай сақталып келе жатқан қос ақынның шығармаларын қатар талдау, олардың поэзиясындағы лирикалық дәртүр үндестігін салыстырып зерделеу өзекті мәселенің бірі. Абайдың ақындық тұлғасын, жан дүниесін лирикасы арқылы сезіну оның жүрегіне терең бойлау болса, Мұқағали поэзиясындағы сыршылдық Абаймен жақындықты, үндесуді танытқандай. Қай кезеңнің поэзия өкілдерін алсақ та олардың ұстанған позициясы халық тағдыры, қазақтың мұраты, нәзік сезімдер мен рухты

жырлар екендігіне көз жеткіздік. Сол үшін біз ақын мен ұлттың бір ұғымда қарастырылатындығын түсіне отырып, екі сөздің мәні біртұтас бейнені – қазақты білдіретінін аңғардық. Поэзиялық туындының қадір-қасиеті ақындардың шығармашылық шеберлігі арқылы бағаланары даусыз. Шығармашылық тұлға салған поэзия соқпағын өзінен кейінгі қаламгерлердің жалғастыру дәстүрі қазақ әдебиетінде де бар.

Абай Құнанбайұлының ақындық келбетін алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы жеріне жеткізе сипаттаған болатын. Ол Абайды қазақтың бас ақыны деп танып, қай жерде болмасын ақындар туралы немесе ақындардың сөздері жайынан әңгіме айтылса, ақын Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады дегенді айтады. А. Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде былай жазады: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [10].

Абай сөз өнерінің маңызын толық түсінген, ақындық шығармашылықтың тамаша үлгілерін жасаған және халыққа дарынын таныта білген сыршыл ақын. Абай шығармашылығында поэзияның түрлі стильдері мен мәнерлері, бейнелеу формалары молынан кездеседі. Абай ақындық шеберліктің барлық құпиясын біліп, оның сыршылдық сипатын өз жырларында таныта білген. Сондықтан оның өлеңдері халықтың кез келген өкілі үшін түсінікті болып келеді.

Ұлы ақынның өзіне дейінгі өмір сүрген жыраулар поэзиясынан өзгеше, өзіндік ерекшелігімен, жазба әдебиеттің негізін қалауымен ақындық әлемінде

өз дәстүрін, өз жаңашылдығын, өз стилі мен лирикасын қалыптастырғаны анық. Дегенмен Абай ақын да өзіне дейінгі қазақ поэзиясынан үлгі ала отырып, олардың әлеуметтік сарынымен үндесе келе қазақ өлеңін жаңа белеске көтерді.

Абайдың поэзиясы, лирикасы мен тілі туралы әдебиет зерттеушісі Рабиға Сыздық та айрықша талдау жасаған болатын. «Көркемсөз дамуының объективті заңдарының бірі: «Ақын өзінен бұрынғы қаламдастарын жоққа шығаруы, олардың мұрасын көзге ілмеуі мүмкін, бірақ жалпы тілдің және поэзия тілінің заңдылықтарын ешқашан аттап өте алмайды», – деген пікірі біздің ойымыздан шығады [11]. Абайды ұлт ұстазының ұлықтау себебіне дәлел болатын ақынның қазақ поэзиясына алып келген дәстүрі екені даусыз. Ол өз туындыларында мынадай ерекшеліктерді қолданды:

- 1) өлең тіліне ақын қолтаңбасын қою дәстүрі, яғни шығармашылық контекст дегеннің Абайда айқын көрінуі;
- 2) өлең тілінің сөздік құрамына енген өзгерістер;
- 3) айқындық пен дәлдік;
- 4) фразеология саласындағы жаңалықтар мен өзгерістер;
- 5) жеке сөздерді тандап, талғап жұмсау, оларды поэтизмге айналдыру;
- 6) өз кейіпкерін өмірде жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен суреттеуі;
- 7) өлеңнің синтаксистік-композициялық құрылысына енген өзгерістер;
- 8) ішкі сезім күйінің психологиялық реңктерінің түрлі бояулармен астастырыла шебер суреттелуі;
- 9) поэзиясындағы ойды айту, жеткізу қарапайымдылығы, қызыл, көбік сөздердің қолданылмауы;
- 10) адам портретін берудегі шеберлік қуатының молдығы;
- 11) поэзиясындағы ақындық шабыттың пейзаждық өрнектеулермен қабысып, сөз картинасының үздік үлгілерінің жасалуы.

Абай біріншіден, қазақ поэзиясының тілінде бұрын көп ұшыраса бермейтін лирикалық мәнді анықтау үшін лексикалық топтарды қатыстырады. Оның басты тақырыбының бірі – адам, адамның моральдық бет-бейнесі, сыртқы портреті, іс-әрекеті. Осының барлығын ақын лирикалық нәзік иірімге салып, адам характерін ашуда сәтті қолданған. Мұндай тақырыптарды ақын өзіне дейін өмір сүрген ақын-жыраулардың ортақ түрде өсиет-ақыл айтуы секілді сипатта емес, нақты заттың немесе әр қимыл-әрекеттің өзін бөлшектеп суреттеу түрінде, әр мінез-құлықтың өзін нақты атау сипатында жырлайды. Сондықтан адамның психологиялық күйін көрсететін сөздерді поэзия тіліне молынан енгізеді. Мысалы, көңілді албырт жастардың бір-бірімен кездескен кездегі ішкі көңіл күйлерін нақты көрсету мақсатында бұрыннан жиі қолданылатын жүрегі лүпілдеу, буыны босау, жүрегі елжіреу, тән шымырлау, жүрек балқу, ләззат алу, сағыну тәрізді тіркестермен қатар, суыну, ысыну, елең қағу, бос шошу, қызару, сұрлану деген секілді атаулар қолданылады. Бұл ақынның лирикалық туындыны дәл жеткізуінің амалы ретінде қарастыратын дара сипаты түрінде ерекшеленеді.

Лириканың негізгі бейнесі – лирикалық кейіпкер. Лирикалық кейіпкер – бұл қалыптасқан, дараланған, дәлірек айтқанда, толық мағыналы әдеби бейне сатысына көтерілген, тек ақын ғана емес, сонымен қатар замандас ретінде де өнер көрсетуге құқылы адам. Сайып келгенде, ақын мен оқырман, өлең мен оқырман мәселесі белгілі бір дәрежеде лирикалық кейіпкер мен оқырман мәселесін қарым-қатынас тұрғысынан қарастырады, сол себепті лирикалық кейіпкер мен оқырман арасында бір-біріне көзге көрінбейтін нәзік жіптей байланыс орнайды. Ақын мен оқырман лирикалық туынды көмегімен риясыз, ашық сөйлеседі. Ақын мен оқырман арасында тұлғааралық алшақтық болмайды, сондықтан белгілі бір өлеңде әдемі сезім барлығын оқырман сезіне отырып, қабылдайды. Ал рефлексия ақынның барлық шығармашылық контекстінде қарастырылып, автордың поэтикалық жүйесіне логикалық түрде еніп, айқын тұтастық, ерекше ұғым, сөз өрнегі жасалады.

Әдебиетте, өлеңде, тіл ұстартуда жеке сөздерді пайдаланудағы дәстүр қалыптастыру жаңалық қана емес, ол ең біріншіден, нақты бір ой-пікірді, сезімді жеткізудегі шығармашылық шеберлік, көркемдік ретінде қызмет жасайды. Абайдың суреттеу шеберлігі турасында академик Зәки Ахметовтың: «Ақын өзінің лирикалық шығармасында сезім дүниесінің орасан зор байлығын, сезімнің нәзік иірімі мен ұшқырлығын танытатын тіл өрнегінде, мәселен, жалғыз «жүрек», «көңіл» сияқты ұғымдарды қайтадан әсемдеп қолданған», – деген ғылыми тұжырымы ұлы ақынның сөз қолдану ұсталығын, суреттеу шеберлігін таныта түсері даусыз деп ойлаймыз [12, 23].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев Қ-Ж. К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан. – 2020. – №2. – 2 б.
- 2 Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. (Зерттеулер, мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.
- 3 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының компьютерлік баспа орталығы. – Алматы, 2007. – 231 б.
- 4 Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым», 1980. – 367 б.
- 5 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Қазақша және орысша жазылған зерттеулер мақалалар. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1959. – 256 б.
- 6 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
- 7 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Филол. ғыл. докторы дис. автореф. – Алматы, 2001.
- 8 Белинский В.Г. Статьи и рецензии. – Москва: Московский рабочий, 1971. – 464 с.
- 9 Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- 10 Байтұрсынұлы А. Қазақ газеті, 1913.
- 11 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі: (лексикасы мен грамматикасы) / Рәбиға Сыздықова; Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1968. – 334 б.
- 12 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 211 б.

А. АБДУЛПРАХМАНҰЛЫ,
Сулейман Демирел Университетінің
Қашықтан оқыту бөлімінің меңгерушісі,
әдебиеттану магистрі,
Г.Б. ТОҚШЫЛЫҚОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Жалпы поэзиядағы жылқының бейнеленуін жан-жақты түсініп тану, талдау әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдардың уақыт пен кеңістігін қамтитын жан-жақты интерпретацияны қарастыруды талап етеді. Жылқылар мен басқа да жануарлардың өнер туындыларында объект ретінде пайдалану ең ежелгі қауымдастықтардың өзінде кеңінен байқалады (тасқа қашалған жануарлардың суреті) және бұл бүгінгі күнге дейін адамзат шығармашылығында негізгі тақырыптардың бірі болып келуде. Фербердің пайымдауынша, жануарлардың әдеби шығармаларда бейнеленуі ұлттық ерекшеліктерге байланысты концептуалды әрі символдық мағынаны қамтиды [1]. Бұл мағыналар жылқыға қатысты айтқанда көбіне еркіндік, күш-қуат, сұлулық, ұлылық және тұрақтылық сияқты түсініктерді қамтиды. Хилтнердің айтуынша, олардың символдық мәнін түсіну жылқылардың мәдени маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге қоғамның да дүниетанымдық, құндылықтық ерекшеліктерін көрсетеді [2].

Жылқының қазақтың мәдени танымында символдық маңызы орасан екені белгілі. Оның түп-тамыры қазақ даласындағы көшпелі өмір сүру салтының мыңдаған жылдық тарихымен тікелей байланысты екені анық. Жылқы бейнесі қазақ әдеби шығармаларында кеңінен қолданылуы, ұлтымыздың көшпелі өмір сүру салтына байланысты ұзақ уақыт бойы үдемелі өсуді бастан өткерген салт-сана дәстүрінің көрінісі ретінде қарастырсақ болады [3].

XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап бүгінгі күнге дейін жылқының қазақ әдебиетіндегі символдық мәні ұлтымыздың басынан өткен әртүрлі саяси, мәдени әрі әлеуметтік трансформацияларға байланысты елеулі эволюциялық өзгерістерге ұшырағанымен, қазақ әдеби шығармаларында негізгі объектілердің бірі болып қала берді. Жылқы образы қазақ поэзиясында алдымен Патша үкіметі, кейіннен Кеңес Одағындағының идеологиялық саяси-әлеуметтік құрсауына қарсы символ ретінде, әрі ұлт-азаттық, даралық пен тәуелсіздіктің таңбасы қызметінде қолданылды. Ал тәуелсіздік кезеңінде (Е. Раушанов, С. Нұржан, Т. Таңжарық, Ж. Жаңқашұлы, Ғ. Жайлыбай) ақындар ұлттық поэзиядағы жылқыны қазақ болмысын, дүниетанымын суреттеуге, ұлттық мәдени дәстүрге қатысты концептуалды символдық мағыналардың жалғастырумен ғана емес, тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қоғамдық нормалар мен жаңа замандағы ұлттық өзін-өзі тануымен дәстүрге

оралу арасындағы шиеленістерді, жеке тұлғаның дүниетанымдық, психологиялық ішкі шиеленістерін бейнелеу үшін пайдаланды және оны өз шығармаларындағы тақырыптармен шебер үйлестіре білді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясын айтқанда жаңа дәуірдегі қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ұлы ақын Абайды айтпау мүмкін емес. Ақында жылқыға қатысты жеке шумақтар ғана емес, бас аяғы келісімді толыққанды өлең жолдары бар. Оған дәлел, Абайдың 1886 жылы жазған «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деп басталатын «Аттың сыны» өлеңі. Ақын сегіз шумақтан тұратын өлеңінің алдыңғы алты шумағында қиялдағы мінсіз атын кекіл, құлағынан бастап құйрығына дейін сипаттап, үздік арғымаққа қоятын сынын тізбектеп шығады. Ғалым Н. Уәли өзінің «Аттың сыны» Ұлы Абайды қайта оқығанда» атты мақаласында айтқандай: «Абай айтқан ат – қазақтың ұлан-ғайыр Ұлы Даласының биоэкологиялық табиғатына сай келетін, жүз шақырымға жуық жерді болдырмай алатын, шапқан сайын үдей беретін, кең тынысты, белі берік, ыстық-суыққа аса төзімді, қазақтың қазанаты» [4]. Яғни, «Аттың сыны» өлеңіндегі теңеулер, эпитеттер мен метафоралар тізбегіне қарап Абай атты сыртқы сұлулығына қарап бағалаған екен деп, көз алдымызға суреттегі сұлулықты елестетпеу қажет. Ең алдымен аттың сенімді серік, жарты жолда қалдырмайтын төзімді жолдас боларлық практикалық маңызы да айтылғанын түсіну қажет. Ғалым Х. Арғынбаев айтқандай: «Жақсы аттың осы айтылған қасиеттері тек Абай ғана білетін сыр емес, ол қазақ халқының көп заманнан келе жатқан ұлы дәстүрі деуге болады. Демек, Абай халықтың бай тәжірибесін, сарқылмас білімін бір жүйеге келтіріп, өлеңмен жазып, өлмес мұра қалдырған» [5]. Абай сыншының жалған пафос, асыра мақтау, артық теңеу жоқ бұл өлеңіне М. Әуезов жоғары баға береді.

Сан ғасырлар бойы қазақтың көз қуанышы, тұрмыс тіршілігінің тірегі, жаугершілік дәуірдегі сенімді серігі болып келген атты таңдауды, мыңның ішінен шоқтығы биік үздігін құлын кезінен таңдап, бөлек алып өсіруді, баптауды білген қазақта аттың сынына келгенде білімі том-томға татитын ұлан ғайыр болғаны белгілі. Солай дегенмен де, Абайдың басты жетістігі осы орасан білімді «сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңге айналдырып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер, теп-тегіс жұмыр» пішімде бізге жеткізе алуында болса керек.

«Аттың сыны» өлеңінің алғашқы алты шумағында арманымыздағы ат суреттегідей алыстан, сырттан бақылап тұрып шыққан статикалық образда, ақын өзі айтқандай, «Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек» – деп, тыныш қатып тұрған байлаулы ат болып суреттелсе, соңғы екі шумақта жан бітіп көз алдымызда өзіндік мінез болмысымен шығады. Ол өзі көсем, «иек қағып», еліреді әсем, өзі жуас, бірақ ақынды ыза қылады қолына бір тигізбей. Осы жолдардан жыраулар поэзиясына тән тірі, мінезді жылқы образын Абайдан да көреміз. Жыраулардың арманындағы аттың абзалы, қол жеткізбес идеалы әлі де қазақтың арманы, өмір бойы аңсайтын басты дүниелерінің бірі екенін түсінеміз, үндестікті аңғарамыз. Махамбеттің «арғымақтан туған асылды

баптап мінер күн қайдасыңын» Абайдың «Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, ыза қылдың қолыма бір тигізбейінен» тауып, әдебиетіміздегі, танымымыздағы, құндылықтарымыздағы біртұтастықты сеземіз.

«Аттың сыны – жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атқа арналған өлең. Ғасырлар бойында мал өсірумен, көшпелі күйде тірлік еткен елдің ақыны аттың бағасын өзгеше түсінеді. Соның ішінде бәйге аттың орны мүлде бөлек. Ол қазақтың бағы заманнан бергі ауызша әдебиетінде де сан алуан қиял пырағы болып жырланып келген. Абай өмір кешкен кезде де ат – ер қанаты жүйрік ат, әсіресе, қазақ білген жануардың ішіндегі адамға ең ыстығы, қадірлісі. Аттың жайын сипаттағанда Абай реалист – суретші боп шығады. Ақын атты еңбекші көпшіліктің күнделік тіршілігіне қажет болған күш көлігі есебінде жырламайды. Және жорықта жан серігі ететін жауынгер көзімен де қарамайды. Мұнда шындықтан тыс, қиялды теңеулер жоқ. Қонымсыз романтика, тұманды теңеулер сияқты сырт жатқан, жалған жамаулар жоқ. Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін, реалистік шеберлікпен толық шыққан көркем шығарма. Мазмұнында ат жайын аса білгірлікпен дәл айтуды мақсат етіп алған шығарма өлеңдік құрылыста, сөздік байлықта, ақындық орамды шешендікте де біртегіс, тұтас келісімді танытады [6]. Жүйрік аттың сыны Бақай сыншының (XVIII ғасыр) аты аңызға айналған желқанат атты жүйрік тұлпарының басты белгілерімен тура келеді. Ол да бота тірсек, құлан жал, кең тынысты, құйма тұяқ т.с.с. Атбегі сыншылар айтатын жүйрік аттың белгісі: кең тынысты, сағақты, шығыңқы омыртқа, жуан сіңірлі, кең кеуделі болып келуі аталған өлеңде де суреттеледі. Сондықтан да бұл өлең ұлт жүрегінен орын алды, кең таралды.

Жетісудың жалайыры Жәлменде деген еліне сыйлы қария аттың сынын, қасиетін жетік білген дана Абайды қатты құрметтеген. Оны әдейілеп іздеп келіп, балаларымен Шыңғыстауда бір ай жатыпты. Абайдың «Ұят кімде болса, иман сонда» депті. Ұят дегеніміз – адамгершілік болса, адамгершіліктің бар сипатын Абай деп білемін» деп Абай алдына бір келуді арман қылған екен. Құрметті мейманы қайтар шағында Абай одан бұйымтайын сұрағанда, ол ақынның «Аттың сыны» атты өлеңін түгелдей жатқа айтып, жырда сипатталған Қамыс құлақ атына қолқа салыпты. Сонда Құнанбай әулетінде мұндай сәйгүлік шықпайтынын білетін Абай қонағын тағы бір апта аялдатып, бес болыс Тобықты елінен іздетіп таба алмай, тоғыз мың жылқысы бар Оразбайға қолқа салыпты. Абайдың «Ел намысы – ер намысы болғанда, ер намысы – ел намысы болмай ма, қонағым үшін беріңіз» деген бір ауыз сөзіне тоқтап, Оразбай Абайдың жаттан сағы сынбасын деген оймен бес қос жылқысын аралатып жүріп, өлеңдегі сынға саятын үш жүйрігін жетектетіп жіберіп, кеңдік, тектілік, жомарттығымен қатар, ағайын арасындағы ауызбіршілік, сыйластықты танытыпты [7].

Ғасырлар бойы Ұлы Даланы жайлап, Есіл мен Жайық арасында емін-еркін көшіп-қонып жүрген өмір салты он тоғызыншы ғасырда патша үкіметі тарапынан қыспаққа ұшырап, агрессивті түрде реформалана, үздіксіз үдемелі түрде отарлана бастады. Сондықтан да өмір ағысына, халық танымының жаңа

дәуірдегі тынысына байланысты сол ұлттың өкілі ретінде заманның тамырын тура басып сезіне білетін ақын жүрегінде өлеңінде жылқының бейнесі де өзгермей қоймайтыны анық. Сондықтан да алаштың біртуар ұлы, ғалым, ақын, ағартушы А. Байтұрсынұлының «Ат» өлеңінде атының «көңілі жабығып, еңсесі түскен», «бұрынғыдай сілкінбейді», баптаса бабы келмейді, қанша сәндесе де рахатын сезінбейді. Оның сырын аты төмендегі өлең жолдарымен түсіндіреді:

Сұрайсың не себептен мен жабықтым?
Алыстан құлағыма келер дүбір һәм даусы
Керней тартып, атқан оқтың.
Кісінеп себебім сол мен аһ ұрған,
Көп жүріп далада енді сейіл құрман.
Әбзелмен жарқыраған әсем басып,
Аз қалды сыйлы, сынды күндер тұрған.
Жақында жаны ашымас жау кеп шабар [8].

Ақын жылқы образы арқылы заманның өзгергенін, бұрынғыдай серілік сән құрып, ел кезетін уақыттың өткенін, идеалдардың ауысқанын, қауіптің артқанын ескертеді, дүбірдің, оқтың, аһ ұрған өкініштің жақындап жатқанын білдіреді. Символдық деңгейде ақынның аты берекені, байлық, сәнді, сұлулықты білдіреді де, ал жаңа келе жатқан заман кең даланың тарылғанын, жау жақындап, таршылықтың, ұрлық-қарлықтың келе жатқанын меңзейді, еліміздің қайғысыз, уайымсыз тәуелсіз дәуренімен қоштасуға таяғанын ескерткендей болады.

А. Байтұрсынұлының ізімен алаштың ардақты ұлы, «Оян Қазақ!» деп халқына жаңа заманнан хабар берген, білімге, ғылымға шақырған, ескінің дертінен арылуға, ояу болуға шақырған, ақын М. Дулатұлы да сәндік қуып, атты баптап, серілік сүретін дәуірдің өткенін өз өлеңдерінде негізгі идеялардың бірі ретінде ұстанады. Алайда ақында өкініштен гөрі, қарсылық, асаулық рухы басым. Ол өз өлеңдерінде аттан түсуді емес, қайта атқа қонуды үгіттейді, бірақ серуен-сейілге емес, жауға қарсы тұруға, елін қорғауға, ту ұстап, қару ұстап баптануға шақырады. Мысалы, «Зар заман» өлеңінде ақын:

Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асырып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.
Заман-ай?
Азаматы алаштың
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды [9].

Тұлпар міну, жарағын асыну, баптану алаштың азаматына, жас ұланға ел басына іс түскен заманда зор сын екенін, атқа қону сол жауапкершілікті арқалаудың көрінісі екенін жеткізеді ақын. Ақын танымында қару асыну мен

атқа міну әрекетке, ұрысқа дайындықтың, саналы қайраткерліктің символы ретінде қарастырылады. Сондықтан да ақын өзінің «Алашқа» арнау өлеңінде «ұшқыр ат, түзу мылтық, болат найза» деп ұлт санасындағы батырдың образын құрастырғанда, оны оқыған әрбіріміздің санамызда жауынгердің бейнесі елестейді және ол әрдайым ат үстіне болуы керектей көрінеді.

А. Байтұрсынұлының «Ат» өлеңіндегі жылқы бейнесі Қазтуған, Доспамбет жырларындағы, Абайдың «Аттың сыны» өлеңіндегі жылқы образдарымен жақын болып, сұлулықты, тектілікті, берекені және әдемілікті әспеттеп суреттейтін дәстүрге үзеңгіленіп жатады. Сондай-ақ өз заманының талабы мен қиындықтарына орай ондай сәнмен алысқа бара алмайтынын жеткізіп диалогқа түссе, Міржақыптағы жылқы образының негізгі қызметі Махамбеттегі ұлт-азаттық күрестің рухымен қанаттанғандай көрінеді.

Қазақ ақындық өнерінде, нәзік лирикасында өзіндік өрнегін жасай алған, ақиық ақын М. Жұмабаев та өз шығармасында жыраулық дәуірде кездескен образдың өзіндік жалғасын жасай алғанын көреміз. Ол өзінің «Шалдың үміті» өлеңінде, жылқы арқылы өткенді, жастық шақты аңсауды көрсеткісі келеді. Атқа мініп, қырда шабуды жастықтың символы ретінде сипаттайды. Өлеңнің төмендегі шумағында:

Ерттеп мінсем бір жүйрік ұшқыр атты,
Шапсам, ұшсам сұңқардай құстан қатты,
Жалпақ дала, кең теңіз бәрін өтіп,
Қуып жетіп, қайтарсам жастық шақты [10], –

деп қуып жетіп қайтаратын жастық санамызда, қолға ұстатпайтын асаудай елестейді, қанша мықты болса да ақын әрекеті бостай көрінеді, уақыт жүйрік бәрібір бәрімізді шаң қаптырып кететіні асау жылқының ұстатпай жортып бара жатқанындай болып көрінеді, ащы шындықты қабылдағандай боламыз. Ақын шығармашылығында, басқа да өлеңдерінде аттың образы жастықтың, албырттықтың, асау мінездік контекстінде көп қолданылады. Танымал «Мен жастарға сенемін» өлеңінде де М. Жұмабаев «қажу бар ма тұлпарға, талу бар ма сұңқарға» – деп, жастық шаққа тән қайратты, табандылықты тұлпар образында суреттейді.

XX ғасыр басында қазақтың классикалық жазба әдебиетінің, поэзиясының қанат жайып, дамыған дәуірі болғаны белгілі. Жылқының поэзиядағы бейнесін айтқанда, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаевтар өз өлеңдерінде жылқы бейнесін эпизодтық үлгіде, көбіне көркемдік құрал деңгейінде ғана қолданғаны байқалды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ferber M. (1999). A dictionary of literary symbols (p. 57). Cambridge: Cambridge University Press.
- 2 Hiltner, K. (2017). What Else Is Pastoral? Renaissance Literature and the Environment. Cornell University Press.
- 3 Сманов Б., Абдимомынов Е., Куттыбаев Ш. Қазақ поэзиясының генезисі мен

- эволюциялық даму жолдары (көне дәуірден XX ғасырға дейін). Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2020, 4 (74), 306-313 бб.
- 4 Уәли Н. «Аттың сыны» Ұлы Абайды қайта оқығанда // Егемен Қазақстан, 2020, 1 қыркүйек.
 - 5 Арғынбаев Х. Этнографические очерки по скотоводству казахов. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 171 с.
 - 6 Абай. Энциклопедия (Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л.М. Әуезова, Б.Г. Ерзакович т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
 - 7 Әлімақын Д. Оразбайдың немересі // Егемен Қазақстан, 18 сәуір, 2023 жыл.
 - 8 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Өлеңдері. –Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. II: – 384 б.
 - 9 Дулатов М. Ұлтты оятқан кітап. – Алматы: Мектеп, 2013. – 416 б.
 - 10 Жұмабаев М. Батыр Баян. – Петропавл: «Полиграфия» АҚ, 2008. – 360 б.

Б.С. САРБАСОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Е. АСЫЛЗАТ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
2 курс магистранты

АБАЙ МЕН НАУАИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы тұлға мәселесі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндетіміз деп білеміз. Мақалада Абай мен Науаи шығармаларындағы рухани үндестік мәселесі қарастырылады.

Көне дәуір әдебиеті және оның ғылым мен білім саласындағы қол жеткен табыстарын бүкіл әлем мойындап, оны оқытып, дәріптеп жатқанда жаңа тұрпаттағы тәуелсіз елдің кейінгі ұрпағы одан шеттелуі жараспас. Көне дәуір әдебиеті мен мәдениетін танып-білу бұл – жаңаның көнемен, көненің жаңамен байланысы. Осы байланысқа көңіл қою арқылы жас ұрпақ өзіндік бағыт, өзіндік концепция қалыптастыратыны анық.

Ғалым А. Қыраубаева түркі әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің туу жайы мен шығыстық желідегі қисса-дастандардың жазыла бастауын түркі халықтарының мұсылман дініне кіріп, ислам мәдениетін қабылдауымен ұштастырады. Ғалым әдебиеттегі түрік Оянушылығы кезеңінің екі сипатын – түрік тілінің мәртебесін көтеріп, авторлардың сол тілде шығармалар жазу үрдісінің дамуы мен төл тарихына үңілу үдерісін – анықтайды. Көне антикалық мәдениетті жаңғырту идеясымен келген нәзира дәстүрі, түркі әдебиетіне өз жаңалығын әкелді.

XIII-XIV ғасырдағы нәзира дәстүрінің кең қанат жаюы көне антикалық мәдениетті жаңғырту идеясымен сәйкес келіп, оның негізгі тақырыптары – ежелгі шығыс сюжеттері болса, жанры – қисса-дастандар еді деп тұжырым жасайды [1].

Сонымен нәзира дәстүрі көркем сөз өнеріндегі сан ғасырлық әдеби құбылыстарды өз ішіне қамтып, идеясы мен мазмұны, көркемдік көріністері бір-бірінен туындап жататын ұзақ мерзімді тарихи процес болып табылады. Нәзира дәстүрін жетік меңгерген бірқатар қазақ ақындары есімдері әлемге мәшһүр Фирдоуси, Низами, Физули, Жәми, Науаи жырлаған аса маңызды тақырыптарды, гуманистік идеяларды қайта жырлау арқылы қазақ қауымының ұғымына лайықты тың дастандар, жаңа шығармалар жазды. Мұның өзі, қазақ әдебиетін мазмұн, тақырып, идея жағынан ғана емес, сонымен бірге, көріктеу құралдары тұрғысынан да байыта түсті.

Шығыстық-қисса дастандар өзіне дейінгі мәдениет жалғастығының көрінісі болса, өзі кейінгі туындылардың жазылуына, халық арасына кеңінен таралуына негіз болды. Зерттеушілер қазақ әдебиетіне нәзирашылдық өнерінің туу және даму табиғатына «Ескендірنامه» дастанын ел ішінде көп таралуының басты себептерін ашуға тырысты.

Низамидің «Ескендірнамесі» – мінсіз басқару жөнінде билеушіге жол көрсетіп қана қоймайды, ол бүкіл адамдарға қарата айтылған туынды. Ақын адам өмірінің мән-мағынасын анықтайды. Низами поэмасы өзінен кейінгі Әмір Хұсрау, Жәми, Науаи сияқты ақындардың шығармашылығына жол ашқан шамшырақтай болды.

Әмір Хұсрау поэмасының көркемдік кемелдігі байқалмай қалған жоқ, оның әсері шәкірті мен ұстазы бір уақытта жазған Науаи мен Жәмидің Ескендір туралы шығармаларынан сезілді. Науаи «Ескендір қорғаны» поэмасында қолбасшы туралы басқа поэмаларға қарағанда елді мінсіз басқару көрінісі анық байқалады. Түркі ақыны Ескендірдің әулиелік атағы жөнінде арасында елеусіз ғана айта салады. Оның поэмасында Ескендір – бәрінен бұрын мінсіз билеуші. Ескендір өмірі жайлы эпизодтардың бәрінде шындықты алдыға тартқан уағыз, өнеге жатыр.

Науаи ортағасырлық Гератта туып өсті. Сондықтан Ескендір мен оның айналасы билеушілері және оның қызметшілері жайлы феодалдық көрініс тұрғысынан суреттеледі. Науаидегі билеуші идеалы кәдімгі феодалдық көріністің бейнесінен туындаған. Ақын феодалдық шен мен тәртіпке көп көңіл бөлген. Науаидің ойынша, Ескендір туралы аңыз шындықты табуға әкелуі тиіс. Ал шындық патша сарайларында ғана орын алмаған. Сондықтан ақын былай дейді:

Бұрыстық – уақыт ісі
Патша болғаннан өмірде қайыршы болған жақсы.
Еркіндіктегі диуана рухы
Торға қамалаған шахтан гөрі жоғары [2,45].
Кедейдің қайырымды рухының алдында
Билік те, даңқ та – ұсақ өзендер [2,47].

Бұл жолдар, әрине, данышпан билеушіге емес, өмірдің мәні ойланатын кез келген адамға бағытталған. Және бұл айтылған өмірдің мәні дайын ережелерге әрқашан да бағына бермейді. Тараудың соңы – аспазға үндеу – Ескендір туралы, хикаядағы өмір туралы толғаныстарда жеке басқа қатысты ойлар көп екенін көрсетті, шындық ақынның өзіне де аяқ астынан ашылғандай болып көрінеді. Әлде, бұл адамның тез өмірден шаршаған қайғылы бейнесін көрсеткендей болады. Мәселен:

О, Науаи, адалдық жоқ еш жерде,
Мына судан құрылған әлемде.
Су көпіршігіне ұқсаған бұл сенімсіз,
Үйге көп үміт арта берме [2, 58] –

дейді. Низамидің «Ескендір белесі» – энциклопедиялық білімнің жинағы, бірақ ол тек мінсіз билеушіге арналмаған. Мұның өзі, Низами мен Науаи поэмаларын өзара ұқсастыра қарастыруға негіз болады. Дегенмен, Низами оқырманды өзі өмір сүрген уақытта көзі жеткен моральдық нормаларға сендіруге тырысады. Науаи да солай еткенмен, ол оқырманды ғана емес, өзін де сендіруге тырысады: алдымыздан шындықты іздеу процесі ашылады. Ақырында, Науаи «Ескендір қорғаны» атты поэмасы арқылы оқырманға шынайылықты түсіндіріп қана қоймайды, халықтың көзін көп нәрсеге ашады.

Негізгі бөлім. Науаи мен Жәми поэмаларында Ескендір туралы фольклорлық дәстүрде кең тараған мотивтермен өз орнын тапқан. Ескендірдің қабірінен қолы шығып жатқаны туралы аңыз сақталған, яғни, мұның мәнісі – қолымда ештеңе жоқ екенін елдің бәрі көрсін, көрге өзіммен бірге ештеңе алып кеткен жоқпын, бәрін осы өмірде қалдырдым дегенді білдіреді. Осы шығарманы талдау нәзира дәстүрінің тек көшіру, еліктеу ғана емес екенін анық көрсетіп тұр. Ақын өз шығармасы арқылы халыққа, тәрбиеленуші топқа көзқарас қалыптастырып отырды.

Науаидің «Ескендір қорғаны» шығармасын жоғарыда аталған ақындардың Ескендір туралы пікірлерін ескергенді жөн көріп отырмыз. Науаи шығармашылығын түсіну үшін де (Фердауси, Низами, Жәми секілді) алдымен сопылық ілім (Суфизм) шарттарын түсініп, осылардың дүниетанымдық көзқарастары арқылы түсіндіргісі келді деген ойдамыз.

Әлішер Науаидің «Ескендір қорғаны» шығармасының жазылу тарихы туралы: «Шығарма қандай жағдайда туылғанын білу де маңызды. Ол Ескендірді дастанға салмас бұрын біраз уақыт бойы қағаз қаламға жоламағанын, демалғанын айтады. Көп уақыт бойы қалам тартпағаны Ескендір жайлы дерек жинап, оны ойша пісіріп жүрген. Демек, автор бұл шығарманы жазуға атүсті асығыс келген емес, толыққанды деректермен әзір күйде жазуға тырысқан», – дейді.

Науаи алдымен өзі жинаған деректерін тарихи уақытқа сай етіп құрып алады. Өз сөзінде ол тарихқа қиянат жасағысы келмейтіндігін айтқан еді. Болған оқиғаны көшіріп айта салу да оның табиғаты емес. Сондықтан да ол осы екеуінің ортасын ұстап, тарихқа қиянат жасамай, шығарманың әдеби көркемдігін жетілдіруді мақсат еткен.

Ескендір образын жасарда Науаи алдымен өз алдына екі мақсат қояды. Бірі Ескендірдің іскерлігі, әскери жетістіктері. Екіншісі дана – Ескендір. Бірақ Науаи осы екеуін өз сөзімен айтып емес, Ескендірдің іс-қимылы арқылы жеткізуді көздейді.

Әпсана-хикаяттардағы Ескендір бейнесі. Жалпы, Ескендір бейнесі қазақ даласында негізінен әпсана-хикаят жанрында тараған [3]. Атап айтқанда, «Ескендірдің көз сүйектен ғибрат алуы». Қазақ арасында Ескендірге байланысты фольклорлық шығармалардың үшінші бір тобы мына сюжетке құрылған: Ескендір патша жорықтан келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп ол жұмақ қақпасына жетеді. Патша қақпаны ашуды бұйырады. Бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның ішінен орамалға

түйілген адамның бас сүйегін кейде бір дорба ұнымен қосып тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырады. Сол кезде әміршінің қасындағы Қызыр: «Адамның көзі дүниеге тоймайды тек топырақ қана бас сүйекті баса алады» деп бір уыс топырақты адамның көзіне баса салады. Сол сәтте бас сүйек тұрған таразы көтеріледі. Ескендір болса, жауынгерлік райынан қайтады.

Бұл жалпы фольклордағы көне сюжеттердің бірі. Дәл осы сюжет ежелгі жазба ескерткіштерінің қатарына жататын «Талмут» кітабында бар. Онда мысал ретінде берілген. Бұл сюжеттің қазақ топырағына келуі «Талмут» пен Библиядағы Сүлеймен, Мұса, Нұх, Исалар жайындағы хикаяттардың Құран, тәфсир, хадис, тағы басқа мұсылман кітаптары арқылы тараған сияқты құбылыс екені күмәнсіз. Сол себепті Ескендір тап болатын жұмақ пен бас сүйек туралы баяндайтын шығармалар әпсана хикаят жанрының құрамында қарастырылады. Оған тағы бір айғақ ретінде Ескендірдің біршама жұмсақ болып бейнеленуін айтуға болады. Егер қос мүйізі бар Ескендір жайлы хикаяттарда ол аяныш, ойлану дегенді білмейтін қатал, тасжүрек болып көрінсе, мұнда ойланып, өз жайын түсіне білетін патшалар кейпінде суреттеледі. Басқаша айтар болсақ, Ескендірді дәріптеп мадақтаудың нышаны бар. Соны үлгіге тарту мақсаты бар. Ал бұл әпсана-хикаят жанрының бас белгілерінің бірі. Алайда әпсанаға тән ғажайыптық сипат жоқ. Рас, көркемдік шарттылық бар. Ескендірдің жұмақ қақпасына баруы, оның күзетшімен сөйлесуі, әрі кереметтік элементі.

Үшінші сюжет жұмаққа тап болып көз сүйегін алған Ескендір жайында. Мұның түп негізі «Талмуттағы» мысал. Ал «Талмутқа» Ескендір сарбаздары шығарған аңыздардан, Шығыс таяуда тараған нұсқалардан енген болу керек. Ол қазақ еліне мұсылман кітаптары арқылы келген [3, 173].

Абай шығармаларындағы Ескендір бейнесі. Ендігі бір көңіл аударатын нәрсе арғы түбі Талмутқа апарып соғатын осы сюжеттің ұлы Абай шығармашылығынан көрініс табуы. Біздің қолымызда бар фольклорлық әпсана хикаяттардың да Талмуттағы мысалдың да сюжеті, оқиға өрбуі толығымен Абай «Ескендірінің» желісі.

Абайдың «Ескендір» поэмасы философиялық, моральдық және дидактикалық мазмұнда жазылған. Әрине, Шығыстың сөз шеберлері зор шеберлікпен жазған ғажайып дастандардың бәрін қазақ ақыны оқып шыққаны дау тудырмайды. Бұған Абай поэмасының сюжеті ғана емес, жекелеген эпизодтар да дәлел бола алады. Сонымен бірге, Абай тарихи Александр Македонский жөніндегі материалдармен де егжей-тегжейлі таныс болған. Өйткені, қазақ ақыны Ескендірдің реалистік бейнесін жасаған. Поэмада ашкөз, қанқұмар, дүниеқұмар Ескендір туралы сөз болады. Ислам діні де атап айтқанда, Құранда Ескендір пайғамбарлар санатында. Ескендір жан-жағына соғыс ашып, көрші елдерді жаулап ала бастағанда халықтарды бұрын қанап келген патшалардан азат етуші.

Ал Абай поэмасындағы Ескендір қанқұмар, соғысқұмар болып келеді де Аристотель оған қарсы қойылады. Абай өз поэмасын Ескендір жөніндегі аңыз

әңгіме емес, тарихи деректерге сүйене отырып жазған: Македония елінің патшасы Филипп өліп, оның баласы Ескендір 21 жасында таққа отырады. Ол жастайынан мақтансүйгіш, қызғаншақ болып өседі. Таққа отырған бойда-ақ, оған өз жұрты аз көрініп, көршілерге көз алартып қарайды. Бүкіл әлемді жаулап алу ниетімен қанды жорыққа аттанады.

Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болып тура аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды-жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды [4, 175].

Абай, әсіресе, Ескендірдің ашкөздігіне, дүниеқұмарлығына, қанағатсыздығы мен қаніпезерлігіне көбірек назар аударған:

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін жаулауға ой ойлады.
Қанішер, қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп,
Сол күнге қошеметші айтады екен,
Ханның ханы, патшаның патшасы деп [4, 176].

Ескендірдің ашкөздігі, қанағатсыздығының салдарынан көп әскер сусыз шөл далада қырылып қала жаздайды. Ақыры олар мөлдір бұлаққа тап болады. Ескендір шөлде бар әскер қырылып кетпей аман қалатынын қанағат тұтпай қайта әскеріне қатал бұйрық берді.

Бұл салқын тәтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ наныңыздар.
Менен қалмай бұл суды шапшаң өрлеп,
Талқан қылып шаһарын алыңыздар [4, 176].

Сөйтіп, Абай өз поэмасында Ескендірдің қатал әрекеттерін, тойымсыздығын үсті-үстіне дәлелдеп, айқындай түседі. Жер жаһанды соғыспен жеңіп алған Ескендір шатқал ішіндегі алтын қорғанның қақпасын аша алмай қаһарға мінеді. Сонда қақпа күзетшісі Ескендірге:

Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең,
Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең.

Әлемдік әдебиет тарихында Абай бірінші болып «Адамның көз сүйегі жөніндегі символдық теңеуді пайдаланған. Рас, Науаидың «Ескендір қорғанынды» да осыған ұқсас эпизод бар: «Ескендір жорық жасап, қараңғы түнек еліне барған кезде Құдайдың хабаршысы оған кішкене бір тас береді. Жарық дүниеге оралған Ескендір әлгі тасты таразының бір басына, ал екінші жағына көп алтын күміс тастарды салады. Сол тасқа бір уыс күлді сеуіп

жібергенде ғана таразының екі жағы теңеседі. Бұдан Ескендір патша ақыр соңында өзінің де осындай бір күлге айналатындығын аңғарады».

Абай поэмасында таразының бір жағына адамның көз сүйегін, ал екінші жағына Ескендірдің бар алтын күмісін, қару жарақтарын салады. Сонда да таразының сүйек тұрған жағы басым түсе береді. Бұл жұмбақтың шешімін Ескендірге Аристотель ашып береді. Данышпан қарт жерден бір уыс топырақ алып, әлгі сүйекке шашып жібергенде таразының екінші басы сылқ етіп жерге түседі.

Осы арқылы Абай: «Адамның көзі өлгенде ғана тоят табады. Адамды адам ететін қанағат, қанағат ете білу керек» деген пікір айтады. Науаи және Абай айтып отырған бұл екі сюжеттің де мән-мағынасы біреу-ақ деуге болады: Адам өмірі мәңгілік емес, аз күн өмірде ашкөз болмай қанағат ете білу керек деген ортақ ой.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер
Өз күлкіңе өзің қарқ болма бекер.
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ түпке жетер [5, 237].

Ескендірдің беті қайтқан ең шеткі қаласы, қорғаны Абайдың бабаларының мекені Отырар (Фараб) болған. Оның жанынан аққан қасиетті су Сырдария. Аты жақсы Яксарт дария ертедегі аңызда ол бейіштен аққан өзеннің бірі деп келеді. Осы жағынан алып қарағанда Абайдың Ескендірінде де тарихи негіз жатыр [5,108].

Қорыта айтқанда, Ескендірге Абайдың үшкілі арқылы жауап бергенді жөн көрдік. Абайдың үшкілі дегеніміз үш саладан бас қосқан нәрсе. Қайрат, ақыл, жүрек. Мұны ол өзінің он жетінші қара сөзінде де айтып өткен. Ескендірдің әрекетін алып қарағанда онда қайрат бар. Ол талаптанған ер. Оның қасында ақыл бар. Яғни, ғұлама ғалымдары еріп жүр. Оған жетпей тұрғаны жүрек сезімі, аяушылық, кішіпейілділік, өзінің ішкі жан дүниесіне ой жіберу, қанағат ету, шүкіршілік. Ескендірді ойға қалдырған, шынға бетін бұрған Абайдың үшкілі деп білеміз.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – деген ақын адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» деп толықтырып, тереңдете түседі.

Ал он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет» деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісіді менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» [5,148], – деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде анық көрініс береді.

Зерттеуші ғалымдардың басты ғылыми ұстанымдарының бірі – шығыстық қиссалардың танымдық-тәрбиелік мәнін ашу және кеңестік кезең

жылдары ескішіл, діни сипаттағы туынды деп бағаланған шығармаларды қайта зерттеп, ғылыми бағасын беріп, айналысқа түсіру басты міндет деген ойға келеміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан, 1997.
- 2 Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1982 – 295 б.
- 3 Бисенбаев П.Қ. Шығыстық қисса-дастандар: нұсқалары мен типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- 4 Науаи Ә. Ескендір қорғаны. – Алматы: Жазушы, 1989 – 265 б.
- 5 Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 224 б.

М. ОРАЗБЕК ЗЕРТТЕУІНДЕГІ АБАЙ АРХЕТИПТЕРІ

Қай халықтың болсын ұлттық танымын айқындайтын, ұлттық болмысы мен ұлттық негізінің іргетасын қалайтын рухани мәдениеті – ол, әдебиет болса керек-ті. Адамзаттың арғы-бергі тарихын танытатын да – әдебиет. Сан ғасырлардың қойнауынан үн қататын ауызша-жазбаша қалыптасқан әдеби үлгілер соның куәсі. Фольклор – «атадан балаға мұра» қағидатымен даналық пен адами құндылықтарды санаға сіңіруде бір халықта айтылып, екіншіге сюжет пен оқиға ауысуы арқылы дамытылатынын аңдаймыз. Батырлық дастандарымызда, ертегі-аңыз оқиғаларында, ғашықтық жырларымызда бір-біріне ауысқан оқиға мен штрихтар қаншама...

Кеңестік әдебиеттануы санамызда болса да, бүгінгі күннің әдеби пайым-үрдісі, ғылыми талғамы өзгерді. Жаңаның сіңісуі мен ескінің емеуіріні қашанда қайшылықта болары сөзсіз. Бүгінгі күннің әдеби танымы – батыс әдебиетінде М. Бубер, М. Бахтин, В. Библер, Ю. Лотман, К.Г. Юнг ұстанымдарымен [1, 25] диалотизм принциптеріне негізделген «Мәдениеттер мәмлесі» («Диалог культур») қағидатында дамуда. Бұл белгілі бір мәдени танымның өзге мәдениетпен бетпе-бет келіп, дәрежесі тең күйде жымдасқан сәтінде анағұрлым толығып, тереңірек танып-түсініп, қадір-қасиетін қайта құнттайтыны сөзсіз. Бұл – белгілі мәдениеттің өзге жұрт мәдениетіне сіңіп-жойылуы емес, керісінше өзара ауысу-алмасу, сіңісу-синтезделу, үйрену-үрдістену мәнінде кеңейуін, бағалануын айтамыз.

Сондықтан мәдениеттер мәмілесін асығыс түсіндіру мен ғылыми оқулықтарға жаппай енгізу – абсолюттендірудің бұлдыр, беймәлім бағдарсыздыққа сүйрейтіндітін де әркез ұмытпаған жөн [2, 17].

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеген көптеген ғалым-әдебиетшілер: «Фольклор – адам санасындағы мифтік ұғымдардың сәулеленуі, кейіпкер іс-әрекетінде бейнелік сипатқа енуі» деп танып, талдады.

XX ғасыр басында Ж. Аймауытов: «Адамның жан құбылыстарын зерттеп, таныс болу үшін сол шығармалардағы кейіпкерлердің (тип) бастан кешірген халдерін бақылау керек» деп түсіндіреді. Ендеше жазушы шығармасында бейнеленген образдың архетипіне үңілу арқылы көркем шығарманың идеясын, авторлық позициясын айқындаймыз.

Академик С.А. Қасқабасов биолог ғалым Эрнст Геккельдің биогенетикалық заңын талдай келе: «... адамның жан түкпірінде жатқан, сондай-ақ мінез-құлқындағы, сырт пішініндегі кейбір қасиет-белгілер – біздің бабаларымыз өткен әр дәуірдегі, әр сипаттың көрінісі» [3,132] – деп түйіндейді. Бұл – қазақ әдебиеттануындағы архетип ұғымының мазмұнын ашатын құнды пікірлердің бірі деп ойлаймыз. Себебі, архетип – адамзаттың жүріп өткен жолының адам психикадағы ізі. Академик Д. Қамзабекұлы: «...кез

келген халықтың ықылым замандардан бергі рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы – оның сөз өнері» – дейді. Яғни, архетипті тек мифке ғана емес, сөз өнерінің барлық үлгілеріне талдау жасау арқылы анықтауға болады. Сөз өнерінің поэзия мен проза жанрларында архетиптік қолданыстар мен бейне-образдар айқын танылады.

2001 жылғы «Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясында» Г. Якушеваның архетип жайлы түсініктемесі екіжақты. Бастапқыда ол архетипті «ілікіобраз» ретінде атаса, келесіде «архетип – образ емес, схема» деп көрсетеді. Алайда Г. Якушева өзіне дейінгі ғалымдар секілді К.Г. Юнг іліміне сүйене отырып, архетипті *«шығарманың эстетикалық құндылығын анықтайтын фактор»* ретінде таныған. Бұл ағылшын зерттеушілері жиі қолданатын «архетиптің қайталануға бейім негізгі әрекет, сипат немесе образ, мотив екендігі айтылып, оның шығарманың эстетикалық құндылығын анықтайтындығын» көрсетіп, айқындай түседі.

Бүгінгі әлем әдебиетіндегі, соның ішінде, қазіргі қазақ әдебиетіндегі сюжеттер семантикасына үңілсек, жаңаша «түрленген» архетиптік құрылымдарды байқаймыз. Ол туындылардың ішкі құрылымында генетикалық тұрғыда енгізілген мән-мағыналар көптеп кездеседі. Ю.В. Шатин: «Архетиптік схема түрлену барысында «мотив коннотаты» қарама-қарсы мәнге ауысып кетуі мүмкін. Бұл құндылықтардың тұрақты циклдік динамикасын көрсетеді. Онсыз кез келген мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – дейді. Сөз еткен пікірлерді жинақтасақ: Әдеби мотивтер мен архетиптер – сюжеттік эффекттердің жиынтығы. Демек, кез келген көркем шығарма желісі – өзара бірігіп, кіріктірілген шағын оқиғалар (сюжеттер) жүйесі. Әрине, осы тұжырымдаманың әртүрлі анықтамалары да кездеседі. Атап айтқанда, А.А. Мырзахметовтың «Қазіргі қазақ прозасындағы архетиптік образдар» зерттеуінде «Архетип – ұжымдық бейсаналықтағы рухани бірлік» тұжырымдама ұсынылып, ол «белгілі бір сәттегі» дағды (инстинктивті) әрекеті ретінде және «қажетті шешімнің психологиялық тұрғыда қабылдануы» деп танылады. Кейіпкер арқылы адам жанның мазмұны ғана емес, оның белгілі бір іс-әрекетке «оянуы» да жатқаны зерделенді. Басты назарда мифологиялық түсінік пен жоғарғы күштердің, адам санасында ізі қалған типтік тәжірибенің (өмірге келу, кеңістіктегі қозғалыс, т.б.), тенденциялардың қайталану бейімділігі сөз болды. Сонымен қысқаша айтқанда, архетип – ең алғашқы образ және мағынаның кейіпкер бейнесін арқылы біртұтастануы.

Бүгінгі әдебиеттануымызда өзіндік ой-пікірлерімен ерекшеленіп, әдеби және ғылыми ортаға жекелік тұлғасымен танылған – Мақпал Оразбек. 2022 жылы Білім министрлігі бекіткен ғылыми жоба аясында Мақпал Оразбектің «Абай шығармашылығындағы әлемдік және ұлттық мәдени архетиптер» атты монографиясы жарияланды.

Мақпал Оразбектің монографиясында «Архетип дегеніміз – адам санасында сақталып келе жатқан бастапқы образ» дей отырып, «арғы, бастапқы образ» деген мағынасы кейіннен «бейне, идея» деп түсіндіріп, дәлелденеді. Филон, Цицерон, Плиния еңбектері негізінде К. Юнг: «...адам

санасындағы туа біткен алғашқы кескіндердің өмірде әртүрлі жағдайлардың (қайғы, қорқыныш сезімдері, алаңдаушылық немесе шығармашылық қиял, фантазия, т.б.) әсерінен жанданып, белгілі бір образдарға айналуы» деп түйіндейді. Ендеше, архетип көркем әдебиетке, ақын-жазушы туындысына тікелей қатысты. Шығармашылық психологиясын зерттеуші ғалымдар көркем шығарманың тууын, идея мен символдардың жанды суретке айналуын, адам санасы тереңінде жасырын жатқан, күллі адам баласы жаратылысына тән әрі туа біткен кескін, бейнелерден іздейді [4, 64].

Көркем шығарма қашанда ішкі оқиғалар желісімен, түрлі әрекеттермен толықтырылып адам жанының айнасына айналатынын ескерсек, онда ХХ ғасыр басында Ж. Аймауытов: «Адамның жан құбылыстарын зерттеп, таныс болу үшін сол шығармалардағы кейіпкерлердің (тип) бастан кешірген халдерін бақылау керек» деп түсіндіруін басты назарда ұстау шарт. Ол – жазушы шығармасында бейнеленген образдың архетипіне үңілу арқылы көркем шығарманың идеясын, авторлық позициясын айқындайды.

Архетиптің әдеби үлгіде тұрақталуы мен дамуы тұрғысында М. Оразбек түсінікті де кең көлемді мағлұмат беріп, талдаған. «Архетиптің түп негізі – ұлттық таным-талғамызда молынан кездесетін мотивтер» дей отырып, өзіндік пайым-талдауын «Абай шығармашылығындағы және әлемдік әдебиеттегі «көлеңке» архетипі» деп бастаған. Мұнда Х. Андерсон, Е. Шварц, О. Уайльд шығармаларындағы адамның *жаны* мен *көлеңкесі* Абай туындыларындағы қолданыспен салыстырылса, Э.М. Ремарктың «Жұмақтағы көлеңкелер» романындағы Көлеңке архетипі мен Абай қарасөзіндегі көлеңке архетипінің мәні толықтай ашылған. М. Оразбектің бұл көлеңке тақырыбына арнайы тоқталуы да тегін емес.

Көпшілік түсінігінде: «Көлеңке – адам сұлбасы» деген физиологиялық түсінік қалыптасқанымен, көркем әдебиетте – ол, адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы ықпал етуші факторлардың қақтығысы. Көлеңке – фәлсапалық мәні басқаша айқындалып, метафоралық, ауыспалы түрлі бейне-образдық кейіпте берілуін аңдаймыз.

Табиғи түсінік-болмысымызда күн не жарық түспейтін жақтағы көмескі сұлба болғандықтан, қашанда «көлеңке – тұрақсыз әрі тұрлаусыз». Ал, адами болмысымыздағы «көлеңке» ше?! Ол да ауыспалы, бірақ адам жанының тебіренісіне, сол сәттегі көңіл күйіне, ішкі жандүние қақтығысы тоғысында айқындалатыны бар. Ұлы Абай бұл туралы: «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың», – дейді. Алайда, Абай өлеңдерінде көлеңкенің типтік қолданысы да түрлі сипатқа ие. Оны монографиядағы мысалдар дәлелдей, нақтылай түседі. Ақын Абай бабамыз «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса, –

деп өнер мен ғылым, білім, билік, саясат саласына «басын ұзартып» көлеңкелер келсе, қоғамда алдау, арбау, білімсіздік, көзбояушылық орын

алып, ел болашағы, мемлекет болашағы, ұрпақ болашағы «алыста, көзден жасырын қалады» дегенді меңзейді.

Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса, –

Қорытындылай келе, Абайдың қарасөздерін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін арттырып, олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл әдістер мен тәсілдер оқушылардың ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Абай қарасөздерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ойлау мәдениетін қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге көмектеседі. Контекстуалдық талдау, интерактивті оқыту, салыстырмалы талдау, қазіргі технологияларды қолдану және жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдістері арқылы Абай қарасөздері қазіргі заманның талаптарына сәйкес оқытылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. Алматы, 1987, – 205 б.
- 2 Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Алматы, – 1967, – 389 б.
- 3 Байтұрсынов А. «Қазақтың бас ақыны». Қазақ газеті, 1913 жыл, №39, 41.
- 4 Құнанбаев А. «Қарасөздер». Алматы: Атамұра, 2003.
- 5 Салғараұлы І. Таным баспалдақтары, Алматы, 1993, – 118 б.
- 6 Жұмалиев Қ. «Әдебиет теориясы». Алматы: Мектеп, – 1969.
- 7 Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы: Қазақ университеті, – 2011.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ

Бұл мақалада ұлы гуманист Абай Құнанбаевтың адамгершілік тәрбие мәселесіне философиялық және педагогикалық көзқарастары қарастырылған. Әрбір адамның өмірінде адамгершілік қағидаттар мен рухани құндылықтарды қалыптастырудың жалпы адамзаттың негізін қалаушы жағдайларға назар аударады. Қазақ қазынысының қайнар бұлағынан сусындап өскен, халқымыздың дара перзенті Абайдың әрбір шығармасы инабаттылыққа, парасаттылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейді. Ол адам баласының бойындағы рухани құндылықтарды басты орынға қоя білді. Абай шығармаларының құндылығы – ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол «толық адам» бейнесі.

Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді.

Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей «толық адам» ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады.

Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған. Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам? Абай айтып отырған «толық адам» тәрбиелі, адамгершілігі мол, имандылық қасиеттерді бойына жиған, «бес асыл істі» жолдас қылып, «бес дұшпаннан» безген жан. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» жаны сұлу адам [1, 76].

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – деген ақын адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» [2], – деп толықтырып, тереңдете түседі.

Ал он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет» деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол»

[1,148], – деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде жатқан сияқты.

Абай мұрасындағы «толық адам» жайлы ақындық пікірді жетілдіре, дамыта түсетін «үш сүю» ұғымы жайында «Ұлы ақын нағыз адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап та береді. Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастырсақ үш баға жетпес асыл қазыналарды бөліп алуға болар еді», – дейді белгілі әдіскер, ғалым Қ. Бітібаева [3, 37].

Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Абайдағы толық адамның дәстүрлі таным екендігін бекіте түседі. әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай әл-Фарабидегі кемелділікті толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті сүю ретінде танытады.

Толық адам жөніндегі ақын пікірлерінің кейбір жақтары шығу төркіні жағынан шығыс ойшылдарымен іліктес жатса да, Абай оны өз заманы талабына қарай сыншыл ақыл тұрғысынан екшеп, өзінше қорытып, өзіндік ой-пікірге айналдырып жіберген. Ақынның осы бір даналығы мен шеберлігін М. Әуезов «...өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп, өзіндік етіп алады» [4], – деп әділ бағалаған.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады. «Адамзат тірлікті дәулет білмек, ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» өлең жолдарынан ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады.

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр. Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

«Күншіліксіз тату бол шын көңілмен, Қиянатшыл болмақты естен кеткіз» деген өлең жолдарынан ақын адамдағы қиянатшыл қаупін көп айтады. Оның ойынша, барлық кеселді қасиеттердің шығар көзі де, өсіп, өрбіп, ұлғая жетер жері де – осы қиянатшылдық. Ақын «*әуелі көкіректі тазалау керек*» дегенде, адам ең алдымен осы қиянатшылдықтан аман болса екен дейді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары әжептәуір жүйеленіп, тиянақтала түседі. Абайдың зиялылық шығармашылығы оның педагогикалық көзқарасымен ажырамас бірлікте. Абай адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін ағартушылық міндетін терең сезінген. Мәселен,

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай, баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге. —

дей келіп, адам мінезіне жақсы да жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп, даралап түсіндіріп береді. Жас ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесін жан-жақты жырлап, адамзат баласының ең асыл қасиеті білім-ғылымға ұмтылу деп бағалайды.

Ақынның, әсіресе жастарға арналған өлеңдері ерекше айшықты. Жастық шақ — адам өмірінің ең бір думанды кезеңі, сондықтан да «Ойлансаңшы, бос қаңқай елең-селең» — деп, уақытын арзан күлкімен өткізбеуді тілейді. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім», «Жас өспірім замандас қапа қылды» т.б. өлеңдерінде жастарды мәрттікке, татулық, береке, бірлікке шақырады.

Абайды халқымыз ішкі жан сарайының рухани байлығы, сезім пәктігі, сезім мөлдірлігі, шынайылығы, ақындық мәдениеті үшін қатты қадірлеп, құрмет тұтты. Тіршілікті, дүниені, адамның ішкі жан-дүниесінің қыры мен сырын дөп басып, туған халқының жүрегіне жеткізу.

Кемелдену, жетілу — адам өмірінің мақсаты екенін айтады Абай. Жетілу дегеніміз не? Түрлі жетілулер бар. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол — рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

Абайдың айтуы бойынша жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді Абай. Сонымен жетілудің негізі — женді, жүректі жетілдіру екен. Бұл — адамның ішкі нәзік болмысын тазарту деген сөз.

Абай өз шығармаларында жетілу жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілу жолдарынан өте отырып өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ғана адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді.

Абайға дейін поэзияда адам мәселесі жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, жақсы-жаман қасиеттері — бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты. Ал Абай ең басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, адами қасиеттерін алды. Оның поэзиясында Адам — Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы — Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті — орасан. Адам

– өмірдің қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, Абай осы адамды түсіну мен адамды тану міндетін ерекше саралайды.

Абай Адамның – танылуы қиын жұмбақ деп біледі. Абай түсінігінде, адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде [5].

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [1, 75] –

деген өлең жолдарынан ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды.

Жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Бұл Абайдың толық адам туралы ілімінің ұлттық сипатымызды, халқымызға тән ерекше қасиеттерімізді сақтап, қазақты қазақ етіп танытатын, ел ертеңі болар ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын анық көрсетіп, айқындап тұрған пікір.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі «жетілген адам» – ең алдымен иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені анық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бастау бұлағындай болып көрінетін діни тәрбиенің маңызын ашып көрсете білген Абай мұрасы адам тәрбиесіндегі негізгі бағытты да анық сілтеп тұрғандай.

Ізгілікті уағыздап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам тәрбиесі жайында өлмес сөз қалдырған ұлы Абайдың өзін нағыз «толық адам» десек болғандай.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, –

деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай – өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие, ұрпаққа үлгі етерлік тұлға.

Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы адамгершілік мәселесі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы, жаһандануға жұтылып кетпеуі сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндеттіміз деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым. – Алматы, 1995.
- 2 Абай қара сөздері. Поэмалар. – Алматы, 1993.
- 3 Абайдың тәлімгерлік тағылымы. – Алматы, 1996.
- 4 Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы, 1997.
- 5 Абайды оқы, таңырқа... – Алматы, 1993.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Абай поэзиясы – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әрқилылығымен қымбат. Ұлт тарихында ұлы Абайдың ұлағаты мен тағылымын терең танып, санасына сіңіре білген, зердесіне ұялата білген әрбір ұрпақ өз ұлтының қадір-қасиетін терең ұғады, өз ата дәстүрі мен тарихын, тілі мен ділін қастерлей біледі. Ұлы Абайдың асыл сөзі, тағылымды өнегесі – ұрпақ санасын жаңғыртудың кепілі, ұлт болашағын тәрбиелеудің рухани негізі деп бағамдауға болады.

Қазіргі қоғамда жастарымыз әлемнің озық технологияларын, ақпараттарын меңгерумен қатар жат елдің мәдениеті мен тәрбиесін де саналарына сіңіріп, бойларына қалыптастыруда. Осындай жаһандану үрдісі кең жайылған кезеңде, ұлттық руханиятымыздың тамырынан нәр алып сусындаған ұрпағымыз ғана парасат пайымы мен біліктілігімен, иірімі түрлі толқынға төтеп бере алады. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру негізінде бойларына рухани мәдениетімізді, ұлттық тәрбиемізді қалыптастырамыз. Олай болса, ұлттық мәдениетіміздің дамуына орасан үлес қосқан ұлы ойшыл, данышпан ақын Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын ұлықтауымыз қажет.

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркенденуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз», – деп ұлттық болмыстың үлгісін насихаттап жазады [1, 4].

Абай ілімі – ұлт болашағын тәрбиелейді. Абай шығармаларындағы ғибратқа толы, тағылымы мол, ақылы мен терең ойларын санамызға сіңіруіміз қажет. Ақын мұраларындағы тәрбиелік мәнді ұлағатты сөздер бүгінгі жас ұрпақтың бойында адамгершілік, ізгілік, имандылық, әділеттілік, парасаттылық, батылдық қасиеттерді қалыптастырып, ұлттық мәдениетімізді қадірлеуге, дамытуға айтарлықтай үлкен септігін тигізеді. Жас буынға Абай мұраларынан, құндылықтарынан нәр алуды әрине, мектеп қабырғасынан бастау алуы қажет. Ақын шығармаларындағы ғылым, адамгершілік құндылықтар, тәрбиелік мәнді ой-пікірлер ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндірілуі қажет. Осы бағытта қазіргі таңда мектептерде арнайы «Абайтану» пәні енгізілді. Ақын шығармашылығын танып игеру арқылы жастардың

бойындағы рухани көкжиегін кеңейтуде «Абайтану» пәнінің үлесі орасан зор. Абайтану ғылымын зерттеуші ғалым, Мекемтас Мырзахметұлы өз сөзінде: «Үшінші мыңжылдық – адамгершіліктің, гуманизмнің заманы болуға тиіс. Ал енді оқушылардың адамгершілік тәртібін жолға қою үшін мектепте Абайдың «толық адам» ілімін өз алдына пән ретінде ендіріп, адамгершіліктің идеологиясын олардың санасына біртіндеп сіңіруді мақсат етіп қою керек», – деп айтады [2, 11].

Ғұлама Абай атамyzдың нақыл сөздерінен адамгершіліктің жоғары қасиетіне үндейтін қағида тізбектерін молынан ұшыратасыз. Жалпы тәрбие мектебінің көп түрлері бар, солардың бәрінен де жоғары тұратын, оларға мұрындық болатын теңдессіз мектеп – адамгершілік тәрбиесі. Адам баласына берілер өмірдің әр алуан тәрбиесін бағалауға адамгершілік рухы, ішкі дүниесі бұлардан тәуелсіз, олармен өлшеуге келмейді. Адамгершілік – адамдыққа баға беруге көмекші құбылыстың бірі есебінде адам бойындағы көрсеткіш.

Қоғамда өз ісінің жақсы шебері ғана болу – сол адамның өз ортасына борышқорлығын түгел ақтай алмақ емес. Бұл дәрежеге жету үшін, сыртқы әрекетінді емес, ішкі рухани азығыңды бірінші кезекке қой. Қоғам талабына қажетті қасиетінді осы ішкі рухани азығыңнан ізде. Егер ол қасиет бойында бар болса, іс-әрекетіңнің қос тізгінін соған ұстат. Олай етпейінше қоғамға көп пайда келтіруге мүмкіндігі бар іс-әрекетінің сол дәрежеде зияны да бірге туады. Жалаң күйінде білім, еңбек, қызмет, т.б. адамның күнделікті тіршілігі үшін тапқан тәсілі, тіршілік құралы, тек қана тіршілік болып қала бермек. Өйткені күнделікті өмірде кездесер қиындық, ауыртпалық, өмірдің сан түрлі кездейсоқ кедергілері, керісінше көкке көтерер мадақтауды, рахат жұмағы т.б. қарсаңында адам баласы жоғарғы күйде болса, шайқалмай қалмақ емес. Бұл сан алуан кездейсоқтар (мұның өзі өмірде болмай қалмайтын заңды кездейсоқтық) тұсында адамды бұзбай, адам күйінде ұстап қалар қуат құдірет – ішкі рухани азығының молдығы. Міне, адамгершілік қағидаларының бұзылмас кодексіне, қосылған мол үлес.

«Адамгершіліктің алды – махаббат, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте. Бұлар бір жерге түйіскенде ғана өз дәрежесін табады, жеке-жеке күйінде бұлар жарамсыз. «Әділет – ізгіліктің анасы», «Кәһімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ». Ұят – адамгершіліктің кісі бойында барлығының сыртқа шыққан белгісі, адамгершіліктің үкім құдіреті. «Ұят – адамның өз бойындағы адамшылығы иттігінді ішіңнен өз мойыныңа салп сөгіс қылған қысымыңның аты», – дейді Абай [3,76].

Адамгершіліктің бір сипаты – достық, бауырмал туыстық. Адамгершіліктің бұл сипаты адам баласы бола білуде, адам баласына дос болуда. «Адамның баласы – бауырың, әкеңнің баласы – дұшпаның», «адам баласына дұшпандық адам баласына айырады», «дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені». «Адам баласына адам баласының бәрі дос», «кімге достығың болса, достық достықты шақырады». Тіршілікте «өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – дос көбейтпек». Бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: «жүрегі

жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас». Бұл – бірінші іс, жоғарыда айтқан дәреже, мансап, дәулет, қызмет т.б. нәрселер мұнсыз жалған болмақ. Сол үшінде Абай: «пайда, мақтан бәрі тұл, доссыз ауыз тұшымас», «махаббатсыз дүние бос – хайуанға оны қосыңдар», – дейді.

Достық жалпы адам баласына ортақ мүддеге борыштылық. Осы борыштылықтың екінші жағы – жеке адамдардың достығына достық шақырудың парыздылығы. Бұл парыз екінші адамның өзіне жасаған достығына махаббат қылмағында. «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз», «кім өзіне махаббат қылса, сенің де оған махаббат қылмағың – қарыз». Міне, Абай нақыл сөздерінде адамгершіліктің бұзылмас қағидалары осыны айтады.

Адамгершіліктің екінші бір сипаты – сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліктің достықтан өзіндік ерекшелігі – достық сүйіспеншілікпен нығаяды. Сүйіспеншіліктің арнасы кең. Оның құшағында достықтың көп түрлері жатпақ. Соның бір түрі жар, махаббат сүйіспеншілігі. Жар сүйу – мұның өзі адамгершіліктің жоғарғы актісінен туады. Сүйіспеншілік – адам табиғатының терең сезінуінен келіп, аса бір ыстық ләззат үшін тұтанған жан дүниенің шөліркеуі. Ол – ешуақытта да жан шөлін басуды тілемейтін шөліркеу. Ол өзінің осы шөліркеуімен де жан сезімін сүйіспеншіліктің дариясына тоғытып жүреді. Бірақ ол еш уақытта да шөлін басып қануды тілемес еді. Бұл – тілеуден туған тілеместік. Шын мәнінде осы тілеместіктің өзі – тілеу.

Сүйіспеншілік адамгершіліктің бір сипаты болған себепті де, Абай адам баласының бұл жолда жаңылыс, жаңсақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жансақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жаңсақ басу адамгершілікке ақау ғана түсірмей, оны жойып та жіберетінін тереңнен түйген ұлы ақын шынайы махаббатты үлгі ете жырлай отырып, адам баласында кездесер тұтас трагедияға сабақ болар ой түйінін жасады. Мәселен,

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме.
Әйел сұлу болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме [3].

Дәл осы сөзде махаббат ісінің бар кіріспесі және аяқталуы жатыр, іштей ақылмен өрбітіп, әрбір түйін ұшын ұстай білуге мүмкіндік жасар дәрежеде құрылған сөз кестесі. Ақын осы бір нақыл сөзді әрі тереңнен аша түсіп, әрі дамытып:

Ғашықтық құмарлықпен ол – екі жол
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол, –

дейді.

Нәпсінің құлы – құмарлық. Бұл өмірде өзі тілеп, қолдан жасаған өз бақытсыздығын өзгеден көрген жеңіл сезім дертінің иелері.

В.Г. Белинский: «көз тоқтатар көрікті кез болып, көңіл құмары ауса, жұрт сүйіспеншіліктің өзі деп ұғынады. Осы бағытта кездескен бөгет көңіл-күйінен құмарлық туғызады. Қанағат – көңіл-күйін құртады» деген болатын. Абай да осы пікірмен үндес. Яғни, құмарлық – тояттаудың құлы. Құмарлық тояттауға жетсе қанағат табады, қанағат құмарлықты жұтып қояды. Өйткені бұл кезде «көп жүрмес жеңілқойлық әлі-ақ тозар, жаңғырар жеңсік құмар жаққа қозар» деп Абай айтқан екінші бір драма басталып қалмақ. Ашқарақтана жұтынған тағы пәнсі «ойнап» шықпақ. Мұндай адамның бойынан адамгершіліктің рухын іздеудің өзі бекершілік болар еді. Абай нақыл сөздері жастарды осыдан сақтандырады. «Көрсө қыздар күнде ашық – диуаналық» деп «махаббат серілерінің» карикатуралық картинасын жасайды. Бұл мектеп – үлкен мектеп екендігін, өмірдің бір кезеңі болып табылатынын ұғындырып, сыннан өтуді, сезімді ақылға жеңдіруді үндейді:

Махаббат достық қылуға
Кім де болса тең емес,
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес, —

деп ескерту жасайды.

Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді.

Абайтануға қатысты негізгі ойлардың жиынтығы Абайдың қарасөздерінде екендігі белгілі. Әлемдік әдебиеттен қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың орнын іздей бастаған, қазіргі қоғамдық өмір мен ғылымда өріс ала бастаған оң өзгерістер мен тарихи шындықты қалпына келтіруге ұмтылыс жасап жатқан жаңа ізденістер кезінде Абай қарасөздері кеңес өкіметі тұсында коммунистік партия берік ұстанған таптық көзқарас тұрғысынан зерделеніп жазылды. Ақын қарасөздеріне қатысты мәселелер біржақты, үстірт қарастырылып, ал кейбір айтулы ойларының мазмұны сол тұстағы саясат ыңғайымен қате, жаңсақ түсіндірілді [4].

Абай қазақтың қазіргі ұлттық әдебиетінің негізін салған классик екендігі ешқандай дау тудырмайтыны ақиқат. Абай қазақ халқының рухани мәдениетін әлемдік озық үлгілермен табыстырып, оған өз ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктерін, ой-пікір байлығын, сөз өнерінің үлгісін қосады.

Абайдың дарын қуаттылығы, жан-дүниесінің кеңдігі және поэтикалық қиялының шексіздігі мен тереңдігі кім-кімді де таңдандырады. Академик Серік Қирабаев «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында: «Жазу өнерінің қарапайымдылығы мен табиғилығын Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналдырды. Оның ұғымы, танымы, бейнелеу жүйесі түгелдей ұлттық шындықтан өрбіп, біртіндеп тереңдейді. Жаңа ой, жаңа сөзге лайық стильде жаңарып, өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. Ондағы тіл

байлығы, суреттеу құралдарының әр алуан түрлері, теңеулер мен метафора, күштесіз, төгіліп, ұйқасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемінің биігіне көтереді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды», – деп бағалайды. Ғалымның бұл мақаласы «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» атты жинағына кіргендігі белгілі [2].

Қорытындылай келгенде, ақынның азаматтық мақсаты, мұраты, талап-тілегі – бүгінгі ұрпаққа аманат. Әр қазақ еліне, жеріне адал қызмет етіп, ұлтжанды азамат болып бой түзеуі үшін, өз ұлтын Абайдай шын ықыласпен сүюі қажет. Себебі ақын өз қоғамының, ұлтының кемшілігін қатты сынға алса да, көңілі қалса да, тек бір ғана арман мақсаты – қазағын жігерлендіріп, рухын асқақтатып, төрге жетелеп, биік белеске шығару. Абайдың барлық шығармаларындағы тәлім-тағылымды ой-тұжырымдарын әрбір адам жәй ғана жаттанды түрде қабылдамай, тереңінен зерделесе, әр басқан қадамына жол нұсқайтын өмірлік азығы болар еді.

Қарасөздің хас шебері, поэзияның патшасы Абай – мәңгілік құнды тақырып. Абай ілімі – таусылмайтын шегі жоқ телегей теңіз, сарқылмас қазына және ұлт болашағын қалыптастыратын ұлттық рухани құндылық. Абай даналығы – адамдықты жақтап, әділдіктің ақ жолына бағыт-бағдар беретін, ұлттық дүниетанымымызды кеңейтетін рухани байлығымыз.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» шығармасындағы: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, бес асыл іс, көнсеңіз», – деген өсиетін жастардың санасына тоқысақ ғана, татулық пен тұрақтылықты сақтайтын, егемендігімізді еңселі, тәуелсіздігімізді мәңгі тұғырлы ететін ұлағатты ұрпақ тәрбиелейтінімізге сеніміміз мол. Ұлттық ойдың тірегі болуына және ұлт болашағының жарқын болуына Абай ілімінің қосар үлесі орасан зор.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Абай» Республикалық фольклорлық-этнографиялық әдеби-көркем журнал. – Семей: «Зияткер», 2020.
- 2 Картаева А. Абайтану. – Алматы: «Эверо», 2015.
- 3 Абайды оқы, таңырқа... – Алматы, 1993.
- 4 Өмірәлиев Қ. Абай афоризмдері. – Алматы, «Қазақстан», 1993.

THE CONCEPT OF «KAIRAT» (WILLPOWER) IN THE WORKS OF A. KUNANBAYEV AND THE FEATURES OF ITS TRANSLATION INTO RUSSIAN AND ENGLISH

The article discusses unique ways of translating the concept of «kairat» (willpower) from Kazakh into Russian and English. The goal of the study is to examine the concept of «kairat» (willpower) in Abai's works and its relationship with author's other concepts. The materials of the scientific work are Abai's edification words and their translations into English and Russian languages. To implement the above tasks, the article sets the following tasks: comparing Abai's works chosen from the words of edification and their translations; identifying linguistic and stylistic analogues, identities, and differences; and figuring out the semantic load of the concept of «kairat» (willpower) and the content of its constituent parts.

Translating concepts related to culture is a challenge for translators in each language, as it requires an anthropocentric approach to learning the language, and therefore requires a deep semantic analysis of the text. Language is a «mirror» of culture, reflecting the public mentality, national character, way of life, traditions and customs, worldview. Vezhbetskaya considers the concept to be an object of the ideal world and reflects the cultural understanding of people about the real world [4]. M. Baker emphasizes that «the word of the source language can mean a concept completely unknown in the culture of the translation language». The author calls them «culture-specific» concepts [5].

E. Nida emphasizes the equality of the ST and the TT in terms of linguistic and cultural differences for translation purposes, stating that «differences» between cultures can cause greater complications for the translator than differences in language structure» [6]. Translation difficulties arise when similar concepts (representing similar or identical denotations) exist between given languages (or between speakers within a language) or when they are ambiguous. It is also necessary to discuss the so-called «cultural turn» in translation. Whorf considers the concept of the cultural turn not as a stable unity, but as a dynamic process that expresses difference and incompleteness. He adds that «translation is not only a matter of intercultural transmission, but also a place where cultures come together and create new spaces» [3].

Thus, the problems that arise with «cultural» words in translating texts are not only related to the choice of lexical alternatives, but also to extralinguistic factors such as cultural, social, political and economic issues. Therefore, it is difficult for readers to understand such texts. The task of the translator is to decide what can best explain the cultural domain and fill in the missing information.

Methodology and research methods. Based on the above theoretical review and literature, comparative methods were used in this study to conduct a semantic and translational analysis of the concept of «kairat» (willpower) in the Kazakh language and culture.

Literary representation of concepts has its own characteristics, so it was analyzed from the personal worldview and the concept of willpower in Abai Kunanbayev's words of edification. The analysis of A. Kunanbayev's literary text complemented the comprehensive presentation of the concept. One of the main ideas mentioned by A. Kunanbayev in his works is the value of spiritual culture for the Kazakh nation and its significance for understanding the philosophy of the Kazakh people. Features of language concepts are very important for translation, because they are related to the features of culture and equivalence problems of translation. The analysis of the translation is based on a comparative study of the Russian versions by R. Seisenbayev and K. Serikbayeva, S. Sanbayev, V. Shklovsky and the English translation by Richard McKein. The main focus of the research is how the author conceptualizes willpower, what methods the translator used to convey the conceptual meanings of these methods and analyze their effectiveness.

Discussion and observation. The concept of «kairat» (willpower) belongs to the category of basic concepts of the psychological class that forms the concepts of the inner world. The center of any concept is always value, because the concept serves to study culture.

According to the German philosopher G. Hegel, «the first view of history convinces us that the actions of people arise from their needs, passions, characters and talents, and impresses us with the belief that such needs, passions and interests are the only source of actions» [7].

Bulygina and Shmelev distinguishes the concept of «will» as one of the most important for the Russian national consciousness. The word «will» is polysemantic. Among the meanings of the concept «will», two semantic invariants clearly stand out: 1) the ability to realize one's wishes and goals; 2) freedom to express something [8].

In Abai's understanding, the concept of «will» shows «achievement of the goal», a necessary tool for a person to acquire knowledge. Will keeps a person away from various sins, useless, fleeting interests and easy profit, and causes him to start on the right path and work. However, according to Abai, excessive strength in a person, like having too much intelligence, causes harm, because strength can be equally strong in achieving good and bad. Perseverance of courage diminishes a person's passion. A person needs to have strong courage, more precisely, he needs to have ambition and intention; will can protect the mind and body from various sins. Will is like a shield that protects a person's intelligence and knowledge. The comparison of the translations of Abai's words into Russian and English as follows:

Example 1.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады [2].
Казах ведь тоже дитя человеческое. Многие из них сходят с пути истины не от недостатка разума, а от того, что не имеют в сердце мужества и стойкости, чтобы принять советы умного и следовать им (Пер. с каз. С. Санбаева) [1].

Казах тоже человеческое дитя, и ему, как и другим людям, свойственно ошибаться. Но заблуждается он не потому, что глуп, а потому, что ему

не хватает твердости внять голосу рассудка. Сердце виновато (Пер. с каз. Р. Сейсенбаева и К. Серикбаевой) [2].

Казах ведь тоже дитя человека. Он совершает зло не от глупости не оттого, что у него нет разума, а оттого, что в сердце его нет той твердости, которая позволяет выполнить повеление разума (Пер. с каз. В. Шкловского) [2].

Indeed, the Kazakh is also a child of mankind. Many of the Kazakhs stray from the path of truth not through any deficiency of reason but because they lack the courage and staunchness in their heart to accept and follow wise counsels (Translated by R.McKein) [2].

In the fourteenth word of edification, it is said that a person's weakness is not due to his insanity, but due to the lack of strength in the heart to understand the words of the mind. In the translation of R. Seisenbayev and K. Serikbayeva, it is translated as «ему не хватает твердости внять голосу рассудка». The units of courage, strength, and commitment in the original are translated by the equivalents of «мужество и стойкость». In the translation, the word «insanity» is given in the sense of lack of intelligence, that is, due to a lack of intelligence. In the translation of the second version, the poet says that the lack of courage in the heart is not the inability to understand the words of the mind, but the lack of perseverance in believing what the mind says. «Сердце виновато» – although it is shown that the heart is guilty, the author did not convey the completeness and meaning of his thoughts. And V. Shklovsky's translation means «not being able to understand the words of the mind» – «что у него нет разума», it means the lack of strength in the heart, which follows the command of the mind. In translation versions, the concept of «willpower» is represented by the units of courage, endurance, and hardness. Compared with the main unit «сила», it is presented in different units depending on its semantic meaning. The English translation version is translated directly from the Russian language by means of step-by-step translation. In Russian, «стойкость» is translated as perseverance, and in English it is translated by the equivalent of «staunchness» depending on the translation.

Example 2.

Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен [2].

В молодые годы он ведет себя так, будто молодость бесконечна, не сомневается, что впереди его ждут еще более заманчивые утехы и радости. Но очень скоро, утратив былую силу и гибкость, он оказывается не годным ни на что (Пер. с каз. Р. Сейсенбаева и К.Серикбаевой) [2].

In his younger days he behaves as if youth were eternal, never doubting that even more captivating delights are in store for him. Yet all too soon, losing his former strength and agility, he becomes good for nothing (Translated by R.McKein) [2].

The author talks about a person's youth and the value of time. It is observed that people who, in their youth, follow the end of their interests and always pretend to be full of energy, do not notice the passage of time and fall into a weak state. «Қайрат қылу» renders as «утратив былую силу и гибкость» in Russian, and «losing his former strength and agility» in English.

The study of the semantic field of the lexeme «kairat» (willpower) allows us to conclude that the given concept has two main meanings in the Kazakh linguistic tradition: «kairat» (willpower) as a desire – «internal will» and will as a space – «external will». Thus, the concept of «kairat» (willpower) can be considered in the following order: «Inner will»: desire; opportunity, right to act; strength, strength of spirit, perseverance; mental freedom; «External will»: freedom, independence; freedom added to space. The concept of «kairat» (willpower) is one of the most complex and ambiguous elements of the Kazakh language culture concept sphere; it is based on the concepts of «reason» and «hear».

Results. The concept of courage mentioned by the poet has the following conceptual meanings: 1) inner strength and independence; 2) freedom, choice, freedom and independence; 3) means the desire to have the will and the desire for it or its continuation, a sign of disobedience, the spirit of disobedience. The concept is a general concept, which is revealed by the designations «freedom», «faith», «disobedience», «decision», «independence», etc.

Conclusion. A comprehensive analysis shows that the concept of «kairat» (willpower) is the main concept for the Kazakh mentality with a deep semantic structure formulated at different levels of the language. The translator, in this case, is an intermediary who can interpret the text of the source culture and present the literature, the text, accessible to the reader of the target language.

Being one of the main concepts of Kazakh culture, «kairat» (willpower) is a complex idea with many cultural and semantic characteristics that must be taken into account in the translation process. One of its main features is that the Kazakh culture depicts «kairat» (willpower) and gives it human characteristics, and we cannot find such a concept in the English language and culture, which leads to the loss of semantics during translation.

The concept of «kairat» (willpower) in the writer's texts of various genres provides an associative connection with the multifunctional, ancient, mythological, religious, philosophical and literary contexts and opens opportunities for comprehensive analysis of his works. The popularization of Abai's works by Russian and English translators fully reveals the conceptual view of the author's works and expands the opportunities for English-speaking readers to perceive Kazakh linguistic culture.

References:

- 1 Абай. (Ибраһим Құнанбаев). Слова назидания. Пер. с каз. С. Санбаева. – Алма-Ата: Жалын, 1982 – 160 с.
- 2 Құнанбаев А. Хикмет кітабы. Книга мудрости. Book of wisdom – Алматы, 2011. – 568 б.


- 3 Whorf, Benjamin. L. Language, thought and reality: Selected writings. J. B. Carroll (Ed.). The MIT Press, 1957.
- 4 Вежбицкая А. Язык, Культура, Познание / А. Вежбицкая. – Москва, Русские словари, 1997. – 411 с.
- 5 Baker, Mona. In other words: A coursebook in translation. Routledge, 1992.
- 6 Nida, Eugene. A. Towards a science of translating. E. J. Brill, 1964.
- 7 Гегель Г. Наука логики. Энциклопедия философских наук. Т. 1. – М.: Мысль, 1974.
- 8 Булыгина Т.В., Шмелев А.Д. Ментальные предикаты в аспекте аспектологии // Логический анализ языка: проблемы интенциональных и прагматических контекстов. М., 1989.

Ж. ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

ҰЛЫ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНА ҚҰРМЕТ

Құрметті зиялы қауым! Абай күніне орай эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абай ғылыми-зерттеу институтының бастамасымен «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты бесінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Сіздердің белсенді қатысуларыңызбен жоғары деңгейде өтті.



Кітап көрмесі



Конференция жұмысынан жалпы көрініс

Конференцияға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан және АҚШ жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының оқытушы-профессорлары, ғалымдары, докторанттары мен магистранттары қатысты.



Жұмыс барысының бір сәті



**Конференцияға қатысушы қонақтарға құрмет көрсетілді.
Суретте солдан оңға қарай проф. Б.Р. Каримов, И. Нишонов (Өзбекстан).**

Конференцияның әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты іс-шаралар жоспары аясында аса маңызды мәнімен ерекшеленетініне арнайы назар аударылды.

Конференцияда Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімінің жалпыадамзаттық маңызына жоғары баға берілді. «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, Абайдың «Кісілік кодексі» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпыадамзаттық мәні зор интеллектуалдық құндылықтары екені туралы ойлар негізделді. «Абай ілімі» оқу пәнін Қазақстан жоғары оқу орындарында жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндері қатарында міндетті оқу пәні ретінде оқытудың әлеуметтік маңызы өте жоғары екеніне ерекше назар аударылды.



Экранда онлайн форматта баяндама жасаушы профессор Низами Мамедов (Әзірбайжан)

«Абай институтының еңбектері» атты көп томдық сериялық басылымның «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген 23 кітабының ғылыми және өмірлік мәні лайықты бағаланды. Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеудің, насихаттаудың жолдары жайында келелі кеңестер, ұсыныстар айтылды.



Конференцияның соңында

Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы қуатты, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары қалыптасқан,

ғылыми-интеллектуалдық әлеуеті зор, ұлттық зерттеу университеті құрамындағы білім мен ғылым интеграциясы саласында үлкен жетістіктерге жеткен бірден-бір заманауи ғылыми-зерттеу орталығы болып қалыптасқаны аталып өтті. Конференция өз мақсатына жетті.

Конференцияға қатысушы құрметті ғалымдар мен ұстаздар, шетелден арнайы келіп және қашықтан қатысып баяндама жасаған, сындарлы сөз сөйлеген зиялы қауым өкілдері, Сіздерге Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі туралы бесінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға белсенді қатысып, Абайдың шығармашылық мұрасы мен іліміне деген құрметтеріңіз үшін, маңызды ойларыңыз бен пікірлеріңіз үшін зор ризалығымызды білдіреміз. Ғылыми-зерттеу, ұстаздық қызмет саласындағы ерен еңбектеріңіздің игілігін көріңіздер!

9.08.2024

МАЗМҰНЫ

Суатай С. Кіріспе сөз.....	3
Дәдебаев Ж. Абай ғылыми-зерттеу институты.....	5
Ысқақұлы Д. Мақтымқұлы мен Абай: түркілік дүниетаным сабақтастығы.....	17
Әбдезұлы Қ. Тәкен Әлімқұловтың зерттеу еңбектеріндегі Абай поэзиясына қатысты ой-толғамдар.....	25
Мәдібаева Қ. Абай өлеңдерінің көшірме қолжазбалары: В.А. Кудашев нұсқасы.....	30
Тұрысбек Р. Адамгершілік мұраттар мен құндылықтар қайнары.....	38
Мамедов Н. Вечно живой феномен истории казахской культуры – Абай Кунанбаев.....	45
Каримов Б. Путь развития национальной и языковой идентичности казахской нации посредством превращения языка Абая в мировой язык.....	50
Жеменей И. Абай мектебі және шығыс тарихы мен әдебиетіндегі сана-сезім жетекшілері.....	54
Сүтжанов С.Н, Сағидолла А.А. Абай әлемінің өркениет өресіндегі рөлі....	67
Сыргакбаева А., Джаамбаева Б. Этическая философия Абая и современность.....	73
Омаров А. Абай және оның заманының заңы.....	77
Тұяқбай Т. Абай шығармаларындағы батыс-шығыс синтезі.....	82
Мауленов А. Абай дүниетаным мәселесіндегі түркілік, шығыстық жалғастық	88
Мұсалы Л. Абайдың «кісілік кодексі»: мазмұны мен заманауи маңызы.....	97
Алдабек Н., Ыбырайқызы Г. «Абай ілімі» пәніндегі этикалық дискурс қалыптастырудың әдістемелік бағдары.....	102
Асқарова А. Абайдың ағартушылық көзқарасының бастаулары мен негізгі құндылықтары.....	107
Кенжеқожаева А., Даутова Б. Абай Құнанбайұлы лирикасындағы көркемдік ұстанымдар.....	115
Абдулрахманұлы А., Тоқшылықова Г.Б. Абай және алаш әдебиетіндегі жылқы образының трансформациясы.....	121
Сарбасов Б.С., Асылзат Е. Абай мен Науаи шығармаларындағы рухани сабақтастық.....	127
Құрманғалиев І.Р. М. Оразбек зерттеуіндегі Абай архетиптері.....	134
Ананьева С.В. Взаимодействие культур в художественном переводе.....	140
Ражабов Ш. Абай асарларидаги маънавий-ахлоқий қарашлар талқини.....	146
Калиев А.С., Абдрасулова А.И. Абай Кунанбаевдин чыгармаларынын казак жарандык иденттүүлүккө тийгизген таасири.....	150

Rəhimova S.R. Məktəbəqədər təhsildə öyrənmə prosesinin təşkilinə Abay taksonomiyasına görə baxış.....	156
Мырзабаева Н.С. Гуманистические идеи Абая: основные концепты.....	159
Нажмидинова Г.А. Суфизм в творчестве Абая.....	164
Tunggysh B. Reception of Abai Kunanbaev's creativity in english-language literature.....	170
Габдкаримова Г. Поэзия аудармасының өзіндік ерекшелігі (Абай Құнанбаев шығармасы мысалдарында).....	176
Елубай А.М. Абайдың қарасөздерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	185
Райымбекова З.К. Абай поэзиясындағы «толық адам» ілімі.....	195
Нұрболат Ә. Абай шығармаларындағы рухани құндылықтар.....	200
Bailiyeva U.B. The concept of «kairat» (willpower) in the works of A. Kunanbayev and the features of its translation into russian and english.....	205
Қорытынды сөз	
Дәдебаев Ж. Ұлы ақынның шығармашылық мұрасына құрмет.....	210

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»

атты бесінші халықаралық конференция


МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл

Абай институтының электронды басылымдары

АБ 6

ISBN 978-601-08-4569-5



Басуға 27.11.2024 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/8.

Көлемі 13,5 б.т. Электрондық басылым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Абай ғылыми-зерттеу институты.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

